

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясы

ӘОЖ 327

Қолжазба құқығында

АРЫСТАНКУЛОВА ГУЛЬСАРА МЕРЕЕВНА

**Француз Республикасының сыртқы саясатындағы
экономикалық дипломатия: Қазақстан Республикасы
үшін тәжірибе**

6D020200 – Халықаралық қатынастар

Бейіні бойынша доктор
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілер
саяси ғылымдары докторы,
профессор
Т.С. Сулейменов

PhD докторы
Д.А. Ақбердиев

Қазақстан Республикасы
Нұр-Сұлтан, 2020

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	5
КІРІСПЕ	7
1 ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДИПЛОМАТИЯНЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	19
1.1 Экономикалық дипломатия ұғымы және ерекшеліктері.....	19
1.2 Экономикалық дипломатияның теориялық парадигмасы.....	31
1.3 Экономикалық дипломатияның методологиялық тұғыры.....	38
2 ФРАНЦУЗ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСИ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ БІРІ РЕТІНДЕГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДИПЛОМАТИЯНЫҢ ТАЛДАУЫ	49
2.1 Француз Республикасы экономикалық дипломатиясының қалыптасуының негізгі кезеңдері.....	49
2.2 Француз Республикасының экономикалық дипломатиясын реформалаудың басты себептері	57
2.3 Француз Республикасы экономикалық дипломатиясының қазіргі таңдағы басымдықтары	73
3 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДИПЛОМАТИЯСЫНЫҢ КОНЦЕПТУАЛДЫ АСПЕКТІЛЕРІ	87
3.1 Қазақстан Республикасының экономикалық дипломатиясының қалыптасуы	87
3.2 Қазақстан-француз қарым-қатынасындағы экономикалық дипломатияның рөлі.....	99
3.3 Француз Республикасының экономикалық дипломатия тәжірибесін Қазақстан Республикасында қолдану нысаналығы.....	112
ҚОРЫТЫНДЫ	122
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	128

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Диссертацияда төмендегі нормативтік стандарттардан сілтемелер беріледі:

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясы.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015-2019 жылдарға арналған «Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамыту мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» және «Мемлекеттік бағдарламалар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы №957 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы 2015 жылғы 6 сәуірдегі №1030 Жарлығы.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» 2018 жылғы 26 желтоқсандағы №806 Жарлығы.

«Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы» 2002 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 21 қаңтардағы №741 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2014-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы.

«Қазақстан-2050» Стратегиясы. Қалыптасқан мемлекеттің жаңа экономикалық бағыты». Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Қазақстан халқына Жолдауы.

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдаулары.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы «Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам» бағдарламасы.

Инвесторлар үшін «бір терезе» қызметін ұйымдастыру туралы қағидаларын, сондай-ақ инвестициялар тарту кезінде өзара іс-қимыл жасау тәртібін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 13 тамыздағы № 585 Қаулысы.

1992 жылғы 23 қыркүйекте Парижде қол қойылған Қазақстан Республикасы мен Француз Республикасы арасындағы Достық, өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы шарт.

2008 жылғы 11 маусымда Парижде қол қойылған Қазақстан Республикасы мен Француз Республикасы арасындағы Стратегиялық әріптестік туралы шарт.

1998 жылғы 3 ақпанда Парижде қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Француз Республикасының Үкіметі арасындағы инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісім.

2015 жылғы 21 желтоқсанда Астанада жасалған бір жағынан, Қазақстан Республикасы мен екінші жағынан, Еуропалық одақтың және оған мүше мемлекеттердің арасындағы Кеңейтілген әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісім.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы №1118 Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі туралы ереже.

Француз Республикасының Сыртқы істер министрлігінің орталық аппаратын ұйымдастыру жөніндегі 2012 жылғы 28 желтоқсандағы №2012-1511 декретіне өзгерістер енгізу туралы 2018 жылғы 28 желтоқсандағы №2018-1284 декреті.

Француз Республикасының Сыртқы істер және халықаралық даму министрінің құзыреттері жөніндегі 2014 жылғы 16 сәуірдегі №2014-400 декреті.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

AFD	– Даму жөніндегі француз агенттігі
AFII	– Халықаралық инвестициялар жөніндегі француз агенттігі
AECG/CETA	– ЕО пен Канада арасындағы Жаһандық экономикалық және сауда келісім
ATOUT	– Туризмді дамыту бойынша мемлекеттік оператор
FRANCE	
BPIFRANCE	– Мемлекеттік инвестициялау банкі
CCI France	– Франция сауда-өнеркәсіп палатасы
CCI France International	– Франция сауда-өнеркәсіп палатасының шетелдік желісі
CCIFK	– Франция Қазақстан сауда-өнеркәсіп палатасы
CCEF	– Францияның сыртқы сауда жөніндегі кеңесшілері
CPME	– Шағын және орта кәсіпорындар конфедерациясы
COFACE	– Сыртқы сауданы сақтандыру бойынша француз компаниясы
CFCE	– Сыртқы сауда жөніндегі француз орталығы
CAFK	– Қазақстан-Француз Іскер кеңесі
DAEF	– Сыртқы істер министрлігінің экономикалық және қаржылық мәселелер бойынша дирекциясы
DREE	– Экономика және қаржы министрлігінің Сыртқы экономикалық қатынастар жөніндегі дирекциясы
EPA	– ЕО мен Жапония арасындағы Экономикалық серіктестік туралы келісім
Expertise France	– Техникалық сараптама саласындағы халықаралық ынтымақтастық жөніндегі француз агенттігі
INSEE	– Статистика және экономикалық зерттеулер ұлттық институты
IFRI	– Халықаралық қатынастар жөніндегі француз институты
MEAE	– Еуропа және сыртқы істер министрлігі
MEDEF	– Француз кәсіпорындарының қозғалысы
OSCI	– Халықаралық сауда жөніндегі мамандандырылған операторлар ұйымы
PACTE	– Қәсіпорындардың трансформациялауі мен өсуі бойынша Іс әрекеттер жоспары
PEE	– Шетелде экономикалық экспансия бекеттері
TTIP	– ЕО мен АҚШ арасындағы Сауда және инвестициялар саласындағы трансатлантикалық шарт
UBIFRANCE	– Шетелдегі кәсіпорындарды қолдау жөніндегі агенттік
АХОҚ	– Астана халықаралық қаржы орталығы
Бесінші Республика	– 1958 жылдың 4 қазанынан бастап Францияның саяси құрылымының атауы
БҰҰ СДК	– БҰҰ сауда және даму жөніндегі конференциясы
ЕАЭО	– Еуразиялық экономикалық одақ

ЕҚҰДБ	– Еуропалық қайта құру және даму банкі
ЕО	– Еуропалық одақ
ДСҰ	– Дүниежүзілік сауда ұйымы
МҰ	– Мемлекеттік ұлттық (акторлар)
САКҰ	– Солтүстік атлантикалық келісім ұйымы
СІМ	– Сыртқы істер министрлігі
СӨП	– Сауда-өнеркәсіп палатасы
ТШИ	– Тікелей шетелдік инвестициялар
ҰЖТ	– Ұлттықтан жоғары тұрған (акторлар)
ҰМЕ	– Ұлттық мемлекеттік емес (құрылымдар)
ҮАК	– Үкіметаралық комиссия (екіжақты)
ҮЕХҰ	– Үкіметтік емес халықаралық ұйымдар
ҮЕҰ	– Үкіметтік емес ұйымдар
ТҰК	– Трансұлттық компания (корпорация)
ХҚДБ	– Халықаралық қайта құру және даму банкі
ХВҚ	– Халықаралық валюта қоры
ШОБ	– Шағын және орта бизнес
ЭЫДҰ	– Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі. Жаңа ғаламдық сын-қатерлердің пайда болуымен және түрлі мемлекеттік емес акторлар рөлінің артуымен айқындалатын жаһандану процесіне байланысты халықаралық қатынастардың заманауи даму сатысының ерекшеліктері мемлекеттерге ұтымды сыртқы саяси стратегия қалыптастыру мен оны іске асыруларына қатысты жаңа талаптар қойып отыр [1].

Зерттеудің өзектілігі халықаралық қатынастардың бүгінгі ортасының аса маңызды өлшемдері ретінде қатарлас жүріп жатқан екі процеске – саясаттың экономикалануы мен экономиканың саясаттандырылуына тікелей байланысты. Нақтылап айтқанда, қазіргі таңда саясат пен экономиканың өзара қатынасы күшейіп, олар тіпті бір-біріне тәуелді болып келеді. Бұл контексте дәстүрлі геосаяси ерекшеліктерді де, геэкономикалық сипаттамаларды да қамтитын жаңа әлемдік тәртіпті құруда серпіліс бар.

Жалпы алғанда, «экономика саясатқа қызмет ете ме, әлде саясат экономика үшін қызмет жасай ма» деген пайым мемлекеттің екі маңызды бөлігі - саясат пен экономика арасындағы әрекеттесу мен өзара байланыс мәселесін өзектендіреді және адамзат дамуының әр сатысында оның өзіндік сипатын ескере отырып, саяси және ғылыми тұрғыда ұғынуды талап етеді.

Қазіргі жаһандану жағдайында мемлекеттер қолжетімді құралдарды оңтайлы және жан-жақты қолдану арқылы өздерінің қарқынды, барынша тиімді дамуын қамтамасыз етуге, сонымен қатар әлемдік саясатта ықпалын тарату үшін мейлінше жағдай жасауға мәжбүр. Бұл ретте заман талабына сай жауап беруге қабілетті сыртқы саяси құрал ретінде саясат пен экономиканың біте қайнасқанын білдіретін экономикалық дипломатияның маңызы артып отыр.

Дипломатияның бұл түрі қысым жасауға қауқарлы әлемнің алдыңғы қатарлы мемлекеттері үшін де әрі өзінің сыртқы саясатында «жұмсақ» құрамбөліктерді пайдалануға бейім орташа және шағын мемлекеттер үшін де әртүрлі жағдайларда тиімді стратегия ретінде бірдей қолданылады. Осыған орай, экономикалық дипломатия сыртқы саясатты жүргізудің тиімділігін қамтамасыз ететін «Ақылды» күш тұжырымының, нақтылап айтқанда, ықпал етудің «қатаң» элементтерін (негізінен экономикалық мәжбүрлеуші құралдар) әрі «жұмсақ» тәсілдерін (дипломатиялық, экономикалық, мәдени және басқа ынталандырушы иінтіректер) құрамдастыратын «комбинаторлық» қағиданың шоғырландырылған мәні ретінде қарастырылады.

Дипломатияның экономикалық бағытын күшейту Қазақстан Республикасы үшін де маңызды әрі өзекті мәселе. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап сыртқы саясат пен оның құрамдас бөлігі ретінде дипломатияның рөлі ерекше маңызға ие болды. Сыртқы саясат пен ішкі саясат ортақ бір міндетті атқара отырып, мемлекеттегі қоғамдық қатынастар жүйесін сақтайды, сонымен қатар нығайтуды қамтамасыз етеді. Бұл ел басшылығының нық ұстанған «бірінші экономика, одан кейін саясат» қағидасын негізге алады.

Қазақстанның қазіргі жағдайында және болашақ дамуында экономикалық дипломатияның өзінің «ақылды» сипатымен және кең ауқымды мүмкіндіктерімен ішкі экономикалық мәселелерді шешу, атап айтқанда, шетелдік инвестициялар мен технологияларды тарту және отандық өнімді сыртқы нарықтарға шығару, сондай-ақ ұлттық мүдделерді қорғау мен ілгерілету барысында, жалпы алғанда, мемлекеттің әлемде бәсекеге қабілеттілігін арттыру жұмыстарында атқаратын рөлі зор.

Әлемде күшейіп келе жатқан бәсекелестік парадигмасы аясында өзге мемлекеттердің озық тәжірибесімен танысып, салыстырып, оны саралап, ескеру маңызды. Осы контексте экономикалық дипломатия тетігін ұтымды қолданатын әлемдегі жетекші мемлекет, Қазақстанның стратегиялық әріптесі және басты сауда серіктестері мен инвесторларының бірі – Француз Республикасы тәжірибесінің теориялық және практикалық тұрғыдан негізін зерттеудің пайдасы зор.

Ғасырлар тоғысында Еуропа мен әлемдегі экономикалық дағдарыс пен тұрақсыз саяси жағдайда Бесінші Республика әлеуметтік-экономикалық дамудың айтарлықтай қиыншылықтарына тап болды. Олардың қатарында елдің халықаралық бәсекеге қабілеттілігіне теріс әсерін тигізіп отырған бұрын-соңды болмаған сауда тапшылығы; әлемдік саудадағы үлестің қысқаруы; шетелдік инвестициялар легінің біршама тоқырауы; шағын және орта бизнестің экспорттық қызметке төмен деңгейде қатысуы сияқты ішкі мәселелер бар.

Сонымен қатар, Францияның экономикалық жағдайына Еуропадағы және әлемдегі жалпы саяси тұрақсыздық та (көші-қон дағдарысы, Батыс пен Ресей арасындағы санкциялық текетірес, «Брекзит», АҚШ жаңа әкімшілігінің саясаты, Украина мен Сириядағы жағдайлар, терроризм және т.б.) әсер етті.

Француз экономикасында шешімін таппаған мәселелер және саяси басқарудағы қордаланған әлеуметтік проблемалар 2018 жылдың соңында «сары жейде» қоғамдық наразылық қозғалысының пайда болуына әкеліп соқты.

Француз елінің экономикасында халықаралық бәсекелестіктің күшеюі барысында туындаған проблемалары ел басшылығының алдына экономикалық дипломатия бағдарын іске асырудың жаңа инновациялық тәсілдерін қолдану, оларды шешу жолдарын қарастыру қажеттілігін міндет етіп қойды. Оның нәтижесінде әлем нарығына отандық өнімдерді шығару жүйесін реформалау, шетел капиталын тарту, өңірлік және ғаламдық деңгейлерде ұлттық экономикалық мүдделерді қорғау бойынша теңдессіз шаралар жүзеге асырылып, экономикалық дипломатия осы процестердің алдыңғы қатарына шығарылды.

Мемлекеттің бірыңғай сыртқы экономикалық әрекетін қамтамасыз ету мақсатында экономикалық дипломатия саласындағы үйлестіру қызметі мен жетекші рөлі экономика және қаржы министрлігінен сыртқы істер министрлігінің еншісіне (1919 жылдан кейін) қайтадан өтті. Бұл Францияға қордаланған мәселелерді дипломатияның мүмкіндіктерін кеңінен қолдана отырып, жаңашыл әдіс-тәсілдер мен тетіктер арқылы шешуге мүмкіндік берді.

Дипломатияның экономикалық векторын күшейту шаралары ұлттық экономиканың ахуалын жақсарту мен елдің экономикалық мүдделерін дамытумен бірге өзінің «ұлылыққа» талпынысымен әйгілі болған Францияның халықаралық аренадағы ықпалын қалпына келтіруге бағытталды.

Экономикалық дипломатия саласындағы өзгерістерді зерттеудің өзектілігі Қазақстан Республикасы экономикасының объективті қажеттіліктерімен және мемлекеттің алдына қойылған стратегиялық мақсат-міндеттерімен айқындалады. Бұл ретте Франция елінің экономикалық дипломатиясының тәжірибесін зерттеу және оны Қазақстан практикасына бейімдеу бойынша ұсыныстар әзірлеу диссертациялық жұмыстың ғылыми-теориялық және практикалық негізі болып табылады.

Диссертациялық жұмыста Францияның экономикалық дипломатиясы Еуропалық Одаққа мүшелілігі шеңберінде арнайы қарастырылмайды. Зерттеуде негізінен екіжақты ынтымақтасу («неоекіжақты» тәсілдеме) призмасы арқылы экономикалық дипломатияның тарихи тәжірибесі, қазіргі ахуалы, басымдықтары мен мүмкіншіліктері зерделенеді.

Жұмыстың ғылыми зерттелу дәрежесі. Диссертацияның мақсатына сай экономикалық дипломатия тақырыбына жарық көрген теориялық материалдар мен еңбектер жинақталып, жан-жақты талдау мен зерделеуден өткізілді.

Зерттеу жүргізу барысында, ең алдымен, *қазақстандық* авторлардың еңбектері қарастырылды. Зерделеніп отырған тақырыптың маңыздылығын жіті түсіну үшін халықаралық қатынастардың өзгеріп жатқан жүйесіндегі Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет ретінде орнын айқындайтын және оның даму векторлары мен сыртқы саясатын теориялық тұрғыда тұжырымдайтын Тұңғыш Президент - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың концептуалдық еңбектері («Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы», «Тәуелсіздік дәуірі», «Қазақстан жолы» және т.б.) мен Қазақстан халқына жылсайынғы Жолдаулары («Қазақстанның 2030 жылға дейінгі стратегиялық даму бағдарламасы», «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» және т.б.) стратегиялық бағдар ретінде басшылыққа алынды.

Қазақстан дипломатиясының даму тарихы мен елдің жаңа әлемдік саяси ахуалына бейімделу мәселелерін толыққанды ұғыну мақсатында Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың «Дипломатия Республики Казахстан», «Внешняя политика Республики Казахстан в условиях глобализации», «Свет и тень. Очерки казахстанского политика» сияқты еңбектері және саяси ғылымдарының докторы дәрежесін алуға арналған «Внешняя политика Казахстана в период становления нового мирового порядка» диссертациясы зерттеудің маңызды дереккөзі болып табылады. Бұл ретте Қ.К.Тоқаев отандық саясаттануда жаһандану жағдайындағы саясат пен экономиканың өзара байланысына, сондай-ақ экономикалық факторлардың сыртқы саясатта күшеюін зерттеуге ерекше мән берген алғашқы авторлардың бірі екендігін атап өткен жөн.

Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты мен дипломатиялық қызметінің даму ерекшеліктерінің тарихи және заманауи кырларын зерделеуге Т.С.Сулейменов, Д.М.Мажиденова, А.Х.Арыстанбекова, Б.Қ.Сұлтанов, С.К.Көшкімбаев, М.Е.Шайхутдинов, М.Т.Лаумулин сияқты таңдаулы ғалымдардың монографиялары мен ғылыми жұмыстары айтарлықтай септігін тигізді.

Зерттеудің тақырыбын неғұрлым толық ашу мақсатында Қазақстан Республикасының экономикалық дипломатиясына қатысты сыртқы істер министрі қызметін әртүрлі кезеңдерде атқарған профессор Т.С.Сулейменов, Е.А.Идрисов, Е.Х.Қазыханов, Қ.Қ. Әбдірахманов, Б.Б. Атамқұловтың еңбектері кеңінен пайдаланылды.

Жалпы Француз Республикасы мен қазақстан-француз ынтымақтастығына қатысты отандық ғылыми әдебиет көбінесе тарихи және саяси аспектілері жағынан қарастырылған. Олардың арасынан Ж.У.Ибрашевтың (*«Политическая концепция Шарля де Голля»*), А.К. Бурхановтың (*«Геополитические интересы Франции в Центральной Азии»*), Д.О. Қуанышевтың (*«Сотрудничество Казахстана и Франции в современных условиях: историко-компаративный аспект (1991-2008)»*), Қ.И. Байзақованың (*«Эволюция конституционной доктрины голлизма: политические и внешнеполитические аспекты»*) ғылыми еңбектері, докторлық және кандидаттық ғылыми дәрежесін алу үшін қорғалған диссертацияларын атап көрсетуге болады.

Сондай-ақ, қазақстан-француз қатынасының маңызы мен стратегиялық сипатын айқындауға А.Х.Арыстанбекова, Т.С.Қабдрахманов, Н.Ж.Даненов, Д.О.Қуанышев сияқты француз елінде қызмет атқарған Қазақстанның бұрынғы елшілерінің еңбектері құнды дереккөздерді құрады.

Зерттеушілердің *келесі тобы* жалпы шетелдік, оның ішінде француз ғалымдарының еңбектерінен тұрады.

Халықаралық қатынастардың өзгеріп отырған ортасын терең ұғыну үшін әйгілі американдық саясаттанушылар кіші Джозеф Най, Генри Киссинджер, Хелен Милнер мен Эндрю Моравчик, британдық Бертран Рассел, француздық авторлар Бертран Бади, Доминик де Вильпен, Тьерри де Монбриаль және басқа ғалымдардың еңбектері қарастырылды.

Әрекет етудің «жұмсақ» және «қатаң» түрлерінің табиғаты мен ерекшеліктері кіші Джозеф Най, Брук Смит-Виндзор, Эрнэст Уилсон және тағы да басқа зерттеушілердің еңбектерінде талданған.

Күштің «жұмсақ» және «қатаң» құрамбөліктерін комбинаторлық тәсіл арқылы «Ақылды» күш ретінде қолдану негізінен Джозеф Най, Сьюзан Носсель, Джулио Галароттидің зерттеулерінде тұжырымдалған.

Әлемдік саясатта экономикалық факторды алға тарту (геоэкономика) Жак Аттали, Эдвард Люттвак, Фернан Бродель, Филипп Моро-Дефарж, Паскаль Лоро, Санджая Бару және басқа зерттеушілердің жарияланымдарында көрініс тапты.

Экономикалық дипломатияның жалпы теориялық мәселелерін зерттеу барысында француз Ги Карон де ла Каррьер, словак Павол Баранай, үндістандық Кишан Рана сияқты дипломаттардың, Лондон экономика мектебінің профессорлары Николас Бейн мен Стефан Вулкоктың, Брайан Хокинг пен Донна Лидың, Дэвид Хадсонның, Нидерландтың «Клингендаль» Халықаралық қатынастар институтының зерттеушілері Майке Окано-Хейманс, Питер Бергейк, Сельвин Мунстың еңбектері құнды дереккөздерді құрады. Бұл авторлардың ғылыми жұмыстарында мемлекеттердің даму деңгейіне тікелей әсер ететін саяси, сауда-экономикалық, дипломатиялық және тағы басқа факторлардың өзара байланысы жүйелі түрде айқындалған.

Сонымен қатар, заманауи экономикалық дипломатия функцияларының кеңеюі Дэвид Кайзер, Жаклин Окот, Ариан де Хаан, Майке Окано-Хейманс, Теодор Скилакакис сияқты авторлардың жарияланымдарында көрініс тапқан.

Экономикалық дипломатия құбылысын зерттеудің әдістемелік негіздері Нидерландтың «Клингендаль» халықаралық қатынастар институтының зерттеушілері Мари-Лиз ван Веенстра мен Мина Якоптың жұмыстарында тұжырымдалған. Бұл ғалымдар дипломатияны «шабуылдық» әрі «қорғаныстық» сипатта қарастырады.

Экономикалық дипломатияны деңгейлік тұрғыда талдауға Донна Ли мен Дэвид Хадсон баса назар аударады, олар экономикалық дипломатияның нұсқалығын микро және макро деңгейлер негізінде қарастырады.

Базель университетінің профессоры Рэймонд Санер мен Лиша Юи өз еңбектерінде экономикалық дипломатия акторларын талдауға көңіл бөледі.

Салалық жіктеу және түрлерге бөлу жағынан экономикалық дипломатияны бельгиялық Рик Кулсат, швейцарлиялықтар Михаэль Костецки мен Оливье Наррай, нидерландтықтар Рюэль Хууб пен Лоудж Поулсен, француздар Клод Ревель, Александр Мерсье және басқа ғалымдар зерттейді.

Диссертацияның тақырыбын мейлінше ашып көрсету мақсатында басты дереккөздер ретінде француз дипломаты Ги Карон де ла Каррьердің «*La diplomatie économique. Le diplomate et le marché*» хрестоматиялық монографиясы, француз экономикалық дипломатиясының тарихын зерттеуші Лоранс Бадельдің («*Pour une histoire de la diplomatie économique de la France*», «*Une histoire globale de la diplomatie*», «*Diplomatie et grands contrats: L'état français et les marchés extérieurs au XXe siècle*» және басқалары), сондай-ақ 2012-2016 жылдары Сыртқы істер министрі қызметін атқарған, Франция экономикалық дипломатиясын қайта құруға мұрындық болған Лоран Фабиустың («*37, quai d'Orsay. Diplomatie française 2012-2016*», «*La France dans la bataille de la diplomatie économique*») іргелі еңбектері мен монографиялары қолданылды.

Франция экономикалық дипломатиясының қалыптасуының негізгі кезеңдерін талдау үшін Этьен Дестез, Робер Желэн, Станислас Жаннесон, Рено де ла Женьер, Мари-Кристин Кесслер, Кристиан Шаванье, Фуад Кемаштың еңбектері зерделенді. Мысалы, Этьен Дестездің 1905 жылы Париждің «Жиль Блас» журналында жарық көрген «Екі мектеп» атты мақаласында

экономикалық дипломатия термині Францияда алғаш рет пайдаланылғаны анықталды

Францияның тарихи ретроспективадағы және заманауи даму ерекшеліктері, оның ішінде сыртқы саясаты мен дипломатиялық қызметінің мақсаттары және басымдықтары Эммануэль Макрон, Юбер Ведрин, Тьерри де Монбриаль, Тома Гомар, Пьер Рэн, Жак Дроз, Карло Ларош, Морис Вайс сияқты француз саясаткерлері мен саясаттанушыларының еңбектерінде терең талданған.

Францияда жарық көрген Қазақстанға қатысты сирек жарияланымдардың арасынан белгілі француз ғалымдары Элен Каррер д'Анкосстың (*La gloire des nations ou la fin de l'Empire soviétique*) және Катрин Пужольдің («*Le Kazakhstan*») еңбектерін атап өткен жөн. Осы қатарға Орталық Азияны зерттеу жөніндегі француз институтының (*Institut français d'études sur l'Asie centrale*) жарияланымдарын қосуға болады. Бұл жұмыстарда Қазақстанның көне заманнан қазірге дейінгі тарихы мен жалпы саяси-әлеуметтік дамуының әртүрлі аспектілері қарастырылған.

Сонымен қатар, француз мемлекеттік органдары мен жеке қоғамдық және бизнес құрылымдардың бұқаралық ақпарат құралдарында жарық көрген мақалалары мен ақпараттық-талдамалық баяндамалары кіреді. Олардың қатарына француз үкімет басышысының тапсырысымен дайындалған сенатор Эмери де Монтеस्कюдің «*Vers un nouveau partenariat entre la France et l'Asie centrale*» атты баяндамасы жатады.

Зерттеудің үшінші тобына Ресей және ТМД елдері ғалымдарының еңбектері кіреді.

И.А. Орнатский мен Л.Д. Градобитова сияқты ғалымдар кеңес дәуірінде экономикалық дипломатия мәселелерін зерттеудің негізін салған. Посткеңестік кезеңде Ресей Федерациясы Сыртқы істер министрлігі жанындағы Дипломатиялық академияның профессоры В.Д. Щетинин экономикалық дипломатия құбылысын түбегейлі зерттеудің тұғырын қалаушы болып саналады.

Кейіннен Т.В. Зонова, А.Е. Лихачёв, Л.М. Капица, Р.И. Хасбулатов және басқа ғалымдар экономикалық дипломатия тұжырымын кеңінен таратуға үлес қосты. Олардың еңбектерінің көпшілігі Ресей дипломатиясының экономикалық векторын жаһандану жағдайында зерттеуге арналады.

Қазіргі таңда Ресейдің Д.А. Дегтерев, Р.О. Райнхардт, А.Г. Савойский сияқты жас буын мамандарының диссертациялық жұмыстары өздерінің жаңашылдығымен ерекшеленеді.

Мысалы, Д.А. Дегтерев экономикалық дипломатияны ұғымын макро және микро деңгейлерге бөлумен шектелмей, жетекші теоретиктердің көзқарастарын компаративтік талдау негізінде оның заманауи жіктелімін жасады. Р.О. Райнхардт Еуропалық одақтың жетекші мемлекеттерінің (Германия, Франция, Ұлыбритания және Италия) экономикалық дипломатиясының ұлттық жүйелерінің айрықша белгілерін анықтады.

А.Г.Савойский болса Ресей мен АҚШ арасындағы экономикалық дипломатияны талдауға шоғырланды.

Экономикалық дипломатияның жалпы тұжырымдамалық және практикалық аспектілерін зерттеумен айналысатын орыс тілді ғалымдар қатарына И.Р. Мавланов, А.М. Магеррамов, И.А. Троян, А.В. Цвык сияқты авторларды қосуға болады.

Геоэкономика мен экономикалық факторлардың маңыздылығы ресейлік мектептің өкілдері Э.Г.Кочетов, И.А.Неклесса, В.А.Дергачев, М.В. Братерский, Г.А. Федосееваның еңбектерінде тұжырымдалған.

Зерттеу объектісі (нысаны) – Француз Республикасы экономикалық дипломатиясының жүйесі.

Зерттеу пәні – Француз Республикасының экономикалық дипломатиясына қатысты теориялық және практикалық тәжірибесі.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты - Француз Республикасының экономикалық дипломатия саласындағы тәжірибесін жан-жақты талдау арқылы оны Қазақстан Республикасында қолдану мүмкіндігі бойынша практикалық сипаттағы ұсыныстар әзірлеу.

Алға қойылған зерттеу мақсатына қол жеткізу үшін төмендегідей **міндеттер** қойылды:

– «экономикалық дипломатия» туралы түсінік пен оның ерекшеліктерін айқындау;

– экономикалық дипломатияның теориялық-методологиялық негіздерін талдау;

– Француз Республикасы экономикалық дипломатиясының даму кезеңдерін зерттеу;

– Француз Республикасы экономикалық дипломатиясының қазіргі таңдағы басымдықтарын және ерекшеліктерін анықтау;

– Қазақстан Республикасы экономикалық дипломатиясының қалыптасуын зерделеу;

– Қазақстан-Франция қарым-қатынасындағы экономикалық дипломатияның рөлін анықтау.

Зерттеудің хронологиялық кезеңі. Диссертациялық жұмыс 2012 жыл мен 2019 жылдың бірінші жартысы аралығындағы мерзімді қамтиды.

Бұл кезеңде Франция президенті социалист Франсуа Олландтың қолдауымен экономикалық дипломатия жүйесінің қайта құруы басталды. Бұл кезеңге 2017 жылы билікке келген орташыл президент Эммануэль Макрон үкіметінің 2019 жылдың бірінші жартысын қоса алғандағы сабақтастықты, яғни социалистер бастамасының өміршеңдігін қуаттаған қызметі де жатады.

Дегенмен, екінші тараудың бірінші параграфында зерттеліп отырған құбылыстың қалыптасуы мен даму кезеңдеріне ретроспективті шолу жоғарыда берілген хронологиялық шектен тыс жасалды.

Зерттеудің теориялық-методологиялық негізін дәстүрлі және заманауи әдістемелердің қағидалары құрайды.

Экономикалық дипломатияның сипаты мен пәнаралық ерекшеліктерін ескере отырып, оны методологиялық тұрғыда жан-жақты зерттеу үшін кешенді тәсілдерді пайдалану қажет болды. Осы ретте үздік теоретиктердің еңбектеріне сараптама жүргізілді, олардың ұтымды әдіс-тәсілдерінің негізінде авторлық методологиялық карта әзірленді. Ол зерттеу нысанының қолдану ортасы мен негіздері тұрғысынан жалпы ғылыми (жүйелік, функционалды, институционалды) және арнайы (акторлық; деңгейлік; құралдық; түрлілік, салалық) тәсілдерден тұрады.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы мен Франция арасындағы саяси-экономикалық қарым-қатынастарды зерттеуде тарихи ретроспективалық және сараптамалық әдістер пайдаланылды. Бұл әдістер көпсалалы ынтымақтастықтың даму эволюциясын терең түсінуге және екіжақты перспективаларды анықтауға мүмкіндік берді.

Сондай-ақ, жұмыс барысында компаративті, факторлы, индуктивті-дедуктивті әдістер кеңінен қолданылды. Қазақстан-француз сауда-экономикалық және инвестициялық байланыстарының жағдайын зерделеу үшін статистикалық әдіснама пайдаланды. Ол елдер арасындағы экономикалық мүмкіндіктерді саралай отырып, болашақ даму жолында әріптестік әлеуетін айқындауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, екі ел басшыларының, ведомство жетекшілерінің ресми баяндамаларына, БАҚ-қа берген сұхбаттарына, сарапшыларының талдау материалдары мен екіжақты келісім-шарттар жиынтығына контент-талдау жүргізілді.

Зерттеудің ақпараттық-эмпирикалық негізі. Зерттеудің сипаты мен мақсаты дереккөздердің ауқымды және әртүрлі жиынтықтарын зерделеуді талап етті.

Дереккөздердің *бірінші* тобына Қазақстан мен Францияның мемлекеттік органдарының нормативтік-құқықтық актілері жатады. Атап айтқанда, олар - Қазақстан Республикасының Конституциясы, дипломатиялық қызмет, инвестицияларды тарту, экспортты дамыту салаларындағы заңнама, сыртқы саясат тұжырымдамалары, «Қазақстан-2050» даму стратегиясы, Президенттің Қазақстан халқына Жолдауы мен Жарлықтары және т.б.

Францияға қатысты Бесінші Республика Конституциясы, 2008-2020 жылдарға арналған Сыртқы және еуропалық саясат жөніндегі, Дипломатия мен аймақтар жөніндегі Ақ кітаптар, Экономикалық дипломатия бойынша іс-қимылдар жоспары, Үкіметтің сыртқы сауда саласындағы стратегиясы, сондай-ақ ел басшылығының бірқатар жарлықтары мен құқықтық актілері қолданылды.

Сонымен бірге, осы топқа Қазақстан мен Франция парламенттері палаталарының сыртқы саясат пен экономикалық дипломатия тақырыбына жарық көрген есептері, баяндамалары мен талдамалық ақпараттары кіреді.

Деректемелердің *екінші тобына* Қазақстан, Франция, Еуропалық Одақ, АҚШ, үкіметтік және үкіметтік емес, сондай-ақ халықаралық мамандырылған ұйымдардың (UNCTAD, World Bank Data, OECD, Ernst&Young, Business

France, ATOUT France, BpiFrance, INSEE, IISS, Eurostat, KOF Index of Globalization, Soft Power 30, Kantar public, KazakhInvest, Kazakh Export, НПП «Атамекен» және т.б.) материалдары жатады.

Бұл қатарға Францияның талдау-сараптама ұйымдары мен зерттеу орталықтарының (Institut francais des relations internationales, Institut des relations internationales et stratégiques, Think tank progressiste indépendant «Terra Nova», «Point d'Aencrage» және т.б.) концептуалды құжаттары мен баяндамалары кірді.

Үшінші топты Франция мен Қазақстанның үкіметтері, министрліктері мен ведомстволарының ресми статистикалық мәліметтері, есептері мен баяндамалары құрайды.

Бұл топтың ішінде француз елшілеріне арналған жыл сайынғы конференция материалдары мен француз елшіліктеріндегі экономика бөлімдерінің ақпараттары ерекше орын алады.

Төртінші топқа қазақстандық және француз бұқаралық ақпарат құралдарының (Le Figaro, Le Monde, Liberation, Les Echos, Ouest-France, Егемен Қазақстан, Казахстанская правда, Литер, Номад, Экспресс К, Тенгриный, Деловой журнал Казахстан және т.б.б.) мақалалары кірді.

Деректемелердің *бесінші* тобына диссертанттың Францияға тағылымдамаға бару кезінде Ұлттық кітапхана мен Ұлттық әкімшілік мектебінің (Ecole nationale d'administration) мұрағаттарынан алынған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Париждегі елшілігінде дипломатиялық қызмет атқару кезінде жинаған жеке мұрағатының материалдары жатады.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы. Отандық ғылымда алғаш рет француз экономикалық дипломатиясының озық тәжірибесі жүйелі зерттеу арқылы төмендегідей теориялық, методологиялық және практикалық жаңалықтарға қол жеткізілді:

– геосаясат пен геэкономика сипаттарын бірдей қамтитын заманауи әлемқалып жағдайында экономикалық дипломатия сыртқы саясатты ұтымды жүргізуді қамтамасыз ететін «Ақылды» күш тұжырымының жинақталған көрінісі ретінде қарастырылды. Экономикалық дипломатияның сипаты мен ерекшеліктері ескерілген авторлық дефиниция ұсынылды;

– жаңашыл тәсілдердің негізінде экономикалық дипломатияны зерттеудің көпқұрамдас методологиялық картасы әзірленді. Ол зерттеліп отырған жұмыстың басты аспектілерін, яғни жалпы (жүйелік, функционалды, институционалды әдістер) және арнайы (акторлық, салалық деңгейлік, инструменталдық, түрлілік әдістер) әдістерді қамтыды;

– француз дереккөздерін кеңінен талдау арқылы Француз Республикасының экономикалық дипломатия көмегімен ұлттық экономикадағы жинақталған түйткілдерді жеңу арқылы әлемдегі жетекші державалардың бірі мәртебесін сақтап қалуға бағытталған стратегиясына және оның қазіргі таңдағы басымдықтарына баға берілді;

– Экономикалық дипломатияның Қазақстан Республикасының пәрменді сыртқы саясат жүргізуіне, сондай-ақ жоғары деңгейде дамуына ықпал ететін

сыртқы саяси құралдар жиынтығындағы тиімді тетік ретіндегі қабілеттілігі айқындалды;

– Қазақстан-француз стратегиялық қарым-қатынасындағы экономикалық дипломатияның маңызы анықталып, Қазақстан Республикасы үшін француз дипломатиясының тәжірибесін ішінара қолдану мүмкіндігі жөнінде практикалық ұсыныстар әзірленді.

Қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдар:

1 Халықаралық қатынастардың заманауи жүйесінде бір жағынан экономикалық фактордың маңыздылығының артуына байланысты, ал екінші жағынан экономика мен саясаттың өзара тәуелділігінің күшеюі жағдайында мемлекеттер өздерінің сыртқы саяси стратегияларын қолжетімді құралдар мен тетіктерді пайдалана отырып қайта қарастыруға мәжбүр.

Жаһандану жағдайында экономикалық дипломатия мемлекеттердің экономикалық қауіпсіздікті дипломатиялық құралдар мен тетіктер арқылы қамтамасыз ету, әлемдік нарықта тең құқылы дәрежеге және мейлінше бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізу, ұлттық сауда-экономикалық мүдделерді жаһандық және аймақтық деңгейде қорғау және дамыту, ұлттық экономикаға инвестицияларды тиімді жолмен тарту, адами әлеуетті дамыту үшін ең қолайлы жағдай жасау сияқты маңызды мақсат-міндеттерді шешуге бағытталады.

2 Сыртқы саясатты тиімді жүзеге асыру ісінде «комбинаторлық» тәсіл негізінде ықпалдың бірін-бірі күшейтетін «қатаң» және «жұмсақ» элементтерін икемді біріктіретін «Ақылды» күштің мүмкіндіктері зор. Экономикалық дипломатия «Ақылды» күш тұжырымының шоғырланған көрінісі бола отырып, өзінің бейбіт және прагматикалық сипатымен сыртқы саясаттың тиімділігін арттыра түседі.

Қазақстан Республикасының халықаралық аренадағы геосаяси және геоэкономикалық мүдделері мен ұстанымдары сыртқы саясатта комбинаторлық тәсілді («Ақылды» күш) қолдануға мүмкіндік береді. Экономикалық дипломатия өзінің әмбебаптылығы мен жоғары бейімделу қабілетімен Қазақстан Республикасы үшін даму қарқынын сақтауға, көрші елдермен өзара тиімді және қауіпсіз қарым-қатынастарды, сондай-ақ өзге де халықаралық акторлармен ынтымақтастықты дамытуға арналған пәрменді сыртқы саяси құрал болып табылады.

3 Экономикалық дипломатия ұлттық экономикадағы түйткілдерді жеңу арқылы халықаралық аренда мемлекеттің рөлін арттыруды көздейтін стратегияда маңызды рөл атқарады.

Француз экономикасында орын алған жағымсыз тенденциялар 2012 жылдан бастап экономикалық дипломатия жүйесін қайта құруға түрткі болды. Реформа үш негізгі бағытта жүргізілді. *Біріншіден*, Сыртқы істер министрлігінің құзыреттер аясы кеңейіп, оның үйлестіруші рөлі мен маңызы арттырылды. *Екіншіден*, отандық кәсіпкерлерді қолдау жөніндегі мемлекеттік тетікті жетілдіру бойынша, экспортты дамыту мен инвестициялар тарту жөніндегі құрылымдарды оңтайландырғанды қоса алғанда, теңдессіз шаралар қабылданды. *Үшіншіден*, француз аймақтарын әлемдік нарыққа шығару

(«Аймақтар үшін елшілер» қызметі), экспортты дамыту («федераторлар»), ең маңызды мемлекеттер мен аймақтардан инвестициялар тарту (сыртқы істер министрінің Арнайы өкілдері) бойынша жаңашыл заманауи институттар құрылды.

4 Қазақстан-француз қарым-қатынасы екі мемлекетте де экономикалық фактордың маңыздылығын ұғыну негізінде бұрын соңды болмаған жоғары сатыға, атап айтқанда, стратегиялық серіктестік дәрежесіне жетті.

Қазақстан мен Франция экономикалары тұрғысынан бірін-бірі толықтырулары, яғни Қазақстанның ресурстық қоры мен Францияның инновациялық-технологиялық мүмкіндіктері, сондай-ақ екі ел арасындағы саяси билік, әкімшілік құрылым мен экономикалық және сыртқы саяси мақсаттарға қатысты бірқатар жақындықтары экономикалық дипломатияның табысты жүзеге асырылуына кепіл болып отыр.

5 Қазақстан Республикасының экономикалық дипломатиясын жетілдіру мақсатында озық француз тәжірибесі ішінара имплементациялануы мүмкін.

Функционалды және институционалды ерекшеліктер тұрғысынан қазақстандық практикада төмендегі ұсыныстарды енгізуге болады.

Бірінші, ауқымды синергетикалық әсер алу үшін өзара байланысты инвестиция тарту және экспортты дамыту (қаржылық емес бөлігінде) бойынша қызметтерді бірыңғай мемлекеттік оператордың құзыретіне беру. *Екінші*, елшіліктерде сауда және экономикалық мәселелер жөніндегі мамандырылған кеңесшілерден тұратын толыққанды бөлімдер құру. *Үшінші*, жаңашыл құралдар мен тетіктер ретінде басым елдерде экономикалық дипломатия жөніндегі Арнайы өкілдер, экспорттық «Федераторлар» сияқты институттарды енгізу. Сондай-ақ, облыстардың инвестициялық және экспорттық дамуын қолдау мақсатында «Аймақтар үшін елшілерді» тағайындау. *Төртінші*, кіші және орташа буын дипломаттарды, сондай-ақ елшілерді ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Дипломатия институты негізінде экономикалық дипломатия жөніндегі даярлық курстарынан өткізіп отыру. СІМ, мемлекеттік органдар және бизнес-құрылымдар арасында кадрлық алмастыруды жүзеге асыру. *Бесінші*, инклюзивті тәсілге сәйкес экономикалық дипломатияны жүргізуге мемлекеттік емес акторларды, әсіресе шағын және орта бизнес, азаматтық қоғам, сараптамалық-талдау құрылымдарын тарту.

Зерттеудің теориялық және практикалық маңызы. Жүргізілген зерттеудің теориялық тұжырымдары заманауи халықаралық қатынастар жағдайында экономикалық дипломатияның концептуалды негіздерін дамытуға және кеңейтуге мүмкіндік береді.

Диссертацияның қорытындылары халықаралық қатынастар, саяси ғылымдар, геоэкономика мен геосаясат салаларындағы жинақталған білімді одан әрі жүйелендіруге үлес қоса алады. Жұмыстың нәтижелерін экономикалық дипломатия мәселелері мен ерекшеліктерін зерделеу бойынша ғылыми ізденістер аясында қолдануға болады.

Ғылыми жұмыстың жекелеген тұжырымдары мемлекеттік органдар тарапынан Қазақстан Республикасында экономикалық дипломатияның француздық моделін ішінара енгізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Францияның экономикалық дипломатия стратегиясын қазақстандық сыртқы саясаттың бағдарлары мен құрамбөліктерін жетілдіру барысында пайдалануға болады.

Диссертация материалдарын жоғары оқу орындарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында халықаралық қатынастар, геосаясат, әлем саясаты, саясаттану, геэкономика және экономикалық дипломатия бойынша жалпы және арнайы курстар әзірлеу үшін қолданған жөн.

Диссертация нәтижелерінің апробациясы. Диссертациялық зерттеудің теориялық тұжырымдары мен практикалық нәтижелері Қазақстан Республикасы мен шетелде өткен 5 халықаралық ғылыми практикалық конференцияларда талқыланды, ҚР Білім және ғылым министрлігінің талабына сәйкес «Scopus» базасына кіретін 1 басылымда, қазақстандық және шетелдік басылымдарда 4 мақалада жарық көрді.

Сонымен қатар диссертация Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты (ҚСЗИ) сарапшыларының талқылауынан өтті.

Диссертация жұмысының құрылымы. Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиет тізімінен тұрады. Зерттеу барысында төрт тілде ғылыми әдебиеттер (қазақ, орыс, француз, ағылшын) қолданылды. Жұмыстың жалпы көлемі 140 парақ.

1 ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДИПЛОМАТИЯНЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Экономикалық дипломатия ұғымы және ерекшеліктері

Халықаралық қатынастар теориясында әдетте мемлекеттің өз сыртқы саясатын жүзеге асыру құралдары мен тетіктері «күш» (power) деген көп қырлы ұғымға біріктіріледі. Қазіргі таңда мемлекеттердің күш қолдану әдістерін қайта қарау процесі айқын байқалатындықтан бұл термин маңыздылығын жоймады, сондықтан, ең алдымен, мемлекеттің «күш» қолдану аумағын айқындап алу маңызды.

Бұл ұғымның көптеген анықтамалары бар. Біз Генри Киссинджердің сыртқы ортада «*күш дегеніміз - ықпал ету*» деген жинақы мағынадағы дефинициясын [2], сондай –ақ Бертран Расселлдің, күш мемлекеттің өзі қалаған нәтижеге қол жеткізуі үшін басқа мемлекеттің іс-әрекетіне ықпал ету қабілетін білдіреді деген пайымын ұстануға бейімбіз [3].

Зерттеуге арқау болатын «*күш*» ұғымын теорияландыруға неолибералдық мектептің өкілі, Гарвард университетінің профессоры кіші Джозеф Най қомақты үлес қосып отыр. Ол осы ұғымды – «қатаң» (hard power) және «жұмсақ» (soft power) санатқа бөле отырып, күштің екі түрінің табиғаты, өзара ықпалы мен байланысын қарастырады [4].

Джозеф Найддың басты ойы сыртқы саясатта әскери және экономикалық ықпал өзінің күштеу табиғатына орай «қатаң» күштің бір бөлігі болып табылатындығына саяды. «Қатаң» күшпен салыстырғанда «жұмсақ» күш концептісі мемлекеттің экономикалық және әскери, яғни күш қолдану әдістерін пайдаланудан қалыс қалуға негізделеді. Басқаша айтқанда, күштің «жұмсақ» түрі мәжбүрлеуді емес, керісінше сендіруді мақсат етеді. Бұл ретте ықпал саяси, мәдени, дипломатиялық және басқа да күштік емес әдістермен жүзеге асырылады, сондай-ақ негізінен келісім мен бітімге алып келуге қабілетті [4, p. 16-17].

«Қатаң» немесе «жұмсақ» күштер тәсілдерін қолдану тиімділігі ресурстардың қолжетімділігі мен бірқатар басқа факторларға байланысты. Джулио Галлароттидің пікірінше, ұлттық кіріс көрсеткіші ең жоғары болып саналатын АҚШ немесе Қытай сияқты алпауыт мемлекеттер қаржы жағынан ірі қарулы күштерді ұстап тұруға және басқа мемлекеттерге экономикалық қысым көрсетуге қабілетті [5]. Ал шағын мемлекеттерге «қатаң» күштің мұндай құралдарына қол жеткізу қиындық туғызады. Сонымен бірге, «жұмсақ» күшті қолдануға арналған ресурстарға қолжетімділіктің мемлекет көлеміне не ауқымына тәуелділігі әлдеқайда аз. Дегенмен, Джулио Галларотти «ықпал етуге» тек «жұмсақ» күшті теңестірмеу керектігін атап көрсетеді, себебі басқаны өз қалауына көндіру әскери қатер төндіру немесе қаржы құралдары арқылы, яғни «қатаң» күштің нәтижесі болуы мүмкін деп есептейді.

«Күш» ұғымын қарастыра келе, бүгінгі таңда әлемдік көпполюстік тәртіптің қалыптасып келе жатқан шағында жаңа орталықтар арасында «қырғиқабақ» соғыс уақытындағы идеологиялық текетірес деңгейінің бұрынғы

дәрежеде болмағаныменен, сыртқы саясатта күштік емес әдістермен бірдей дәрежеде «қатаң» құралдарды пайдалану практикасының сақталып отырғанын атап өткіміз келеді. Әскери сипаттағы әлеуетті қауіп-қатерлер мен тәуекелдер (ядролық қаруды тарату, терроризм, экстремизм және тағы басқа) күш қысымының қатаң компоненттерінен (экономикалық қысым, әскери қолсұғушылық және т.б.) толық бас тартуға жол бермей отыр [6].

Зерттеуші Брук Смит-Виндзор «қатаң» және «жұмсақ» күш түсініктерінің аражігі біршама ажырап кеткендігіне назар аударады. Ол әскери құралдардың гуманитарлық және бейбітшілікті сақтау операцияларында мәжбүрлік сипатын емес, керісінше тартымдылықты білдіру үшін пайдаланылуы мүмкін екендігін басып айтады [7]. Ол «күш» тұжырымының «қатаң» полюсінде тек әскери құралдарға орналастырмаған жөн деп есептейді. Кейбір ғалымдар керісінше пікір айтады, мысалы, Санджая Бару мемлекеттердің экономика саласында оң нәтижеге қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін әскери күшке жүгінуін қолдауға бейім [8].

Біз мұндай көзқараспен келісе алмаймыз, себебі зерттеу аясында «қатаң» күш ретінде оның әскери тұрпаттағы емес, экономикалық сипаттағы компоненттерді қолдануға екпін жасауды орынды санаймыз. Біздің пікірімізше, халықаралық сахнада әрекет жасасудың қарулы емес тәсілдерінің артықшылығын, яғни ықпалдың басты құралдарының бірі ретінде бейбіт экономикалық сипаттағы шараларды (сауда жүргізу, инвестициялар тарту, экономикалық көмек көрсету, ынтымақтасу және басқасы) қолданған әлдеқайда тиімді. Бұған дәлел ретінде соңғы уақытта сыртқы саяси және экономикалық құралдарды қолданудың біріктірілген қағидатын сипаттайтын жаңа концептінің таратылуын алға тартамыз [9]. Бұл тұжырым «ақылды» күш (*smart power*) атты жаңа терминді американдық дипломат Сюзан Носсель сияқты зерттеушілердің ғылыми айналымға енгізулеріне негіз болды [10].

«Ақылды» күш ұғымын алғаш рет Дж.Най қатаң және жұмсақ күштердің табысқа жеткізетін шаралар кешеніне бірігуі деп тұжырымдады [4, p. 26, p. 80]. Бұл концептінің түпкі ойы - күштің екі түрінің бірігуі арқылы ғана алға қойылған стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге болатындығы. Кейінірек ғалым «Ақылды» күшті *мәжбүрлеу мен жазалау үшін қолданылатын «қатаң» күштің және сендіру мен өзіне тарту үшін пайдаланылатын «жұмсақ» күштің үйлескен байланысы* деп нақтылап, оны тек АҚШ емес, басқа да, әсіресе шағын және орта мемлекеттерге әртүрлі жағдайларда *тиімді стратегема* ретінде қолдануға болады деп түйіндеді [11].

Бүгінгі таңда мемлекеттер жаһандық дамудың бағытын ескеріп, сыртқы саясатты жүзеге асыру ісінде әділетсіздікке, сынаржақтылыққа жол бермеуге тырысады, сондықтан сыртқы саясаттың барлық құралдарын пайдалану олар үшін негізгі талаптардың бірі болып табылады. Бұл тұрғыда оларға «Ақылды» күш қағидаты көмектесе алады. Аталған тұжырым Эрнест Уилсонның пайымдауы бойынша, *«қатаң және жұмсақ күш элементтерінің бірін-бірі өзара күшейтетін тәсілдермен үйлесу қабілетін»* білдіреді [12]. Бұның астарында іс жүзінде мемлекеттер «жұмсақ» және «қатаң» күш құралдарын

икемді түрде әртараптандыру жолымен қолдану арқылы өздерінің ілгері және барынша тиімді дамуын қамтамасыз етуге қабілеттерін арттыруға мүмкіндік алады деген пайым жатыр.

Халықаралық қатынастардың заманауи жүйесінде «Ақылды» күш тұжырымы өзіне тән ерекшелігімен, яғни оның комбинаторлық принципке сәйкес мемлекеттердің сыртқы саяси бағытына жаңа талаптарды ұсынатындығы айтарлықтай орынды болып көрінеді. Басқаша айтқанда, халықаралық аренада өзін жағымды жағынан көрсетуге тырысатын мемлекет сыртқы саясаттағы тетіктер мен құралдарды (идеологиялық, имидждік, ақпараттық, дипломатиялық, экономикалық, қаржылық, монетарлық және т.б.б.) таңдаған кезде өзіне ешқандай шектеу қоймауға тиіс [13, 14].

Диссертацияның тақырыбын ашып көрсету мақсатында, біз қолжетімді құралдар жиынтығының ішінен сыртқы саясаттың дәстүрлі әрі маңызды құрамдас бөліктерінің бірі - дипломатияны таңдап алдық.

«Дипломатия» ұғымының Ежелгі Грекияда олардың өкілеттіктерін растайтын құжаттар ретінде елшілерге берілетін «diploma» - қос тақтайша деген грек сөзінен шыққан деген көптеген анықтамалар бар. Қолданбалы тұрғыдан осы уақытқа дейін қалыптасқан дефиницияларды қорытындылайтын болсақ, онда олар елдер арасында келіссөздер жүргізу бойынша өнерден бастап, мемлекеттің нақты талап-шарттары мен міндеттері шеңберінде пайдаланылатын әскери емес іс-шаралардың, әдістер мен тәсілдер жиынтығынан тұратын сыртқы саясатты іске асыру тетігіне дейін түсіндірмелерді қамтиды [15, 16]. Басқа жағынан алып қарасақ, дипломатия – мемлекеттер мен мамандандырылған сыртқы саяси ведомстволар өкілдерінің мемлекеттің, өңірдің немесе әлемнің күн тәртібінде тұрған нақты мақсаттары мен міндеттерін шешу жөніндегі ресми қызметі болып саналады [17, 18].

Дипломатия ұғымының көптеген жіктелімі (классификациясы) белгілі, олар қызметтік деңгейлері, пайдаланылатын әдістері, қатысушы акторлары сияқты көптеген факторлар бойынша жасалады. Бұл ретте түрлі жағдайларды реттеу үшін, мәселен Сирия қақтығысына қатысушы мемлекеттердің ресми өкілдері мен мемлекеттік емес қатысушыларының Нұр-Султандағы «Астана форматындағы» кездесулерін ұйымдастырудағы дипломатияның рөлін атап өткен абзал.

Зерттеу шеңберінде басты назар дипломатияның қолданатын әдістері мен шешетін мақсат-міндеттері бойынша жіктелуіне аударылады. Бұл классификацияға дипломатияның экономикалық түрі, яғни *экономикалық дипломатия* жатады. Осы орайда жұмысымыздың нысаны ретінде сыртқы саясатта қатаң ықпал ету элементтерін әрі бейбіт тәсілдерін біріктіретін «Ақылды» күштің ерекше үйлескен көрінісі болып табылатын экономикалық дипломатия қарастырылады.

Экономикалық дипломатия жалпылама мағынада дипломатия мен сауда-экономикалық қатынастардың тұтас кешенін, сондай-ақ мемлекеттің сыртқы экономикалық қызметіне ықпал ететін басқа да факторлардың өзара байланысын зерделейтін ғылыми бағыт ретінде анықталады [19].

Біздің көзқарасымызға сәйкес, дипломатия негізінен бейбіт мақсаттарды көздейтініне байланысты, ол бір жағынан, «қатаң» және «жұмсақ» күштердің ара қатынасын тиімді біріктіру мен үйлестіру қасиетімен, ал екінші жағынан, «Ақылды» күштің әлеуетін дамытуға қолайлы жағдай жасау қабілетімен ерекшеленеді. Бұл ретте «жұмсақ» күш тап осы экономикалық дипломатия аясында «ақылды» болатындығын атап көрсеткен зерттеушілер Рикардо Де Леон мен Ананда Доминго-Алмасае біздің гипотезамызды растайды [20].

Ғылыми ортада «экономикалық дипломатия» терминінің пайда болуына қатысты бірыңғай ұстаным мен аталған құбылыстың жалпыға ортақ түсінігі осы уақытқа дейін қалыптасу үстінде [21, 22]. Бірқатар дереккөздерде экономикалық дипломатия дербес тұжырым ретінде Екінші дүниежүзілік соғыста жеңілгеннен кейін Жапонияда жүзеге асырылды деген пікірлер кездеседі [23, 24].

Дегенмен, зерттеушілердің басым бөлігі экономикалық дипломатияның отаны АҚШ болып табылатынын, ол елде бұл құбылысты зерттеуге деген қызығушылық Жапонияға қарағанда кештеу туындағанымен, оны іс жүзінде қолданудың тәжірибесі бұрыннан келе жатқанын басып айтады. Дэвид Кайзер нақты мысал ретінде 1920 жылдары президент Уильям Тафттың өзінің атақты «оқтың орнына доллар» формуласын жүзеге асыру аясында ұлттық банкирлерді шетелдік инвестицияларды кеңейту жұмысында барынша қолдағанын келтіреді [25]. Сонымен қатар, 1950-жылдардағы Еуропада іске қосылған «Маршалл жоспары» америкалық экономикалық дипломатияның жарқын үлгілерінің бірі ретінде аталады. Қазіргі таңда да АҚШ экономикалық дипломатияны проактивті жүргізіп отырған жетекші мемлекеттердің бірден-бір кошбасшысы болып отыр.

Экономикалық дипломатияны айрықша пайдалы құрал ретінде қолданып отырған мемлекеттердің қатарына Қытай да кіреді. ҚХР-дың экономикасының қуаты Пекинге сыртқы саяси мәселелерді шешуде экономикалық тетіктерді кеңінен қолдануға мүмкіндік беріп отыр. Қытайдың экономикалық дипломатиясы ғасырлық дәстүрге сәйкес сыртқы саясатты жүзеге асырудағы стратемикалық тетіктерге байланысты өзіндік ерекшеліктерге ие [26]. Зерттеушілердің бірқатары ХХІ ғасырдың басында ҚХР-дың экономикалық дипломатия саласында айтарлықтай жетістіктерге жетті деп санап, олардың ең маңыздысының қатарына Қытайдың ДСҰ-ға кіруін жатқызады [27]. Бұл қадам Пекинді әлемдегі жетекші экспорттаушы мемлекеттер қатарына кіргізді деген пікірлер айтылады. Біз осы тұрғыда қытай экономикалық дипломатия аясында кең ауқымды «Белдеу және Жол бастамасы» (Belt and Road Initiative) геэкономикалық инфрақұрылымдық жобасын атап өтуді маңызды деп санаймыз.

Әлемдік саяси-қоғамдық дискурста «экономикалық дипломатия» терминінің пайда болуы жөнінде сөз қозғасақ, бұл термин Еуропа мемлекеттерінде ХІХ ғасырдың екінші жартысында тарала бастады деп айтуға негіз бар. Осы ретте сыртқы саясатта экономикалық мүдделерді ескеру

кажеттілігін Еуропада алғашқы ұғынған дардың бірі Француз Республикасы болды. Нақтырақ айтқанда, бұл елде 1905 жылы «Жиль Блас» журналында жарық көрген «Екі мектеп» атты мақалада экономикалық дипломатия термині алғаш рет жария түрде қолданылады. Мақала авторы сол кездегі Францияның Сыртқы істер министрі Теофил Делькассе мен премьер-министрі Морис Рувьеннің арасындағы дау-дамай себептерін талдай келе, соңғысын «*үкіметтік қызметке экономикалық дипломатияны алып келетін*» дипломатияның жаңа мектебінің негізін қалаушы, ал дипломатия басшысын «дипломатиядағы экономикалық факторды ешқашан ескергісі келмеген ескірген формулалардың адамы...» ретінде сипаттайды [28].

Экономикалық дипломатия ұғымының бүгінгі таңдағы неғұрлым толық классификациясы ресейлік ғалым Д.А.Дегтеревпен жасалған [29]. Ол экономикалық дипломатияның дефиницияларын үш топқа бөледі:

Бірінші топ - саяси мақсаттарға қол жеткізуге арналған экономикалық құралдар;

Екінші топ - экономикалық мақсаттарға қол жеткізуге арналған саяси құралдар;

Үшінші топ - экономикалық және саяси мақсаттарға қол жеткізуге арналған экономикалық және саяси құралдар.

Автор бірінші және екінші топтарды *тар мағынадағы* түсініктер деп белгілейді және оларды мақсаты мен пайдаланылатын құралдар тұрғысынан ажыратып көрсетеді. Үшінші топты заманауи жаһандық даму үрдістерінің бірі болып табылатын экономика мен саясаттың тығыз өзара байланысын сипаттайтын *кең мағынадағы* дефинициялар деп түсіндіреді.

Жоғарыда баяндалған классификацияға сүйене отырып, біз саяси міндеттерді экономикалық құралдар арқылы шешуге бағытталған экономикалық дипломатияның классикалық түсіндірмесі *бірінші топқа* жататынын көреміз. Осындай көзқарасты нидерландтық зерттеуші Петер ван Бергейк ұстанады. Ол экономикалық дипломатияның негізгі мағынасы мен мәні «саяси пайда» алу үшін экономикалық шаралар әзірлеп шығаруда деп санайды [30]. Алайда ғалымның түсіндірмесінің кемшілігі – дефиницияның тар сипаты экономикалық дипломатияның барлық ауқымын қамтуға, атап айтқанда экономикалық мақсаттарды есепке алуға мүмкіндік бермейді.

Тар мағынадағы *екінші топты* қарастырсақ, оның мемлекеттің сыртқы экономикалық саясатына ішінара сәйкес келетіндігін және саяси құралдармен экономикалық мақсаттарға қол жеткізуді көздейтінін байқаймыз. Тәсілдердің осы тобы атқарушы билік елдегі экономикалық өнім өндіру, сыртқы нарықтарға сату, алмасу, тұтыну, экспорт пен импорттың тиімділігін арттыру үшін қабылдайтын шаралар жиынтығы мемлекеттік экономикалық саясаттың құраушы бөлігі болып табылады деген тұжырымға негізделеді [31].

Басқа ғалымдар да осыған ұқсас пікірді ұстанады. Мәселен, Ариан де Хаанның қозқарасы бойынша, экономикалық дипломатия көп мөлшерде саяси тетіктерді пайдалану арқылы экономикалық мақсаттарға жетілуді көздейді [32]. Ал Мари-Кристин Кесслер экономикалық дипломатия бизнес, әлеуметтік және

кәсіби топтар мен азаматтардың мүдделерін есепке алу арқылы елдің экономикалық өркендеуін қамтамасыз етуге арналған сауданы дамыту сияқты мақсатпен жүзеге асырылады деп санайды [33].

Кейбір зерттеушілер экономикалық дипломатия ұлт мүддесін қамтамасыз ету барысында дипломатиялық құралдармен экономикалық мақсатқа жетуге қызмет етеді деп есептейді [34]. Бұған экономикалық мәселелерді шешу үшін саяси құралдар ежелгі өркениеттер қарапайым саудамен айналысқан кезден бастап пайдаланып келеді деген пікірлер қоса айтылады [35]. Дэвид Болдуин болса экономикалық дипломатияны мемлекеттік экономикалық басқарудың құрамдас бөлігі ретінде айқындайды [36].

Сонымен бірге, өздерінің таңдаған зерттеу құралдары мен мақсаттарына басымдық бере отырып, ізденушілердің басым көпшілігі Д.А.Дегтерев классификациясы бойынша *үшінші топтағы* кең мағынадағы түсіндірменің орындылығын жоққа шығармайды.

Мысалы, белгілі ресейлік ғалым В.Д.Щетинин экономикалық дипломатияны *«заманауи әлемде ынтымақтастық пен бәсекелестікті жүзеге асыратын, экономикалық және әлеуметтік прогрестің түйінді проблемаларын шешудің, қоғамдық дамудың факторы болатын нарықтық экономиканы дамытудың және жетілдірудің формалары мен әдістерін айқындайтын, сондай-ақ басқарушылық шешімдерді қабылдау мен іске асыру деңгейіне жеткен экономика мен саясаттың қоспасы»* деп сипаттайды [37]. Бұл көзқарас экономикалық дипломатияны саяси-экономикалық мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған кешенді түрдегі мағынада түсіндіріледі.

Британдық зерттеушілер Николас Бейн мен Стефан Вулкок мемлекеттік саясаттың элементі ретіндегі экономикалық дипломатияның практикалық қолданбалы тұрпатына назар аудара отырып, оны сыртқы экономикалық шешімдерді қабылдау процесіне сәйкес келеді деп түсіндіруге тырысады [38]. Олардың пікірі саясат пен экономиканың өзара байланысын растауға саяды, себебі «сыртқы экономикалық шешім қабылдау процесі» термині «сыртқы саяси шешім қабылдау» санатының тікелей көшірмесі болып табылады.


Жоғарыда аталған британдық ғалымдар мемлекеттер экономикалық дипломатия құралдарын халықаралық қатынастар призмасы арқылы пайдалана отырып, үш «шиеленісті» (tensions) реттеуге тырысатындығын баса айтады. Олар - «саясат пен экономиканың арасындағы шиеленіс»; «халықаралық және ішкі экономикалық қысымның арасындағы шиеленіс»; «мемлекеттің және басқа да акторлардың арасындағы шиеленіс» (жеке бизнес, ҮЕҰ және басқалары) [38, р. 53-55]. Біздің ойымызша, мұндай тәсіл мемлекеттің даму динамикасын ескере отырып, яғни саяси-экономикалық міндеттерді экономикалық және экономикалық емес құралдармен шешу заманауи әлем жағдайына сай келеді деп түйіндеуге негіз бола алады.

Тұтастай алғанда, Д.А.Дегтеревтің классификациясында берілген дефинициялардың бәрі бұл феноменнің көп өлшемділігі мен көп қырлылығына байланысты оның жан-жақтылық сипатына сілтеме жасайды. Сонымен қатар, зерттелген түсіндірмелер жалпы бір-біріне қайшы келмейді. Оларды

салыстырған кезде «ортақ деноминатор» ретінде мемлекеттің жетекші акторлық рөлі анықталады.

Экономикалық дипломатияның мәнін толық ұғыну мақсатында нақты жағдай мен мақсатқа сәйкес құралдарды таңдау барысында оның кейбір ішкі түрлерін (сауда дипломатиясы, қаржы дипломатиясы, энергетикалық, көлік дипломатиясы және тағы басқалар) өзіне біріктіретіндігін ескеру қажет.

Экономикалық дипломатияның түрлерін және олардың «Ақылды» күш аясындағы өзара байланысын көрнекі түрде көрсеткен «Клингендаль» Халықаралық қатынастар институтының аға зерттеушісі Маайке Окано-Хейманстың схемалық өрнегін (сурет 1) толықтырылып, төменде ұсынылады [39].



Сурет 1 - Экономикалық дипломатияның құрылымы

Ескерту – Дереккөз негізінде толықтырылды [39 p. 18]

Бұл сурет осы күнге белгілі тәсілдер мен дефинициялардың ауқымын толық қамтиды, сондай-ақ контекстке байланысты тиісті құралдарды пайдалану ерекшелігін айқындайды. Ол құралдардың *саясаттан экономикаға ығысуы және өтуі*, сондай-ақ нақты жағдайда тиісті құралдар арқылы түрлі мақсаттарға қол жеткізу мүмкіндігі көрсетіледі.

Сызбаның қарама-қарсы ұштарында көрсетілген «күш» теңгеріміне ерекше назар аударған жөн. «Қатаң» күш тарапы әдетте саяси сипаттағы мақсаттар мен әрекеттерді қамтиды, мысалы, санкциялар немесе оларды алып тастауды. Осы әрекеттердің басты қозғаушы факторлары болып мемлекеттің *саяси логикаға* сәйкес «шығын мен пайданы» есептеудің негізіндегі стратегиялық мақсаттары саналады. Мемлекеттің саяси тұрғыдағы әрекеті, бірінші кезекте, *тұрақты халықаралық жағдайға* ықпалдасуға бағытталады.

Экономикалық дипломатияның «жұмсақ» күші жағында мемлекеттің және басқа да ойыншылардың (іскер топтардың) экономикалық мақсаттарға қол жеткізуге, мысалы, сауда-саттықты және инвестицияларды алға жылжытуға бағытталған бірлескен күші шоғырланған. Мұнда «шығын-пайда» есебі бірінші кезекте *экономикалық логиканы* ұстанады, ал экономикалық дипломатияның негізгі қозғаушы күші елдің *экономикасының мүмкіндіктерін барынша арттыру* болып табылады.

«Жұмсақ» және «қатаң» күштер арасында (ортада) экономикалық немесе дамыту мақсатындағы көмек, сауда келісімдері бойынша екіжақты және көпжақты келісімдер (сауда-саттық дипломатиясы), қаржылық және ақша-несие саясаты сияқты экономикалық не болмаса саяси іс-әрекеттердің үйлесімді байлынысын білдіретін «Ақылды» күш орналасады. Ол өз кезегінде құралдарды мен мақсаттарды таңдау кезінде *динамикалық, яғни өзгермелі* (екі жақта берілген сызықшалар) болып отырады.

Осылайша, біздің экономикалық дипломатияның «Ақылды» күштің нақты көрінісі жөніндегі және тиісті жағдайда мемлекеттің қолайлы сыртқы саяси құралы болып табылатыны туралы тезисіміз расталады. Бұл ретте күштік қысымның құрамдастырылған қағидаты шығыны төмен және өзінің сыртқы саяси бағытын жүзеге асырудың неғұрлым тиімді тетіктерін таңдайтын шағын және орташа мемлекеттер үшін анағұрлым өзекті деген Дж.Найдың тұжырымын еске салу орынды.

Экономикалық дипломатияны ұғынудың кең ауқымды тәсіліне қайта орала келе, ол экономика мен саясаттың өзара тәуелділігінің теңдессіз деңгейімен сипатталатын жаһандық дамудың осы кезеңдегі мәні мен өзіндік ерекшелігін білдіреді деп санаймыз [40].

Осындай пікір білдірсек те, біз зерттелген түсініктердің көпшілігінде заманауи халықаралық қатынастардың құрылымы мен табиғатының өзгеруін, атап айтқанда, экономикалық дипломатияның толыққанды акторлары ретінде түрлі мемлекеттік емес жеке акторлардың күшейіп келе жатқанына тиісті назар аударылмаған деп санаймыз. Біздің ойымызша, экономикалық дипломатияны сәтті жүргізу үшін мемлекеттің, қоғамдық ұйымдардың және іскер топтардың мүдделері мен өзара тығыз байланыстарын, іс-әрекеттерін ескермеу мүмкін емес [41].

Баяндалғандардың негізінде біз экономикалық дипломатияны кең мағынада түсіне отырып, бұл құбылысқа келесідей *дефиниция* беруге бейімбіз: *экономикалық дипломатия - ол саяси-дипломатиялық құралдарды пайдалану арқылы экономикалық мақсаттарға қол жеткізу және экономикалық құралдар*

мен тетіктер арқылы саяси мақсаттарды іске асыру үшін халықаралық қатынастар ойыншылары тарапынан жүзеге асырылатын іс-шаралар кешені.

Тұтастай алғанда, қазіргі экономикалық дипломатия ХХ ғасырдың соңғы онжылдығында маңызды мәнге ие бола бастады. Теориялық және қолданбалы аспектілерде бұл феномен экономикалық мүдделердің сыртқы саяси мақсаттарға жету жолында жұмсалатын күш-жігердің алдыңғы шебіне шыққанын, сондай-ақ саясат пен экономиканың бұрын-соңды болмаған жоғары деңгейде біте қайнасқанын толық сипаттап көрсетеді.

Тарихи рестроспективада экономикалық дипломатия қарапайым сауда айырбасы түрінде бірінші мемлекеттер аумағында дами бастады [42, 43], алайда сауда-саттық дипломатиясының белгілері одан да бұрын байқалады. Мысалы, Египет пен Батыс Азия елдерінің арасында жүргізілген сауда-саттықтың дәлелі ретінде ең көне құжаттық жазбалар Амарна мұрағатының саз тақтайшалары болып табылады. Басқа жерлерде, атап айтқанда, Орталық Азия арқылы өткен Ұлы Жібек жолы бойында ауқымды сауда-саттық жүргізілгенін, дипломатиялық келісімдер мен әскери одақтар құрылғанын артефакттар мен қолжазбалар дәлелдейді [44]. Одан да бұрынғы біздің дәуірге дейінгі заманда мемлекеттік басқару туралы және шаруашылық сауда істерді жүргізуге қатысты көптеген сілтемелер Каутильяның әйгілі «Артхашастра» трактатында мәлімденген [45].

Тарихи тұрғыда экономикалық дипломатия дәстүрлі дипломатия мен әлемдік экономиканың жалпы дамуы шеңберінде қалыптасты. Алғашқы кезеңде аумақтар мен нарықтарды бөліп алу немесе колониялардың табиғи байлықтарын тәркілеу көзделсе, бертін келе басты назар сауда шарттары мен кедендік, қаржылық келісімдер жасасуға аударылған. Кейін, мысалы Өрлеу дәуірінде мемлекеттер арасындағы сауда-саттық аймағы айтарлықтай кеңейді, консулдардың құзыретіне елдің тауарларын және мемлекеттің экономикалық мүдделерін қорғау, ілгері жылжыту міндеті кіре бастады [43].

Ағарту дәуірінде Еуропада мемлекеттердің өзара экономикалық байланыстарын дамыту державалар арасындағы қақтығыстарды ретке келтірудің және олардың алдын алудың қуатты әдісіне айналуы тиіс деген тұжырым тарады.

XIX ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында экономикалық дипломатия Еуропада етек жайған протекционизм процесінің ықпалымен дамыды.

Өткен ғасырдағы екі Дүниежүзілік соғыс салдарлары, соғыстан кейінгі қалпына келтіру проблемалары халықаралық қатынастарда экономикалық фактордың күшеюін біржолата айқындады. Одан кейінірек тауарлар мен қызметтердің жаһандық саудасының қарқынды дамуы, қаржы-валюта ағындарының артуымен бірге сыртқы саясаттың экономикалық құралдары мемлекеттердің сыртқы саяси арсеналында орнықты [46].

Жүргізілген теориялық және эмпирикалық зерттеулердің негізінде экономикалық дипломатия дамыған сайын өзі қамтитын мәселелердің ауқымы да, сипаты да өзгерістерге ұшырап, функционалдық тұрғыдан мәні кеңейіп отырғанына көз жеткізуге болады.

Француз экономисті және дипломаты Ги Каррон де ла Каррьер экономикалық дипломатия дамуының үш кезеңін төмендегідей бөліп көрсетеді [47]:

- *бірінші кезең* – «экономикаға қамқорлық танытатын дипломатия»: дипломатия қауіпсіз, қонақжай немесе өркениетті бола бермейтін өлкелерде шекара сыртында қалғандарды қорғаштап, экономиканың күзетінде тұрды;

- *екінші кезең* – «экономикаға қызмет көрсететін дипломатия»: ғасырлар бойы дипломатия экономикаға сауда жолдарының ашық болуын қамтамасыз етіп, кейін өткізу нарықтарын, отарлар мен ықпал ету аймақтарын ашып, сауда келісімдерін дайындап, сауда фирмаларының қызметін белсенді түрде қолдап, әртүрлі тәсілдермен қызмет көрсетті;

- *үшінші кезең* – «экономиканы өзіне қызмет еткізген дипломатия»: дипломатия экономикаға жүгінеді, ал экономика өз кезегінде сыртқы саясатқа көмекке келеді. Экономика қоғамдық өмірдің барлық салаларында орын алды, ал дипломатия экономика кейпінде қуатты жұмыс құралына ие болды.

Экономикалық дипломатияның мәнін ұғыну кезінде оның сыртқы саясат пен сыртқы экономикалық саясаттың қиылысында орналасқанын ескеру қажет және оны мемлекеттің сыртқы экономикалық саясатынан ажыратып көрсету маңызды.

Олардың арасындағы басты айырмашылық сыртқы саясатта әдетте саяси мақсаттарға қол жеткізу үшін экономикалық құралдарды, ал сыртқы экономикалық саясатта экономикалық мақсаттарға жету үшін экономикалық және экономикалық емес тетіктердің пайдаланылатындығында жатыр [21]. Осы айырмашылықты көрсету үшін Иранның жаппай қырып-жоятын қаруды әзірлеп шығаруын әлемдік қоғамдастық тарапынан экономикалық қысым жасалуының салдарынан тежегенін мысалға келтіруге болады [48]. Бұл жерде экономикалық дипломатияның ирандық ядролық проблеманы шешудегі айқындауыш құрал болғаны анық.

Сыртқы экономикалық саясаттың үлгісі ретінде отандық өндірушіні жасанды түрде қолдауды көздейтін протекционизм үрдісін атап көрсеткен жөн. Дегенмен іс жүзінде елдер көп жағдайларда экономикалық және саяси мүдделерге қол жеткізуге бірдей тырысатындықтан, сыртқы экономикалық саясат пен экономикалық дипломатия арасында айқын аражік жүргізу қиындыққа түседі: егер біріншісі экономикалық мәселелерді шешуге бағытталған болса, екіншісі саяси мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге ғана бағытталмайды, бұған қоса экономикалық проблематиканы да қатар қамтиды [49].

Біз өз тарапымыздан экономикалық дипломатияның айрықша белгісі оның өзара келісімге қол жеткізу және өзара ұтымды шешім қабылдауда, яғни тараптардың тиімді ынтымақтастықты жүргізуге мүдделілігінде жатыр деп

санаймыз. Ал сыртқы экономикалық саясат болса ұлттық мүдделерді қорғау қажеттілігін алға тартып, басқа мемлекеттерге қатысты біржақты, кейде қолайсыз шаралар қабылдайды. Өзгенің мүддесін ескермейтін саясат мемлекеттер арасында қақтығыстардың туындауына немесе кері шараларды қолдануға әкеліп соқтырады.

Жалпы алғанда, экономикалық дипломатия дәстүрлі дипломатия сияқты мемлекеттің сыртқы саясаты мен халықаралық қызметінің біртұтас құрамдас бөлігі болып табылады, сондықтан экономикалық дипломатияның және жалпы дипломатияның да негізгі мақсаты бір, ол – ұлттық мүдделер мен қауіпсіздікті дипломатиялық және бейбіт құралдар мен тектіктер арқылы қамтамасыз ету.

Экономикалық дипломатияның мәнін зерделеуде негізінен саяси және экономикалық тәсілдер қолданылады. Бірінші тәсілді ұстанатын В.Д.Щетининнің айтуы бойынша, қойылған мақсаттар саяси талаптармен шектелмеген жағдайдың өзінде де саяси фактор басым болып келеді. Басқаша айтқанда, экономикалық дипломатияның мақсаты мен міндеттерін сыртқы саясат анықтайды, ол өз кезегінде әскери емес іс-шаралар жиынтығынан, нысандар мен құралдардан тұрады [37, с. 52]. Мұндай пікірдің жақтастары дипломатияның қандай да болмасын түрлері түбі саяси басымдықтар мен мақсаттарға бағынады, ал экономикалық құрауыштар субъекттен гөрі объект рөлін атқарады деп еспейтейді.

Николас Бейн мен Стефан Вулкок сияқты сарапшылар керісінше экономикалық дипломатияның мән-мазмұнын экономикалық проблемалар құрайды деп есептеп, басымдықты экономикалық факторға береді [38, р. 37]. Мұндай ұстанымды қолдаушылар экономикалық дипломатияны әлемдік экономикада пайда мен артықшылықтар алудың маңызды тетігі ретінде қарастырады.

Біз өз тарапымыздан зерттеушілердің экономикалық дипломатияны өздерінің алдарына қойған мақсаттары мен міндеттеріне (саяси немесе экономикалық) сай қарастыратындарын біле тұра, диссертация шеңберінде неғұрлым кешенді және теңгерімді тәсілді ұстануды жөн көреміз. Бұл ұстанымды растау үшін экономикалық дипломатияның саяси да, экономикалық та аспектілері сайып келгенде бір-бірімен тығыз байланысты болады және ажырамас бірлікте жұмыс істейді деген тезисті келтіреміз.

Экономикалық дипломатияны сыртқы саясаттың мызғымас бөлігі ретінде қарастыра отырып, оның атқаратын қызметтері дәстүрлі дипломатияның ұлттық мүддені қорғау, мемлекетке қажетті ақпаратты жинау және оны талдау, келіссөздер жүргізу сынды функцияларымен жалпы сәйкес келетінін атап өтеміз. Олардың қатарына жоғары технологиялардың дамуына байланысты және жалпы заман талабына сәйкес елді жақсы жағынан таныту және оның өнімін ілгерілету, әлеуметтік желілер арқылы коммуникация жүргізу, бизнес желілер құру (networking) сияқты жаңа функцияларды қосқан жөн [50].

Тұтастай алғанда, экономикалық дипломатияның мемлекеттердің ұлттық мүдделеріне сәйкес келетін негізгі мақсат-міндеттерін төмендегідей жүйелеуге болады [44, с. 64; 51, 52]:

- мемлекеттің халықаралық бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- мемлекетті халықаралық аренада жақсы жағынан көрсету (позицияландыру);

- экономикалық мүдделер мен қауіпсіздікті дипломатиялық құралдар мен тетіктер арқылы қамтамасыз ету;

- әлемдік шаруашылыққа интеграциялану барысында тең құқылы болуға және кемсітушілік жағдайды болдырмауға, әлемдік нарықта барынша пайда мен бәсекелестік артықшылықтарына қол жеткізу;

- ұлттық сауда-экономикалық мүдделерді жаһандық және аймақтық деңгейде қорғау және дамыту;

- өз елінің адами әлеуетін дамыту үшін қолайлы жағдай жасау.

Өз тарапымыздан өзекті міндеттер қатарына ұлттық экономикаға инвестициялар мен озық технологиялар тарту және отандық өнімді сыртқы нарықтарға шығаруды қосуды қисынды санаймыз.

Қазіргі таңда экономикалық дипломатия өзіндік серпінімен, проактивті сипаты және елеулі ашықтығымен, пайдаланылатын құралдардың ауқымды жиынтығымен әрі олардың күрделілігімен ерекшеленеді [53]. Құралдар мен әдістер дәстүрлі дипломатиялықтардан бастап (келіссөздер) тиісті практикалық шараларды іске асыру арқылы жаһандық нарықта ұлттық мүдделерді тікелей жылжыту (лоббिलाу), ел ішінде тиісті шешімдерді ілгерілететін және жағымды қоғамдық пікір қалыптастыратын ақпараттық саясат пен жариялық дипломатияның құралдарына дейін көп қырлы және әрқилы болып келеді. Іс жүзінде экономикалық дипломатия сауда, қаржы және экономиканың басқа салаларындағы әртүрлі құрал-аспаптарды пайдалануға жүгінеді [49, с. 68].

Ғылыми еңбектерге жасалған талдау экономикалық дипломатияның өзіне тән айрықша белгілерін келесідей түйіндеуге мүмкіндік береді [54, 55]:

Біріншіден, экономикалық дипломатия жүйелік сипатқа ие: оның шеңберінде экономикалық және саяси құралдар бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста болып, белгілі бір тұтастықты құрайды.

Екіншіден, экономикалық дипломатия аясында өзара байланысты экономикалық және саяси басымдықтар мемлекет мүддесінде бір деңгейде орын алады.

Үшіншіден, экономикалық дипломатия негізінен бейбіт сипаттағы тәсіл-құралдарды пайдалануды көздейді: зорлық және қысым жасау әдістерінен бас тарта отырып, өзара келісімдер мен ымыраға жетуді мақсат етеді.

Төртіншіден, экономикалық дипломатия жүйесінде мемлекет және оның сыртқы саяси ведомствосы немесе экономикалық министрліктері жетекші рөл атқарады.

Бесіншіден, экономикалық дипломатия саяси-дипломатиялық және экономикалық құралдар мен тетіктердің комбинаторлық тәсілін қолдана отырып, пайда табуға бағытталады.

Экономикалық дипломатияның әлеуетін зерделеу барысында соңғы әлемдік саясат пен экономикадағы үрдістер мен тәуекелдерді назарға алмауға болмайды. Осы орайда олардың қатарындағы протекционизмнің күшеюі немесе

«экономикалық ұлтшылдық» құбылысының қарқынды дамуы, жетекші державалар (АҚШ-ҚХР) арасындағы «сауда соғысының» ушығу қатерлері, ДСҰ-мен көп жақты сауда және инвестиция туралы келісімдердің сынға ұшырауы, биліктің дәстүрлі халықаралық қаржы институттарынан бейресми форумдарға ауысуы сияқты мәселелерге ерекше көңіл бөлу өзектілігін жоймайды [56].

Өз тарапымыздан халықаралық қатынастар акторларының арасында сауда-экономикалық немесе басқа шиеленістер ушыққан сайын, экономикалық дипломатияның бейбіт және прагматикалық әлеуеті, сондай-ақ жоғары ептілік қабілетіне сұраныс арта түседі деген пайым жасаймыз.

1.2 Экономикалық дипломатияның теориялық парадигмасы

Экономикалық дипломатияның теориялық парадигмасын зерттеу барысында, ең алдымен, оның экономика мен саясаттың тоғысқан тұсында көрініс табатын пәнаралық және көпқырлы сипатын басшылыққа алу маңызды.

Ең алдымен, экономикалық дипломатияны теориялық тұрғыда ұғынуға көмектесін арнайы ғылыми әдебиет жиынтығы қазіргі уақыттың өзінде шектеулі болып отырғанын атап өткен жөн. Біздің ойымызбен Михаэль Костецки мен Оливье Нарай сияқты зерттеушілердің пікірі де сәйкес келеді [57]. Донна Ли мен Дэвид Хадсон да осы уақытқа дейін жарық көрген жұмыстарда «жеке мүдделердің дипломатияға тигізетін әсері анықталмайды, не түсіндірілмейді немесе түсінікті емес» және оның барлық аспектілері толық қамтылмайды деген пікір айтады [58].

Дегенмен, экономикалық дипломатия - ұлттық саясат пен халықаралық саясаттың, экономика мен саясаттың, мемлекет пен жеке топтардың мүдделері тоғысқан тұста орналасқан күрделі ғылыми құбылыс. Ол көптеген ауыспалы факторларға тәуелді болғандықтан, пәнаралық тәсілді қолдануды талап етеді.

Бұл ретте Маайке Окано-Хейманс экономикалық дипломатия теориясын қалыптастырудың тұғыры ретінде төрт ғылыми бағытты (экономикалық теория, халықаралық қатынастар, халықаралық саяси экономика және дипломатиялық теория) ұсынады. Бірақ ғалым зерттеліп отырған ұғымның пәнаралық сипатына байланысты бұл тәсіл шартты болып келеді деп өзі мойындайды [39, р. 9].

Экономикалық дипломатия тақырыбын зерттеушілердің көпшілігі «экономикалық» сөзін негізге ала отырып, бұл құбылысты экономикалық теория мен халықаралық саяси экономика шеңберінде қарастырады. Сондай-ақ, экономикалық дипломатияның мән-мағынасы әртүрлі саяси теориялық парадигмалар аясында да түсіндіріледі.

Халықаралық қатынастар тұрғысынан қарағанда экономикалық дипломатия негізінен ұлттық мүдделер мен мемлекеттердің сыртқы саясатының бірқатар маңызды аспектілерімен байланысты [59]. Сонымен қатар, экономикалық дипломатияның тамыры жалпы классикалық дипломатия ғылымынан бастау алады, ал соңғысы өз кезегінде халықаралық қатынастардың ажырамас бөлігін құрайды.

Брайан Хокингтің көзқарасы бойынша, экономикалық дипломатия халықаралық қарым-қатынастардың ішкі тұжырымы ретінде XX-шы ғасырда алдымен *классикалық реализм* парадигмасында зерттелді [60]. Бұл теория шеңберінде экономикалық дипломатия мемлекеттің мүдделеріне байланысты қатынастардың саласы ретінде де және құрал ретінде де қарастырылды. Анархиялық халықаралық жүйеде дами отырып, ол мемлекеттердің негізінен экономикалық және саяси қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған құрал ретінде саналды.

Халықаралық қатынастар теориясында экономикалық дипломатияның негізгі ойыншысы мемлекет болып табылады. Осы ретте экономикалық дипломатияның ұлттық мүдделерді қорғау бойынша мүмкіндіктері мен мемлекеттер арасындағы күш теңгерімін біреуінің пайдасына өзгерту қабілеті оның табиғатын реализм теориясы (неореализм) санатында түсінуге мүмкіндік береді.

Зерттеушілердің пікірінше, бұл контекстегі басты мәселе халықаралық экономикалық қатынастардың интернационалдануы барысында әлемдік нарықтың жекелеген субъектілері мен олардың әртүрлі бірлестіктері арасындағы бәсекелестікте емес, мәселе - толыққанды геосаяси және геэкономикалық конфронтацияның ұшығу қатерінде болып тұр. Бұл тұрғыда реализм парадигмасының өзектілігі қайта артып, соған сәйкес мемлекеттер халықаралық қатынастардың негізгі ойыншылары ретінде күшейе түсуде.

Реализм теориясына сәйкес, ел ішіндегі ойыншылардың ұстанымдарын шоғырландыру мен үйлестіруді қамтамасыз ететін мемлекет әлемдік аренада ішкі субъектілердің мүдделерінің негізгі қозғаушы күші болып табылады. Бұл ретте, экономикалық дипломатия азаматтардың және ұлттық бизнестің экономикалық мүдделерін қорғауға бағытталуы тиіс. Аталған мақсатқа жету үшін қолданылатын құралдар туралы айтатын болсақ, жеке элементтерді тізбектемей, олардың жалпы күштік табиғатын атап өту маңызды. Тікелей агрессия (әскери) немесе дипломатиялық әрекеттер болсын, шаралардың басым бөлігі қысым көрсетумен байланысты болады.

Тұтастай алғанда, саяси реализм мектебінде халықаралық қатынастар жүйесінің негізі ретінде «күш» категориясы қарастырылады. Реалистік концепция бойынша, халықаралық акторлар үшін күш басқа қатысушылардың бәсекеге қабілеттілігін бағалау критерийі және олардың мүдделерін іске асыру үшін оларға әсер ету тәсілі ретінде маңызды [58, p. 358]. Реалистер мен неореалистер үшін күш бірінші кезекте мемлекеттерге тиесілі деп саналады. Бұл ретте басқа акторларға қарсы қолдануға арналған қажетті күштік ресурстар тек мемлекеттерде болуы керек.

Дегенмен, уақыт өте келе, заманның талаптарына сай экономикалық дипломатияның субъектілері құрамы мен санына қатысты көзқарас өзгере бастады. XXI ғасырдың алғашқы онжылдығында экономикалық дипломатия жаһандану құбылыстарымен байланыста қарастырылып, оны *неолибералды* немесе конструктивтік парадигма аясында талдауға бет бұрылды. Жаһандану процестері мен экономикалық дипломатия арасындағы байланыс өзекті мәселе

ретінде саналып, әлемдік аренадағы жетекші субъектілер арасындағы (мысалы, АҚШ, Ресей, Қытай, ОПЕК-ке мүше елдер және т.б) қарама-қайшылықтар негізінен экономикалық факторларды есепке ала отырып, зерделенетін болды. Бұл халықаралық қатынастардың неолибералды (идеалистік) теориясын дамыта түсуге жол ашты.

Роберт Сайнер мен Лишиа Юидің пікірінше, жаһандану үрдісінің рөлі маңызды, себебі оның тікелей салдарынан мемлекеттер бұрын оларға қатысы жоқ мәселелер бойынша шешімдер қабылдау процесіне тартылды [61]. Жаһандық факторлардың қысымымен классикалық дипломатия да өзгере бастады, көпжақты формат пішініне ие болып, мемлекеттік емес ұйымдармен және жеке акторлармен тығыз әрекеттестікті дамытты. Осындай эволюцияға экономикалық дипломатия да ұшырады.

Неолибералды көзқарас бойынша, экономикалық дипломатияның акторлары қатарына мемлекеттерден басқа ұлтүстілік ұйымдар, тіпті трансұлттық корпорациялар кіреді. Осылайша халықаралық қатынастардың идеалистік теориясының кеңінен дамуымен, әсіресе экономикалық және кешенді өзара тәуелділік теориясының пайда болуымен бірге экономикалық дипломатияның мақсаттарына қатысты заманауи көзқарастар өріс ала бастады [60].

Бұл тұста өзара тәуелділік теориясының бір маңызды аспектісін атап өту абзал – ол екі қарама-қарсы көзқарастар жиынтығы, яғни күш категориясын және экономикалық либерализмнің элементтерін біріктіреді. Ол өзара тәуелділіктің шығындары мен пайдасын да қоса ескереді. Бұл теория экономикалық ынтымақтастық пен экологиялық өзара тәуелділіктің артуын, сондай-ақ халықаралық әскери қақтығыстардың пайда болу мүмкіндігін де ескерусіз қалдырмайды.

Либеральды-идеалистік парадигманың белгілі өкілдері Роберт Кохейн мен Джозеф Най өзара тәуелділікті тек «теңдестірілген өзара тәуелділік» жағдайы ретінде анықтауға болмайды деп есептейді [62]. Тәуелділікке тән асимметрия акторларға бір-бірімен қарым-қатынас жасасуда ықпал ету көздерін қамтамасыз етеді. Тәуелділіктері төмен ойыншылар өзара тәуелділік қатынастарын көбінесе күш көзі ретінде белгілі бір проблеманы шешуде немесе басқа мәселелерге ықпал етуде қолдана алады. Егер бұрындары үстем болған реалистік парадигмада негізгі мақсаттар ұлттық мүдде мен экономикалық қауіпсіздікті қолдау болса, енді саясатта тұрақтылықты сақтау және соғыс пен қақтығыстардың орын алу мүмкіндігін төмендету үшін тығыз экономикалық байланыстарды қамтамасыз ету негізгі мақсат болып саналды.

Неолиберализмнің жақтастары үшін қазіргі заманғы халықаралық қатынастар бұрынғы тарихи дәуірлердегі халықаралық қатынастардан түбегейлі ерекшеленеді және бұл айырмашылық негізінен халықаралық режимдердің болуымен анықталады. Бұл жағдайда әскери күштің рөлі төмендеуі есебінен, экономикалық және құқықтық құралдар сияқты факторлар ерекше мәнге ие бола бастады.

Экономикалық дипломатияның теориялық парадигмасын зерделеу барысында Дж.Найдың еңбектеріне жүгінсек, ол «Ақылды» күш стратегиясы реализм мен либерализм арасындағы айырмашылық *либералды реализм* деп атауға болатын жаңа синтезге жол беруді талап етеді деген пайым жасайды [11, р. 304]. Ғалымның көзқарасы бойынша, «либералды реализм» термині халықаралық проблемаларды шешудің екі басты теориясы - реализм мен либерализмнің бірігуімен ұштасады.

Біздің пікірімізше, жалпы жоғарыда атап өткен ғылыми теорияларды бір-бірінен ажыратып, өз қалпында (таза күйінде) қарастыру, экономикалық дипломатияның бірқатар салаларға сүйенетінін ескерсек, нәтижелі болмас. Осы ретте жоғары практикалық тиімділікті басшылыққа алып, біз зерттеуіміздің теориялық тұғырын халықаралық қатынастар аясында саясат пен экономиканың бірігуін зерделейтін *геоэкономика* тұжырымы арқылы қарауды мақсатқа сай деп санаймыз.

Биполярлық қайшылық аяқталғаннан кейін әлемдік саясат пен экономиканың үдемелі жаһандануының аясында экономикалық жолмен сыртқы саяси мақсаттарға, әлемдік немесе өңірлік «куаттылыққа» қол жеткізуді қамтамасыз ететін геоэкономика сынды дербес ғылыми бағыттың негізгі объектісі ретінде әлемнің экономикалық өлшемдері мен экономикалық мүдделері алға шықты [63].

Өткен ғасырдың 1990 жылдарында Фрэнсис Фукуяма бүкіл әлемді үйлесімді, ұтымды жұмыс істейтін машинаға біріктірген «Нарық және демократия» белгісімен өтетін ерекше планетарлық тіршіліктің басталғаны туралы жариялады [64]. Фукуяманың айтуынша, мұндай «Жаңа тәртіп» әлемнің барлық өңірлері өзінің экономикалық тұрғыдан дамыған орталықтарының айналасында жаңа үлгі бойынша қайта құрылады.

Американдық ғалымның пікірінше, барлық мүдделер әлемдік биржа орталықтары, пайдалы қазбалар, ақпараттық орталықтар және ірі өндіріс орындары орналасқан жерлерге келіп тоғысады. Демек, жаңа геоэкономикалық жағдайда жұмыс істеудің көптеген әдістері экономикалық және қаржылық ресурстарға байланысты болады. Мұндай экономикалық факторға басымдық беретін прагматикалық тәсіл мемлекеттер арасында кеңінен тарала бастайды.

Халықаралық аренада өзіндік орнын табуды қалайтын мемлекеттер әскери қарудың орнына экономикалық қаруды құрал ретінде пайдаланатын жаңа әлемдік тәртіптің келетінін мәлімдеген Эдвард Люттвак 1990 жылдары «геоэкономика» ұғымын ғылыми айналымға енгізді [63, р. 18-19].

Э.Люттвактің негізгі идеясы әлемдік даму «қақтығыс логикасынан» (геосаясат) «сауда грамматикасына» (геоэкономика) өтіп, нығая түседі дегенге келіп саяды. Нақтылап айтқанда, державалар өздерінің стратегиялық мақсаттарына дәстүрлі әскери және дипломатиялық құралдардың көмегімен емес, экономикалық жобалар арқылы жетуге мүдделі болуы тиіс. Бұл ретте халықаралық қатынастарда «күш сынасу» әскери-саяси ортадан экономика аясына ығысып, қайшылықтар мен қақтығыстар геоэкономикалық тұрпатта жандандырылады деген болжамдар жасалды. Осыған іспеттес жорамал

пікірлер бүгінгі күні бірқатар әлемдік державалардың ұстанымдары мен саясатында көрініс тауып отыр десек болады.

Дегенмен, әлі күнге дейін геоэкономиканың жалпыға ортақ анықтамасы қабылданбаған. Аталмыш құбылыстың пәндік шеңбері саясаттану, халықаралық қатынастар, қақтығыстану, экономикалық тарих, экономикалық география, әлемдік экономика сияқты ғылыми бағыттарды қамтиды.

Бірқатар зерттеушілердің пікірінше, ғылыми бағыт ретінде геоэкономиканың теориялық алғышарттары экономика мен саясаттың өзара байланысын талдау қажеттілігінен туындайды. Негізінен геоэкономиканың мәні мемлекеттің немесе мемлекеттердің (интеграциялық бірлестіктер, одақтар, коалиция және т.б.) сыртқы саяси стратегиясының немесе олардың экономикалық қуатының туындысы ретінде қарауға саяды.

Геоэкономика тұжырымы көп жағдайда мемлекеттің қызметін және халықаралық қатынастардың жаңа жүйесін қалыптастыруда жаһандану мен өңірлену үрдістерін ескере отырып, жаңа либералды талқыдағы экономикалық процестердің үстемдігін негіздейді. Бұл жерде бірқатар ғалымдар геоэкономикалық саясаттың негізгі мақсаты мемлекет тарапынан әлемдік нарықта ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін мейлінше жағдай жасауда деп санайды [65].

Біз өз тарапымыздан қандай да бір мемлекеттің және оның шаруашылық жүргізуші субъектілерінің ұлттық, халықаралық немесе ғаламдық бәсекеге қабілеттілігін арттыру көптеген жағдайларда мемлекеттің жүргізіп отырған сыртқы экономикалық (экспортты қолдау, сыртқы нарықтарға шығуға жағдай жасау, шетелдік инвестицияларды, технологияларды, ғылыми әзірлемелерді тарту және басқалар) және ішкі экономикалық (ғылыми зерттеулерді, технологиялық және инновациялық қызметтерді қолдау) саясаттарына тәуелді деп есептейміз. Бұл контексте бәскелестікті арттыру бойынша практикалық мақсат-міндеттерді жүзеге асыруға қолайлы сыртқы ортаны қалыптастыруға бейімделген экономикалық дипломатияның атқаратын рөлі айрықша.

Осылайша, геоэкономиканы сыртқы саяси стратегияның өрісті бағыты ретінде қарауға негіз туындайды. Геоэкономика экономикалық құралдар мен амалдарды қолдану арқылы сыртқы саяси мақсаттарға қол жеткізуге қабілетті. Бұл контексте оның зерттеушілік әлеуеті экономика шеңберінен шыға отырып, сыртқы саясат пен халықаралық қатынастарға ықпал ететін факторлар қатарын толықтыруы қисынды [46]. Осы орайда сыртқы саясаттың геоэкономикалық өлшемі мемлекеттің халықаралық беделі мен ықпалын көтеру үшін сыртқы саяси қызметті экономикалық дамудың басым мақсаттарына бағындырады [63, p. 22].

Зерттеуіміздің тақырыбы Франция елінің экономикалық дипломатиясы болып отырғандықтан, осы елдің геоэкономика мектебінің теориялық еңбектеріне ерекше көңіл бөлуді орынды санаймыз.

Францияда геоэкономикалық тұжырымды халықаралық қатынастар теориясының, геосаясатпен пен экономикалық ғылымның басты дербес бағыты ретінде «Геоэкономикаға кіріспе» («Introduction - Pourquoi la géoéconomie?»)

еңбегінің авторы және халықаралық саясат пен геэкономикалық мәселелерді зерттейтін «Choiseul» институтының президенті Паскаль Лоро дамытып келеді [66]. Айта кетейік, француз профессоры Астанада өткен ЭКСПО-2017 халықаралық мамандырылған көрмеде Француз Республикасының Бас комиссары қызметін атқарды.

Паскаль Лоро бойынша, геэкономика мемлекеттің экономикалық және сауда стратегиясын ұлттық экономиканы қорғауға бағытталған саясат призмасы арқылы қарайды. Бұл ретте мемлекеттің басты мақсатының бірі - ұлттық компанияларға жаңа технологияларға қол жеткізуге және әлемдік сату нарықтарына шығуға көмек көрсету. Осы орайда француздық ғалым геээкономикалық саясатты микроэкономикалық деңгейде іске асырудың маңыздылығын атап көрсетеді, себебі мемлекеттің күш-қуаты немесе бәсекеге қабілеттілігі, ең алдымен, ұлттық компаниялардың қуаттылығына және олардың ықпал жасау салаларына байланысты. Бұл көзқарасқа сай, геээкономиканың мақсаттары экономикалық дипломатияның алдына қойылатын міндеттермен сәйкес келеді және *«шабуылдық экономикалық дипломатия»* (diplomatie économique offensive) мемлекеттердің геээкономикалық стратегиясының айқын көрінісі болып табылады [67].

Геээкономиканың мәнін анықтауға арналған басқа да ұстанымдар мен көзқарастар бар. Әйгілі француз ғалымы және саясаткері, Еуропалық қайта құру және даму банкінің (ЕҚДБ) бірінші басшысы Жак Аттали әлемдік тәртіптің геээкономикалық жазықтыққа өтуін жан-жақты негіздейді. Ол «Ақша дәуірі» басталады, онда бүкіл әлемде ақпараттық технологиялардың белсенді дамуымен бірге бірыңғай идеология мен нарық жүйесінің бекіп орнауы әлемнің біртекті болуына және геосаяси доминантаның кейінге ысырылуына алып келеді деген жорамал жасайды [68].

Жак Аттали де Паскаль Лоро сияқты әлемдік экономикалық полюстер арасындағы геээкономикалық күрестің өзектілігіне баса назар аударады. Осы контексте геээкономика географиялық, мәдени, идеологиялық, этникалық, діни және классикалық геосаясаттың негізін қалайтын өзге факторларды емес, тап осы экономикалық критерийлерді артықшылық ретінде қарастырады.

Француздық саясаттанушы Филипп Моро Дефарж геээкономикалық тәсілдің құралдары мен тетіктері арсеналына қатысты геээкономикалық күш әскери қаруға қарағанда мәселелердің неғұрлым «жұмсақ» құралдар арқылы шешілуіне мүмкіндік береді деген ұстанымды ілгерілетеді [69]. Осындай пікірді басқа зерттеушілер де қолдайды. Мысалы, Г.Ф.Федосеева геээкономикалық тәсіл адам өмірін және жер бетіндегі бейбітшілікті сақтау тұрғысында неғұрлым тартымды және гуманистік болып табылады деп санайды [70]. Басқаша сөзбен айтқанда, жаһандық бәсекелестіктің артуы жағдайында әлемдік экономикалық немесе саяси артықшылық үшін «қантөгіссіз шайқаста» экономикалық дипломатияның әдістері ерекше мәнге ие.

Дегенмен қазіргі таңда экономикалық сипаттағы мәселелерді геосаяси тәсілдермен күш арқылы шешудің жақтастары басым болып отырғанын жоққа шығаруға болмайды. Осылай дей тұра, бейбітшілікті сақтау тұрғысында жаңа

әлемдік тәртіп пен экономикалық кеңістікті қалыптастыру ісінде геэкономикалық немесе «қантөгіссіз» тәсілдің өзектілігі барынша артады деген болжаммен келіспеуге де болмайды. Осы себептен геэкономикалық парадигма шеңберінде басым әдістер ретінде неғұрлым бейбіт құралдарды қолданудың қолайлығына баса назар аудару маңызды.

Итальяндық ғалымдар (Карло Жан, Паоло Савона және тбб.) біршама өзгеше тәсілге сүйенеді, олар геэкономиканы тек мемлекеттердің негізгі субъектілер ретінде рөл атқаратын (корпорациялар, трестер мен банктер жатпайды бұл топқа) халықаралық бәсекелестіктің жекелеген аспектілерін зерттейтін ғылыми бағыт ретінде қарастырады [71].

Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев өз кезегінде заманауи геэкономикалық тәртіптің ерекшелігі әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінің жаңа технологиялық қалыпқа – дәстүрлі өнеркәсіп экономикасынан жоғары технологиялар экономикасына көшуінде жатыр деген пікір білдіреді. Бұл қозқарасқа сәйкес, инновацияларды енгізу ауқымы мен жылдамдығы бұрын-соңды болмаған, сондықтан өзінің технологиялық дамуында артта қалған елдер «кедейліктің технологиялық тұзағы» деп аталатын әлемдік дамудың жиегінде ұзаққа немесе тіпті өмір бойы қалып қоюға тәуекелге бел буады [72].

Ресей геэкономика мектебінің жетекші өкілі Э.Кочетов өзінің «әлемдік экономикалық кеңістікті игеру» тұжырымында геэкономиканы жаһандандудың салдары деп санайды. Ол геэкономиканы қолданбалы пән ретінде қарастыра отырып, қазіргі жаһандық кеңістікте экономикалық мүдделерді қорғау және бәсекеге қабілеттілікті арттыру үшін әлемнің геээкономикалық атласын ескермеу мүмкін емес деп есептейді. Ғалымның пайымдауынша, тек сонда ғана ел тұрақты экономикалық дамуға жетеді және әлемдік кірісті қайта бөлу есебінен өзінің бюджетін толықтыруды қамтамасыз ете алады [73].

Ресейлік ғалым А.Некlessa өзгеше көзқарасты алға тартады, ол экономика мен саясаттың бірігу факторын басшылыққа ала отырып, заманауи геээкономикалық әлемқалыптың «гексагоналдық», яғни алты қабаттан тұратын моделін ұсынады [74].

Бірқатар ғалымдар геээкономика басымдылығын геосаясаттан жоғары деп санап, ағымдағы әлемдік құрылымды «геээкономикалық» тәртіп ретінде қарастыруға бейім [75]. Алайда, біз әлемде геосаяси мүдделердің әлі де үстем болып отырғанын ескеріп, бүгінгі тәртіпті дәстүрлі геосаясаттың белгілері сақталған және экономикалық факторлардың артып жатқан ықпалына бейімделетін *геээкономика мен геосаясаттың қоспасы* ретінде сипаттауды қисынды деп есептейміз.

Қорытындылай келе, ХХІ ғасырдың басында күштік қақтығыстардың орын алып отырғанына қарамастан, ғаламдық бәсекелестікте артықшылықтарға жету үшін экономикалық тәсілдердің басымдығын білдіретін әлемнің геээкономикалық келбеті анық қалыптасып келеді деген пайым жасауға болады.

Бұл ретте геоэкономика әлемдік дамудың жаңа парадигмасы ретінде экономикалық дипломатияның жаңашыл анағұрлым жетілдірілген құралдарын әзірлеудің теориялық және тәсілдемелік негізі болуға қабілетті.

1.3 Экономикалық дипломатияның методологиялық тұғыры

Экономикалық дипломатия біршама жаңа ғылыми құбылыс ретінде терең әрі жан-жақты саралауды талап етеді. Осы ретте оның зерттеу объектісі ретінде пәнаралық сипатын және экономика мен саясаттың түйіскен тұсында тұрғандығын ескерген жөн.

Жалпы қандай да бір ғалым зерттеудің өзіндік әдіснамасын қолданатыны белгілі. Мысалы, Рэймонд Санер мен Лиша Юи экономикалық дипломатия акторларын талдауға ерекше мән береді (мемлекеттік, мемлекеттік емес, ұлттықтан жоғары тұратын акторлар) [61, p. 27; 76].

Экономикалық дипломатияны деңгейлі талдауына Донна Ли және Дэвид Хадсон сияқты ғалымдар баса назар аударады, олар микро және макроэкономика қағидаттарының негізінде экономикалық дипломатияның нұсқалылығын жан-жақты қарастырады [58, p. 356].

Мина Якоп пен Мари-Лиз ван Веенстра экономикалық дипломатияның «шабуылдық» әрі «қорғаныстық» сипатындағы құралдарын, атап айтқанда санкциялар, келіссөздер, қаржылық көмек, ақпараттық-насихаттау қызметін және тағы басқаларды талдауға жүгінеді [55].

Профессор Т.С.Сулейменов болса дипломатияның маңызды құралы ретіндегі келіссөздерге ерекше мән береді [77]. Зертетушілердің басым бөлігі заманауи экономикалық дипломатияның әртүрлі формалары мен түрлеріне назардан тыс қалдырмайды [78-81].

Экономикалық дипломатияның салалық бөлінуі тұрғысынан әдіснамалық жіктеу, жоғарыда айтып өткендей, мемлекеттің сыртқы экономикалық қызметіне қатысты елдің ұлттық мүдделерін қамтамасыз етудің бірыңғай міндетіне бағынатын дипломатияның басқа түрлерін біріктіреді.

Заманауи озық әдістерді сараптау негізінде экономикалық дипломатияны зерттеудің жалпы ғылыми және арнайы әдістерін қамтитын *методологиялық карта* (сурет 2) ұсынылады.



Сурет 2 - Экономикалық дипломатияның методологиялық картасы

Ескерту – Автормен құрылды

Біздің пікіріміз бойынша, жоғарыда ұсынылған әдістер экономикалық дипломатияны жүзеге асырудың ерекшеліктерін неғұрлым толық зерделеуге мүмкіндік береді. Жалпы ғылыми деп белігленген функционалды, жүйелік және институционалды әдістер экономикалық дипломатияның негізгі көрінісін тұтастай қарауға мүмкіндік береді.

Функционалды әдіс зерттеу объектісінің мақсаттарын, қызметтік міндеттерін, әдістерін, қолдану саласын, сондай-ақ қазіргі әлем жағдайында оның басқа да сипаттамалары мен айрықша белгілерін анықтауға жағдай жасайды [82].

Жүйелік әдіс экономикалық дипломатияға бірыңғай жүйе ретінде ден қою арқылы зерттеудің функционалды түрінен түбегейлі ерекшеленеді. Бұл тәсіл экономикалық дипломатияның ғылыми құбылыс ретіндегі бүтін көрінісін алып қарауды мүмкін етеді.

Аталған тәсілді қолдану барысында акторлар жиынтығына, сондай-ақ елдің саяси-экономикалық мүдделерін алға бастыруға жауап беретін мемлекеттік және мемлекеттік емес құрылымдарға баса назар аударылады. Бұдан бөлек, бұл тәсіл тұтас алғандағы мемлекеттің сыртқы саясатының жүйесін талдау деңгейімен сәйкестендіріп байланыстырады. Ол мемлекеттің ахуалын нақты тарихи кезеңдегі халықаралық қатынастар жүйесінің призмасы арқылы қарайды. Жүйенің өзгеруі оның экономикалық аспектісін қоса алғанда,

сыртқы саяси бағытты жүзеге асыру қағидаттары мен әдістерін таңдауға ықпал етеді.

Институционалдық тұрғыдан заманауи экономикалық дипломатия билік және мемлекеттік емес құрылымдардың өзара іс-әрекетіне негізделген ұлттық мүдделерді қорғаудың және оны ілгерілетудің жоғары деңгейде құрылған құрылымына, дамыған жүйесіне сүйенуін міндеттейді. Басқаша айтқанда, экономикалық дипломатияның институционалдық тұғырнамасын қамтамасыз ету, мемлекеттің экономикалық дамуына көмектесетін халықаралық іскерлік байланыстарды дамытуды мақсат ететін, өзара әрекет жасайтын мемлекеттік, жартылай мемлекеттік және жеке құрылымдардың жүйесі.

Экономикалық дипломатияның негізгі бейінді институционалды құрылымын сыртқы істер министрліктері, сондай-ақ елдің сыртқы саясатының экономикалық құрамбөлігі үшін жауап беретін ведомстволар мен басқа да мемлекеттік билік органдары құрайды.

Бұл жерде экономикалық дипломатияның міндеттерін орындауға қажетті кадрлық әлеуеті және шетелдік өкілдіктерінің (елшіліктер мен консулдықтар, сауда өкілдіктері және т.с.с.) бар болуы маңызды фактор болып саналады [47, р. 198]. Сонымен қатар, елдің сыртқы саясатын жүзеге асыруға және саудасаттық саласында келіссөздерді жүргізуге жауапты мемлекеттік ұйымдардың мамандандырылған құрылымдарын атап өтуге болады.

Әлемде қазіргі таңда экономикалық дипломатияның институционалдық жүйесінің бірнеше моделі қалыптасқан [83]. Бірінші үлгі бойынша, экономикалық дипломатияны жүзеге асырудың басты үйлестірушісі болып сыртқы істер министрліктері есептеледі, ал экономика, қаржы және басқа да министрліктер өздерінің дәстүрлі рөлдерін атқарады. Екінші модель бойынша, экономика және қаржы министрліктері жетекшілік етеді, олар сыртқы экономика саласына қатысты шешімдерді тәуелсіз қабылдайды. Үшінші үлгіге сәйкес, сыртқы істер мен экономикалық блок министрліктері біркелкі деңгейде қызмет атқарады.

Дегенмен бұл классификация шартты болып келеді, себебі экономикалық дипломатияның көздеген мақсаттарын, яғни институционалдық тұрғыдан қай министрліктің жетекші рөл атқаратынын мемлекеттің саяси және экономикалық мүдделерінің теңгерімі айқындайды. Мысалы, саясат пен экономика салаларындағы мүдделер сәйкес келген жағдайда сыртқы саясаттың негізгі мақсаты экспортты дамыту және инвестицияларды тарту болып есептеледі, яғни осы жағдайда сыртқы істер министрлігі экономика министрлігінің толық немесе ішінара құзыретін атқарады. Сыртқы саясатта қауіпсіздік мәселесі және тағы басқа осы сияқты ұлттық мүдделерді қорғау міндеті басым болса, онда сыртқы істер министрлігі (саяси мақсаттар) мен экономика министрлігінің (экономикалық мақсаттар) ұстанымдары сәйкес келеді немесе олардың арасында қайшылықтар пайда болады.

Жалпы практикада жоғарыда берілген институционалдық үлгілер таза күйде сирек кездеседі. Мемлекеттердің көпшілігінде әрбір елдің өзіндік

ерекшеліктерін ескере отырып, аралас немесе әртүрлі дәрежедегі элементтердің біріктірілген нұсқасы қолданылады.

Осылайша, біз жүйелік, функционалды, институционалды тәсілдерден тұратын жалпы ғылыми әдістердің негізінде зерттеуіміздің методологиялық тұғырнамасын қарап шықтық. Бұл тәсілдер жалпылама сипатқа ие және барлық ғылыми ізденістерге ортақ болып келеді.

Осы себептен біз қосымша арнайы методологиялық қағидаттар мен тәсілдерге жүгінуді жөн көреміз. Олардың бірі - экономикалық дипломатия субъектілерін зерттеумен айқындалатын *акторлық* тәсіл.

Бұл тәсіл институционалды әдіспен тығыз байланысады, сонымен қатар экономикалық дипломатияның ұлттық, ұлттықтан жоғары тұрған және ұлттықтан тыс өзара іс-қимылының ерекшеліктерін барынша терең анықтауға мүмкіндік береді.

Кейбір зерттеушілер (Николас Бейн, Стефан Вулкок) экономикалық дипломатияның акторларын үш топқа бөледі [38, p. 25-28]:

– атқарушы және заңнамалық билік органдарын қамтитын мемлекеттік ұлттық акторлар (МҰ);

– өнеркәсіп пен кәсіпкерлер одағы, салалық қауымдастықтар, лоббистік топтар және түрлі іскерлік ұйымдар тұлғасындағы ұлттық мемлекеттік емес (ҰМЕ) құрылымдар;

– ұлттықтан жоғары тұрған (ҰЖТ) немесе трансұлттық акторлар: халықаралық ұйымдар және трансұлттық компаниялар.

Бірқатар ғалымдар акторлардың жалпылама классификациясын ұсынады және ұлттық мемлекеттік емес құрылымдар мен түрлі халықаралық ұлттықтан жоғары тұратын реттеуші органдарды қоса алғанда, оларды мемлекеттік (ұлттық жауапты ведомстволар) және мемлекеттік емес деп екі санатқа бөледі [61, p. 12].

Алайда экономикалық дипломатияның ҰЖТ акторларының қатарына мемлекеттердің бірлестіктері – өңірлік интеграциялық топтастықтар (ЕО, ЕАЭО, НАФТА және т.б.), мемлекеттер коалициялары мен экономикалық процестерге тартылған халықаралық ұйымдарды (ДСҰ, ОПЕК, Дүниежүзілік банк, ХВҚ және басқалары) жатқызуға болады [55].

ҰМЕ ойыншыларына мемлекетке тәуелсіз ұлттық сыртқы экономикалық қызметке тартылған мемлекет ішіндегі шаруашылық қызметтің маңызды қатысушыларын да қосуға болады. Осы қатардағыларға, көбінесе, ұлттық тұрғылықты жері бар және нақты бір мемлекеттің мүдделерін ескеріп жұмыс істейтін трансұлттық компанияларды (ТҰК) қосқан абзал.

ТҰК-тің классикалық ұғымын ескерсек, оларды түрлі үкіметтік емес халықаралық ұйымдарды (ҮЕХҰ) біріктіретін мемлекеттік емес ұлттықтан тыс акторлар санына жатқызуға болады. Әдетте, ҮЕХҰ-лар жаһандық немесе өңірлік, әмбебап және мамандандырылған болып келеді. Аталған ұйымдардың қызметі экономикалық сипатта болмаса да олардың көпшілігі қомақты қаржылық және адами ресурстарды шоғырландырады және экономикалық процестерге тікелей ықпал етуге қабілетті. Түрлі елдерде өндірісті дамытуға

бірнеше рет ықпал еткен «Гринпис» ұйымының жұмысын нақты мысал ретінде келтіруге болады.

Осылайша, экономикалық дипломатияның акторларын «мемлекеттік/ мемлекеттік емес» және «ұлттық/ұлттықтан жоғары тұратын (ұлттықтан тыс)» параметрлері бойынша екі үлкен топқа бөлуге болады. Жинақталған түрде экономикалық дипломатияның акторлар құрамы төменде (кесте 1) беріледі.

Кесте 1 - Экономикалық дипломатияның акторлары

Атауы	Мемлекеттік	Мемлекеттік емес
Ұлттық	Атқарушы және заң шығарушы мемлекеттік органдардың жиынтығы	Ұлттық компаниялар, іскерлік топтар, өнеркәсіпшілер мен кәсіпкерлер одағы, салалық қауымдастықтар, лоббистік топтар трансұлттық компаниялар
Ұлттық органдардан жоғары	Мемлекеттер бірлестігі, коалициялар, өңірлік интеграциялық топтар, халықаралық экономикалық ұйымдар	Үкіметтік емес ұйымдар, трансұлттық компаниялар, халықаралық ұйымдар
Ескерту – Дереккөздер негізінде құрылды [61, р. 12; 76, р. 84]		

Экономикалық дипломатияның әдіснамалық қартасы шеңберінде оның *салалық түрлері* бойынша талдауы ерекше маңызды.

Американдық зерттеуші Джеффри Пигманның пікірінше, экономикалық дипломатияның жиырмадан астам түрі кездеседі. Олар мемлекеттің шет елдердегі мүдделерін қорғау барысында саяси және экономикалық тұрғыда жүзеге асырылатын мақсаттары мен атқаратын міндеттеріне байланысты айрықша белгілерге ие [84].

Экономикалық дипломатияның салалық бөлінуі кәсіби қолдану ортасы, мақсаттары мен атқаратын міндеттердің ерекшеліктері, ықпал ету құралдары мен тетіктерінің және тағы басқа факторлармен айшықталады. Жалпы оның қазіргі таңда кең таралған салалық түрлері көп, мысалы, сауда дипломатиясы; энергетикалық дипломатия; атомдық дипломатия; ғарыштық дипломатия; монетарлық дипломатия; теңіз дипломатиясы; гастрономиялық дипломатия; өнеркәсіптік дипломатия; ауыл шаруашылығы дипломатиясы; кедендік дипломатия; көлік дипломатиясы және тағы басқалары [85, 86].

Экономикалық дипломатияның қызмет ететін салаларын қарастыру аясында оның *коммерциялық* (commercial diplomacy) және *сауда* (trade diplomacy) түрлеріне тоқталып өту маңызды. Себебі оларды кейбір жағдайларда экономикалық дипломатия ұғымынан ажыратып түсіндіреді, кейде тіпті экономикалық дипломатия ұғымына қарсы қояды. Мысалы, Сауда және коммерциялық дипломатия институты (ITCD) коммерциялық дипломатияны «коммерциялық бейімі бар дипломатия», яғни мемлекеттердің билік құрылымдарына ықпал етуге, сауданы ілгерілетуге және инвестицияларды ынталандыратын тиісті саяси, нормативтік құқықтық шешімдерді алға бастыруға арналған дипломатия ретінде айқындайды.

Комерциялық дипломатия жайында Донна Ли мен Дэвид Хадсон ол сыртқы істер министрліктерінің, шетелдік дипломатиялық миссиялардың, мемлекеттік лауазымды тұлғалардың, басқа органдардың, мысалы, сауда өкілдіктерінің, сондай-ақ жеке экономикалық субъектілердің бизнес пен экономиканың қаржы секторын қолдау мақсатындағы жұмысы деп көрсетеді [58, p. 343]. Аталған авторлар дипломатияның комерциялық түрінің негізгі міндеттері ішкі және сыртқы инвестицияларды көтермелеу және экспортқа көмек көрсетуге саяды деп пайымдайды.

Сарапшылардың көпшілігі комерциялық дипломатияның осы сияқты түсіндірмелері мен оның қолданбалы белгілеріне сүйене отырып, экономикалық дипломатияны комерциялық дипломатияны қамтитын ауқымды құбылыс деп санайды. Бұған дәлел ретінде экономикалық дипломатия нарықтардың жұмысын жақсарту, халықаралық деңгейде танылған стандарттарға қол жеткізу, меншік құқығын және бизнес жүргізуді жеңілдету үшін дұрыс саяси ахуалды қалыптастыру мақсатында мемлекеттік саяси ықпалды пайдаланады деген Теодорос Скилакакистің пікірі алға тартылады [87].

Экономикалық дипломатия мен комерциялық дипломатия арасындағы айырмашылыққа экономикалық және комерциялық дипломаттардың жұмыс істеу деңгейлерін анықтау арқылы көз жеткізуге болады.

Комерциялық дипломаттар компаниялардың, жеке кәсіпкерлік субъектілердің нақты мәселелерін шешу үшін қызмет атқарады. Түп мәніне келетін болсақ, Оливье Наррай жүргізген зерттеулер көрсеткендей, комерциялық дипломатия мемлекеттік көмекке мұқтаж белгілі бір компаниялардың қызметін сүйемелдей отырып, микроэкономикалық деңгейде жүзеге асырылады, бірақ олардың қызметі мемлекеттің сыртқы экономикалық қызметінің барлық ауқымын қамтитын экономикалық дипломатия мұқтаждықтарына бағынады [88, 89].

Д.А.Дегтерев өз кезегінде комерциялық дипломатияны ақылы түрде сыртқы экономикалық қатынастарға қатысатын жеке кәсіпкерлік субъектілерге көрсететін қызметке теңейді [90].


Жалпы қолжетімді еңбектер мен әдебиетті зерделеу арқылы экономикалық дипломатияның бірыңғай терминологиялық базасы мен ұғымдық аппаратының қалыптаспағандығынан комерциялық және экономикалық дипломатия терминдерін бірыңғай дәйектеу әзірше мүмкін емес. Нақты айтқанда, негізгі мәселе ағылшын тілді зерттеулерде «комерциялық» дипломатия (commercial diplomacy) термині «микроэкономикалық» дипломатия ұғымына теңдестірілуінде болып отыр. Ағылшын тілді ғалымдар үшін «economic diplomacy» мен «commercial diplomacy» терминдері «континенталды» (еуропалық) зерттеушілер қолданатын «макро» және «микро» экономикалық дипломатия ұғымдарына сәйкес келіп отыр [29, с. 30].

Сауда дипломатиясына (trade diplomacy) келер болсақ, ол микро- және макроэкономикалық деңгейлерде жүзеге асырылады, сондай-ақ негізінен

сыртқы сауда саясаты мен тауар айналымын дамыту мәселелерімен айналысады.

Тарихи тұрғыда экономикалық дипломатия қарапайым сауда-саттық айырбасы түрінде дамығаны анық. Бұл тұжырымды зерттеушілердің көпшілігі жоққа шығармайды. Уақыт өте келе халықаралық қатынастар мен жалпы әлемдік экономиканың күрделенуіне орай, сондай-ақ жаңа акторлар мен институттардың қалыптасуына байланысты сауда дипломатиясы экономикалық дипломатияның ішкі түріне айналды. Қазіргі кезеңде оның басты мақсат-міндеті ұлттық кәсіпорындарға, әсіресе шағын және орта бизнеске экспорттық өнімді сыртқы нарықтарға шығаруға қолдау көрсетуге келіп саяды.

Жалпы экономикалық дипломатияның және сауда мен коммерциялық дипломатия сынды түрлерінің өзара байланысын Мина Якоп төменде берілген сурет 3 көрсетеді [91].



Сурет 3 – Экономикалық, коммерциялық және сауда дипломатияларының өзара байланысы

Ескерту – дереккөз негізінде толықтырылды [91, р. 8]

Жоғарыдағы үшбұрыш экономикалық дипломатияның жиынтық түрін білдіреді, ал оның *көлеңкеленген шыңы* экономикалық дипломатияның элементі ретіндегі коммерциялық дипломатияға (микроэкономикалық деңгей) жатады. Бұл сызбаны біз өз тарапымыздан толықтырып, *үшбұрыштың орта тұсына* (микро- және макроэкономикалық деңгейлерде) сауда дипломатиясын енгіздік. Сонымен қатар, үшбұрыштың ішінде экономикалық дипломатияның нақты бір түріне тән институттар мен акторлары орналастырылды.

Осылайша, экономикалық дипломатияның салалық түрлері экономикалық құрамбөлік қатысатын адам қызметінің барлық саласын дерлік қамтиды. Өзіне тән шаруашылық қызметті жүзеге асыратын нақты мемлекет үшін экономикалық дипломатияның салалық түрлері әмбебап немесе айырықша болып келуі мүмкін.

Экономикалық дипломатияның *деңгейлік* талдауына негізделген әдіснама оны микро- және макродеңгейлерге бөлу арқылы зерделенеді.

Микродеңгейге жалпы халықаралық нарықтарға шыққан немесе шығуға ниетті ұлттық компанияларды қолдау жатқызылады. Бұл қолдау түрлі арналар бойынша іске асырылады және мемлекеттің шетелдегі өкілдіктер, мамандандырылған сыртқы сауда агенттіктері мен қаржылық-несие мекемелері сияқты өзара әрекеттесетін құрылымдар кешенінен тұрады. Аталған құрылымдар ұлттық сауда мүдделерін алға бастырудың түрлі әдістерін пайдаланады (қаржылық тетіктер, бизнесті саяси тұрғыда қолдау және т.с.с.).

Еске сала кетейік, негізінен ағылшын тілді әдебиетте «микроэкономикалық» дипломатия терминінің орнына көп жағдайда «коммерциялық» дипломатия (commercial diplomacy) ұғымы пайдаланылады. Мысалы, бұл терминді өз зерттеу жұмыстарында Александр Мерсье кеңінен қолданады [92].

Макроэкономикалық дипломатия болса мемлекеттердің өздерінің экономикалық мүдделерін қорғау кезінде ұлттық экономиканың шет елдермен өзара іс-әрекетін жақсартуға бағытталған қызметін білдіреді [93]. Басқаша айтқанда, макроэкономикалық дипломатия ғаламдық және өңірлік деңгейлерде мемлекеттің ұлттық экономикалық мүддесін ілгерілету мақсатында жүргізіледі.

Макродеңгейінде төменде көрсетілген құрылымдар мен органдар қызмет атқарады [47, p. 145-149]:

- экономикалық дипломатияның стратегиясын әзірлеуге жауап беретін атқарушы билік органдары;
- экономикалық дипломатия саласында ведомствоаралық үйлестіруді қамтамасыз ететін органдар;
- нақты мәселелер бойынша кеңестер беретін сараптамалық немесе консультациялық органдар.

Өз тарапымыздан Қазақстан мен Франция сияқты елдердің мысалында соңғы топтың ішінде экономикалық дипломатияның нақты шаруашылық міндеттерін, экспортты сақтандыру мен қаржыландыру, инвестицияларды тарту, туризмді дамыту және басқа мәселелермен айналысатын мамандандырылған органдарды атап көрсеткен жөн.

Соңғы жылдары микро және макро деңгеймен қатар, экономикалық дипломатияда «мезо», яғни «орташа деңгей» деген термин айналымға енгізілуде. Мысал ретінде Еуропалық Комиссияның вице-президенті Юрки Катайнен 2016 жылы «*Біз (Еуропалық одақ) басқа елдермен және МЕРКОСУР немесе АСЕАН сияқты аймақтармен сауда, сондай-ақ инвестициялық серіктестікті дамытуды білдіретін «мезоэкономикалық дипломатия» деп аталатын үшінші деңгейді енгізуді қалаймыз*» деген мәлімдемесін келтіруге

болады [94]. Бұл ретте аймақтық тәсілге арқау еткен дипломатияның мезо-экономикалық деңгейі экономикалық дипломатияның дәстүрлі дихотомиясын (макро-микро) үшінші деңгеймен толықтыруы мүмкін деп есептейміз.

Экономикалық дипломатияның *құралдық* аспектісін қарастырған кезде, «қатаң» және «жұмсақ» күш ұғымдарына тағы бір рет оралу қажет. Себебі экономикалық дипломатияға ықпалдың осы екі түрі кіретіндігін анықтаған болсақ, онда оның мақсат-міндеттерін іске асыру құралдар жиынтығы да «жұмсақ» күш (саяси-дипломатиялық иінтіректер) әрі «қатаң» күш (экономикалық иінтіректер) құрауыштарын қамти алады [95].

Құралдардың «қатаң» санатына қаржылық шектеудің түрлі формалары (шоттарға тоқтам салу, қаржылық операцияларға тыйым салу, мүлікке иелік етуді шектеу, несиелер беруге тыйым салу және т.с.с.), сондай-ақ экономикалық санкциялар мен сауда эмбаргосы жатады. Рюэль Хуубтың пікірінше, олар негізінен «мәжбүрлеуші» сипаттағы функцияларды атқарады [85, p. 112-128].

Сонымен бірге, осы санатқа кейбір жағдайларда инвестициялар салу, несиелендіру мен көмек көрсету сияқты «ынталандырушы» үлгідегі экономикалық құралдар тобы да жатқызылуы мүмкін. Мәселен, ең төмен дамыған немесе кедей мемлекеттерге даму үшін ресми көмектің жалпы әлемдік даму мен тұрақтылықты орнату ісіндегі маңызы зор екендігін мойындай отырып, экономикалық көмек беруші елдің (донор) шынайы ұмтылысы реципиент-елге ішінара ықпал етуді көздейтіні белгілі. Ықпал әрекеті әдетте көмек түріне қарай сыртқы борыш, белгілі бір қаржылық міндеттемелер немесе инвестициялар салу не болмаса тежеу арқылы жүзеге асырылады.

Экономикалық дипломатия құралдарының «қатаң» құрамбөлігі ықпал етудің мәжбүрлеуші және ынталандырушы жиынтығын қамтиды. Бұл ретте зор тиімділікті аталған дипломатия құралдарын үйлесімді қолдануы көрсетеді деген пайым алдыңғы параграфтарда жасалған. Дегенмен, мұндай тәсілге жүгіну кезінде мемлекеттің салалық тұрғыда бағдарлануы және оның жалпы экономикалық күш-қуаты сияқты факторларды ескеру қажет.

Экономикалық дипломатияның «жұмсақ» немесе саяси-дипломатиялық иінтіректер тобына дәстүрлі дипломатияның консультациялар, кездесулер, сапарлар, өтініштер, ноталар, талқылаулар, халықаралық ұйымдардың жұмысына қатысу және басқалары сияқты құралдары кіреді.

«Жұмсақ» әдістердің ең маңызды және тиімділерінің бірі келіссөздер болып табылады. Бұл жерде тараптар өзара пайдаға жетуді көздейтін «ұту-ұту» (win-win) стратегиясы сияқты келіссөздер әдістері мен тәсілдері ұтымды болып саналады. Іс жүзінде келіссөздер барысында ортақ мүдделерді табуға ұмылыс арқасында келіспеушіліктерді шешіп және ақырында ымыраға қол жеткізіп, тиісті шешімдерді қабылдауды мүмкін етеді. Профессор Т.С.Сулейменовтің келіссөздер саясат, экономика және бизнестегі мемлекеттер мен халықтар арасындағы өзара түсіністікке қол жеткізудің қажетті құралы деген пікірді ерекше атап өткен жөн [77, с. 6-7].

Экономикалық дипломатияның *түрлерін* зерттеу әдіснамасы оның үш түр негізінде жұмыс істейтіндігін айқындайды: *екіжақты, өңірлік және көпжақты*.

Халықаралық қатынастарда кеңінен таралған *екіжақты* дипломатияның орны қашан да маңызды. Ол сауда-саттық, инвестициялар, жұмыспен қамту, салық салу және еркін сауда туралы екіжақты келісімдерді, сондай-ақ екі тарап арасындағы формалды және бейформалды экономикалық мәселелерді қамтиды. Донна Ли мен Дэвид Хадсон экономикалық дипломатия жүргізуде тап осы екіжақты деңгей негіз болатынын атап көрсетеді [58, p. 351].

Экономикалық дипломатия саласында *өңірлік* ынтымақтастық та үлкен маңызға ие. Көптеген мемлекеттер үшін ұлттық экономикалық мүдделерді түрлі өңірлік интеграциялық бірлестіктерге қатысу арқылы қорғап және сақтап қалу басты мақсат болып табылады.

Экономикалық дипломатияның өңірлік түрі ортақ мақсаттар мен міндеттерді іске асыру үшін нақты бір өңірдің елдеріне аумақтық, мәдени, инфрақұрылымдық және экономикалық жақындықты тиімді пайдалануға басымдық береді [79, p. 342-368]. Осы тезистің дәлелі ретінде Еуропалық одақтағы Еуропа мемлекеттерін немесе Еуразиялық экономикалық одақ құрамындағы кейбір посткеңестік республикалардың әрекеттерін атап өтуге болады.

Көпжақты экономикалық дипломатия ДСҰ, БҰҰ-дың түрлі агенттіктері, ЭЫДҰ және көптеген халықаралық экономикалық, қаржылық ұйымдардың қызметі аясында жүзеге асырылады. Әлемнің жаһандануы жағдайында экономикалық мүдделері үйлесетін елдерді немесе жаһандық процестерге шешуші ықпал жасауға қабілетті мемлекеттерді біріктіретін «Үштіктер», «Төрттіктер», «Жетілік тобы», «Жиырмалық тобы» сияқты экономикалық дипломатияның жаңашыл формалары кең қолданысқа ие. Олар әлемдік және өңірлік мәселелерді шешудің тиімді тетігін қалыптастырады.

Кейбір зерттеушілер экономикалық дипломатияның *плюрилатеральды* түрін қосымша атап көрсетеді. Дипломатияның бұл түрінің мағынасы мемлекеттердің шектелген саны арасындағы сауда-саттық немес басқа келісімдерді жасасуға келіп саяды (плюрилатералды келісімдер) [38, p. 9].

Мамандардың пікірінше, дипломатияның аталған түрі арқылы мемлекеттердің белгілі бір тобы сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту барысындағы мәселелердің оңтайлы шешімін табуға мүмкіндік алады. Әдетте, плюрилатеральды дипломатия өңірлік мамандандыруға байланысты мәселелерге назар аударады. Бұл тұста плюрилатеральды және өңірлік деңгейлерді теңестіру мүмкін емес екенін атап өту керек. Себебі біріншісі өңіраралық әрі жаһандық деңгейдегі мәселелерді шешуге де қатыса алады.

Зерттеудің *Бірінші тарауын* қорытындылай келе, геоэкономиканың өсуі мен дәстүрлі геосаясати факторлардың сақталуы контекстінде экономикалық дипломатия әмбебап сыртқы саяси құралға айналып отырғанын анықтадық. Дипломатияның бұл түрі зор күштік қысым жасауға қауқарлы әлемнің алдыңғы қатарлы мемлекеттері үшін әрі өзінің сыртқы саясатында «жұмсақ»

тетіктерді пайдаланатын орташа және шағын мемлекеттер үшін де бірдей қолданымды [96].

Экономикалық дипломатия сыртқы саясатты жүргізудің тиімділігін қамтамасыз етуге қабілетті «Ақылды» күш тұжырымының шоғырландырылған көрінісі болып табылады. Бұл құралдың өзектілігінің артуына қазіргі таңда жүріп жатқан сауда-саттық текетірестер, саяси қысым көрсету үшін экономикалық санкция тетіктерін қолдану және тағы басқа да жағымсыз етек жайып жатқан құбылыстар көз жеткіздіреді.

Зерттеу аясында өзінің ішкі экономикалық проблемаларын шешуге және халықаралық деңгейдегі стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу үшін экономикалық дипломатияны ұтымды тетік ретінде пайдаланып отырған әлемнің жетекші мемлекеттерінің бірі Француз Республикасының тәжірибесі ғылыми және практикалық тұрғылардан қызығушылық тудырады. Осы орайда бұл тақырып Екінші тарауда жан-жақты талқыланатын болады.

2 ФРАНЦУЗ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСИ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ БІРІ РЕТІНДЕГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДИПЛОМАТИЯНЫҢ ТАЛДАУЫ

2.1 Француз Республикасы экономикалық дипломатиясының қалыптасуының негізгі кезеңдері

Әлемдік саясат пен экономиканың танылған субъектілерінің бірі - Француз Республикасы сыртқы саясатының экономикалық бағытын зерттеуге кіріспес бұрын, оның халықаралық қатынастардың қазіргі заманғы жүйесіндегі орнын нақтылап алған маңызды.

Францияның сыртқы саясаты 1958 жылдан бастап Генерал Шарль де Голль негізін қалаған Бесінші Республика тіршілігі барысында «қатаң» күш (ядролық қару, қарулы күштер, жоғары дамыған экономика) пен «жұмсақ» әсер ету (саяси құндылықтар, сыртқы саясат, мәдени мұра) ресурстарына сүйенетін халықаралық аренадағы ықпалы мен «ұлылығын» қалпына келтіруге тұрақты талпынысымен ерекшеленеді [97, 98].

Жетекші француз зерттеушілері, атап айтқанда, Халықаралық қатынастар жөніндегі француз институтының президенті (IFRI) Тьерри де Монбриаль өз елінің халықаралық аренадағы ағымдағы жағдайын былайша айқындайды: «XXI ғасырдың басында Франция алпауыт мемлекеттер арасында үлкен орташа держава ретінде орын алып отыр. Орташа держава дегеніміз - ресурстары бар және оларды өзінің ұлттық мүддесінің қызметіне тиімді жұмылдыра алатын қазіргі АҚШ пен Қытайдан басқа мемлекеттер» [99].

Басқаша айтсақ, Франция өзінің экономикалық және әскери ресурстарының шектеулі екенін мойындай тұра, әлемдік деңгейдегі үрдістерге тең құқықтық дәрежеде қатысуды өзінің ұлттық мүддесі деп санайды.

Францияның бұрынғы сыртқы істер министрі, социалист Юбер Ведрин «Франция көптеген мардымсыз акторлардың бірі де емес, не «орташа» держава да емес ... Ол гегемонияны жүзеге асыратын ұлы держава да емес» деген пікір білдіреді. Дипломаттың ойынша, Франция «классикалық түсініктегі астам держава да емес... Ол әлемдік ықпалы бар жеті немесе сегіз державаның бірі, яғни осы жаһандық саясатты жүргізу үшін қабілеті бар әлемдегі ірі елдердің бірі болып табылады» [100].

Француз мемлекетінің 2017 жылы сайланған басшысы Эммануэль Макрон «Францияның XXI ғасырдың жетекші державасына айналуға мүмкіндігі бар. Жеке тұлғалық прогрес, оның абыройы, республиканың әділ күші - біздің негізгі бағдарымыз. Біздің жалғыз идеологиямыз – Францияның кейбіреулерге ұнамайтын ұлылығын қалпына келтіру» деп мәлімдеді [101]. Бұл Бесінші Республиканың қазіргі басшылығының саяси мақсаты елдің әлемдегі мәртебесін қайта көтеру болып отырғанын растайды.

Біздің пайымымыз бойынша, мұндай өршіл ұмтылысты Париж әлемдік саясаттың ұрымтал мәселелерін реттеу (Сириядағы кикілжің, Украинадағы жанжал, Иран ядролық бағдарламасы айналасындағы жағдай және т.б.) ісінде белсенділігін арттыру арқылы білдіріп отыр.

Бесінші Республикада экономикалық дипломатияны саяси басымдық деңгейіне көтерген және оның заманауи жүйесін реформалауға мұрындық болған Лоран Фабиуске жүгінсек, Франция сияқты ел үшін «дипломатия галамдық болса гана нәтижелі болады. Оның бір жағынан стратегиялық дипломатия, басқа жағынан экономикалық, мәдени, адам құқықтары, даму саясаты, ғылыми немесе спорттық дипломатиясы сияқты бір-бірімен үйлесетін барлық қырлары француз дипломатиясын құрайды... Біз әлемдегі бірінші держава болмасақ та, ықпал етудің барлық түрлі арналарын жинақтағанда әлемде ықпал етудің қуаты бізде әлі де зор» деген түйінді сөзі француз дипломатиясының жоғары мансабын анық аңғартады [102].

М.Т.Лаумулин Францияның артықшылығын оның халықаралық аренада өзінің тарихы мен дипломатиялық белсенділігінің арқасында Батыс пен Шығыс, Еуропа мен Африка және жалпы әлем мүдделерінің қиылысқан тұсында тұрғанында көреді. Қазақстандық саясаттанушы бұл елдің экономикасы бірқатар құрылымдық кемшіліктеріне қарамастан, мықты тұғырланған және болашақта өсу мүмкіндіктеріне ие деген пайым жасайды [103]. Бұл ретте біз Франция супердержава бола алмаса да, әлемде салмағы бар мемлекет деген қазақстандық сарапшының пікірмен келісуге бейімбіз.

Бұған қосымша өз тарапымыздан ХХ ғасырда халықаралық қатынастарда Францияның ықпалының төмендеуіне себепші болған объективті жағдайларға қарамастан, оған әлемдік ықпалы бар держава мәртебесін сақтап қалуға төмендегідей факторлар әсер етті деген тұжырым жасаймыз.

Біріншіден, Франция – БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшесі, осы ұйымның барлық мамандандырылған органдарының жұмысына қатысады. Еуропалық Одақтың негізін қалаушылардың бірі ретінде (ГФР-мен бірге) еуропалық интеграцияда жетекші рөл атқарады. НАТО, ДСҰ, ЭЫДҰ, ЕҚДБ, ЕҚЫҰ және басқа да көптеген халықаралық ұйымдарға, сондай-ақ «Үлкен жетілік», «Үлкен жиырмалық» және басқа да бейресми форумдарға қатысады. Париж өкілдері тұрақты түрде халықаралық саяси және экономикалық құрылымдарда (БҰҰ, ХВҚ, ДСҰ, ЕҚЫҰ және т.б.) жетекші қызметтерді де жиі әрі белсенді атқарады.

Осының барлығы Парижге әлемдік саясат пен экономикада маңызды шешімдер қабылдауға ықпал етуге мүмкіндік береді.

Екіншіден, Франция әлемнің ең дамыған экономикаларының біріне ие – жалпы ішкі өнім бойынша (2,3 трлн. еуро) әлемде алтыншы (2016 жылы 5-ші орында болған), ал Еуропалық Одақта екінші орында тұр.

Франция Батыс Еуропаның орталығында орналасқан, бұл оған Жерорта теңізі мен Атлантикадағы басты сауда жолдарына шығуды қамтамасыз етеді. Француз елі еуропалық және әлемдік экономикамен байланыстыратын дамыған көлік-коммуникациялық инфрақұрылымдары мен желілері; бәсекелестікке қабілетті энергия саласы (80% ядролық энергетика); сапалы жоғары білім мен денсаулық сақтау сияқты әлеуметтік тиімді және қолжетімді жүйеге ие. Франция технологиялар мен инновацияларды әзірлеу саласындағы әлемдік

көшбасшылардың бірі болып саналады. Оның өз ғарыш бағдарламасы мен әртараптандырылған индустриясы бар.

Үшіншіден, өз аумағының көлеміне қарамастан (әлемдегі халықтың 1% (66,9 млн.), аумағы бойынша 48-ші орын), Францияның дипломатиялық желісі – 179 елшілік пен тұрақты өкілдіктер, 90 бас консулдықтар мен консулдықтар; 98 Француз институттары, 27 шетелде зерттеу институттары, 131 ынтымақтастық пен мәдени шаралар қызметтері, 386 «Альянс франсез» бөлімшелері, 497 француз тілін оқыту оқу орындарынан тұрады - бүкіл әлемде үшінші орында тұр (АҚШ пен ҚХР-дан кейін).

Париждің әлемде кең жайылған дипломатиялық өкілдігі француз дипломатиясының халықаралық істердегі белсенді рөлін айғақтайды [104].

Төртіншіден, Франция бұрынғы отаршылдық держава ретінде өзінің сыртқы саяси мүдделерін іске асыру үшін осы күнге дейін әлемнің жекелеген мемлекеттері және аймақтарымен дәстүрлі байланыстарын сақтап қалып отыр [105]. Париждің Таяу Шығыс мемлекеттеріне қатысты саясаты қақтығыстарды реттеуге қатысудан бөлек, қару-жарақ сатуға және энергия ресурстарын сатып алуға негізделеді. Африка елдерімен әр түрлі стратегиялық, экономикалық және көші-қон факторлары салдарынан ерекше қатынастар жүргізеді. Жерорта теңізі мемлекеттерімен (Жерорта теңізі одағы) тығыз ынтымақтастық жүргізуге мүдделі. Соңымен қатар, Париж жаңадан «көтеріліп» (émergents) келе жатыр деп айтылатын мемлекеттермен жақындасуға үлкен қызығушылық танытып отыр.

Бесіншіден, Франция - «жұмсақ» күштің шебер қолданушының үлгісі. Әлемдегі 30 жетекші ел арасында ықпал етудің «жұмсақ» компоненттерін пайдалану рейтингіне (Soft Power 30) сәйкес соңғы жылдары Франция АҚШ пен Ұлыбританияны ығыстырып, бірінші орынға көтерілді [106].

Францияның «жұмсақ» күші негізінен оның әлемде «*жарқырауын*» (rayonnement) қамтамасыз етуге, яғни француз еліне, оның идеялары мен іс-қимылдарына таңдандыруға бағытталған. Осы күштің маңызды құрамдас бөлігі – француз тілі (275 млн. адам сол тілде сөйлейді), Франкофония халықаралық ұйымының аясында белсенді түрде қолданылады. Сондай-ақ, Париждің мәдени ықпалы әлемнің 150 елінде «Альянс Франсез» және «Француз институты» мәдени-білім беру желілері арқылы жүзеге асырылады [100, 107].

Францияның халықаралық аренадағы басты акторлардың бірі ретіндегі позициясын қуаттайтын факторлардың қорытындысы ретінде Л. Фабиустың мынадай сөздерін келтіреміз: *«Біз әлі де болсақ бесінші экономикалық және сауда державамыз... 2012 жылы біз әлемдегі үшінші инновациялық ел және шетелге инвестиция салу көрсеткіші бойынша төртінші ел болып саналдық. Әлемдегі ең ірі 500 жүз кәсіпорынның 35-і француз компаниялары, бұл біздің елімізді әлемдегі төртінші орынға шығарады. Біз тіліміз, біліміміз бен ғылым арқылы әлемге оң ықпал етеміз. Француз тілінде бүгінгі таңда 200 жүз млн. адам сөйлейді. Шамамен отыз жылдан кейін біздің тілде 700 жүз млн. астам адам күнделікті сөйлейтін болады. Көптеген салаларда француз ғылымы алдыңғы қатарлы болып саналады»* [108].

Зерттеу аясында Францияның экономикалық дипломатиясы қазіргі таңда мемлекеттің алдында тұрған саяси және экономикалық сипаттағы проблемалар мен сын-қатерлерге төтеп беретін тетік ретінде қарастырылады.

Экономикалық дипломатияның тарихы жөніндегі француз елінің жетекші маманы Лоранс Бадель *«үш негізгі өзгерістерге: акторлардың әртараптануы, көпвекторлық саясаттың рөлінің өсуі және мемлекет пен компаниялар арасындағы қатынастардың өзгеруіне ұшыраған»* экономикалық дипломатияның қазіргі заманғы жүйесін түсінуге тарихи ретроперспектива көмектеседі деп санайды [109]. Осы ретте, ғылыми таным тұрғысынан Францияның экономикалық дипломатиясының ерекшеліктерін оның тарихи генезисін негізгі бес кезеңге бөліп, зерттеу маңызды.

Ең алдымен, дипломатия сыртқы саясаттың құралы ретінде XIII ғасырда Людовик IX кезінде дами бастағанын ескеру қажет. Оның билігі кезінде Франция Еуропадағы ең ықпалды мемлекеттердің біріне айналды, басқа мемлекеттермен алғашқы дипломатиялық қатынастар орната бастады [110].

Бірінші кезеңде (XIII-XVIII ғғ.) дипломатияның экономикалық бағыты қарапайым сауданың қалыптасуымен байланысты болды. Бұл үрдіс әл-ауқаты сауда мен теңізде жүзуден едәуір дәрежеде тәуелді болған барлық мемлекеттер үшін ортақ болды. Орта ғасырлардан бастап саудагерлерді қорғау үшін консулдар институты құрылды [111].

XV-XVII ғасырларда француз дипломатиясының тарихы адамдарды қорғау туралы шарттармен, сауда келісімдерімен толықты [112]. Экономикалық тетіктер мен құралдар саяси мақсаттарға жету үшін қолданыла бастады. Мемлекетаралық қатынастарда сауданың рөлі өсіп, сауда қызметін қорғау дипломатияның басым міндеттерінің біріне айналды. Бұл қызметті қамтамасыз ету көбінесе күш көрсету және мәжбүрлеу дипломатиясымен қатар жүріп отырды.

XVI ғасырдан бастап елдер арасындағы келісімдерге өзара тиімді экономикалық ынтымақтастық негізінде қол қою рәсімі кеңінен етек алды. Дәл осы кезеңде бірқатар елдерде тұрақты елшіліктер мен кедендік ведомстволар ашылды, дипломаттарға мемлекеттің сауда мүдделерін алға жылжыту тапсырылды [113].

Бұл жаңа міндет 1681 жылғы «Теңізде жүзу туралы» корольдің жарлығымен консулдарға жүктелді. «Француз ұлтының консулы» болу үшін сауда мен бизнесте тәжірибенің болуы басты талапқа саналды [114]. 1793 жылы консулдар сыртқы істер министрлігінің қарамағына ресми түрде берілді. Консулдар желісі француз дипломатиясы үшін экономикалық ақпараттың басты сыртқы көзіне айналды, ал 1802 жылы құрылған мемлекеттік емес Сауда-өнеркәсіп палаталар (СӨП) жүйесі экономикалық ақпараттың ішкі жеткізушісі рөлін атқарды.

Тұтастай алғанда, бірінші кезеңде, әсіресе XIV Людовиктің (XVII ғасырдың екінші жартысы) абсолюттік монархиясы дәуірінде, Кардинал Ришелье, Жан-Батист Кольбер сияқты атақты мемлекет қайраткерлердің жүргізген меркантилистік бағыты, яғни отандық нарықты қорғау мен ұлттық

өнімді тысқа шығару саясаты («кольбертизм») экономикалық дипломатияның алғышарттарының пайда болуына ықпал етті.

Екінші кезеңде (XVIII ғ. соңы – XX ғ. басы) шетелдегі елшіліктер мен консулдықтардың жұмысында экономикалық мәселелерге ерекше көңіл бөлінді. Консулдықтарға олар орналасқан елдермен экономикалық және сауда қатынастардың жағдайы туралы толық есеп жасау тапсырылды. Алайда, экономикалық міндеттердің өсіп келе жатқан күрделілігі арнайы дайындығы бар мамандарға (агенттерге) қажеттілікті тудырды [109, p. 173].

Осы кезде экономикалық дипломатияның алғашқы институционалдық құрылымдары пайда бола бастады. Атап айтқанда, 1887 жылы Сауда-өнеркәсіп министрлігінде «сауда және теңізде жүру жалпы қозғалысын» реттейтін Сыртқы сауда дирекциясы құрылды. Ол Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін ұлттық экономика министрлігінің қарамағына еніп, Сыртқы экономикалық қатынастар дирекциясы болып өзгереді (DREE), 2004 жылы қазіргі Қазынашылық бас дирекциясының құрамына кірді [115].

1889 жылы Гастон Кадудың «Шетелдегі француз ықпалы. Біздің экспорттық сауда және біздің консулдар» атты еңбегі жарық көрді, онда Францияның сыртқы саудада Британиядан артта қалуына алаңдаушылық білдірілді [116]. Дүмпу туғызған бұл жұмыс француз кәсіпорындарына мемлекеттік қолдау жүйесін құруға түрткі болды. Осы жағдайға қатысты 1895 жылы Сауда ақпаратын жинау миссиялар құрылды. Кейінгі жылдары аталған миссиялар консулдардың қарамағына берілді.

1898 жылы Ұлттық сыртқы сауда қызметі құрылып, оған шетел нарықтары туралы сапалы ақпаратты жинау міндеті жүктелді. Сол жылдары сыртқы сауда мәселелері бойынша үкіметтің тағайындауымен француз компанияларының басшылары лауазымында Сыртқы сауда жөніндегі алғашқы кеңесшілер (ССК) тобы пайда болды. Көптеген елдерде СӨП-тер ашылды.

1904 жылы сауда атташесі институты құрылды (1939 жылдан кейін олар сауда кеңесшілері атанды). Сол жылы Лондонда бірінші сауда атташесі тағайындалды. Бұл тәжірибе тиімділігін көрсеткеннен кейін француз үкіметі 1906 жылы Сыртқы істер министрлігіне бағынатын сауда атташесі корпусын құрды. Екі жылдан кейін АҚШ-та, Таяу Шығыста (Шанхай), Левантта (Константинополь), Орталық Еуропада (Берлин), Ресейде (Мәскеу) және Оңтүстік Америкада 6 сауда бекеттері ашылды. Салыстырып өту үшін айтсақ, сол уақытта Англияның 8 сауда атташесі, Канаданың – 14, Германияның – 11, ал АҚШ-тың 6 сауда атташесі болды [115, p. 29].

Осы тұста Францияда алғаш рет қаржы атташесі де тағайындалды. Атап кетсек, 1919 жылы сауда атташесі корпусы Сыртқы істер министрлігінен алынып, Сауда министрлігінің қарамағына берілді, осылайша соңғысы барлық сыртқы сауда қызметіне жауапты болды. Бұл жағдай осы күнге дейін орын алған сыртқы істер мен экономика министрліктері арасындағы «шиеленіскен қатынастарға», тіпті өзара бақталастыққа әкеліп соқты [115, p. 175-176].

Осылайша, екінші кезең мамандандырылған институттарды құру арқылы француз дипломатиясының жаңа нысаны – экономикалық дипломатияның алғашқы негізі қалануымен ерекшеленді.

Үшінші кезең (1914-1945 жж.) екі Дүниежүзілік соғыстармен байланысты болды. Каррон де ла Каррьердың пікірінше, олардың кесірінен «экономикалық дипломатияның күйреуі» орын алды. Француз дипломатының айтуынша, «бірде-бір қарулы қақтығыспен салыстыруға келмейтін Бірінші дүниежүзілік соғыс бұрын-соңды болмаған өзгеріс енгізді. Соғыс аяқталған кезде әлем түбегейлі өзгерді. Ал моральдық тұрғыдан күйзеліске ұшыраған адамдар бұрын болмаған экономикалық факторлардағы өзгерістерге әрең бейімделді» [47, p. 154].

Осы тұста нарықтар мен инвестициялар үшін күресте дипломатиялық аппаратты кеңінен пайдалану керек деген талап қойылды. Мысалы, француз депутаты Жорж Ноблмэр сыртқы істер министрлігі өкілдерінің негізгі міндеті «біздің сатушылар, қаржыгерлер мен өнеркәсіпшілердің шетелдік кәсіпорындары мен компанияларына ақпарат беру, қорғау және өкілеттік жасау» болуы керек деген ұсыныс енгізді [117, p. 154].

Жалпы Бірінші дүниежүзілік соғыс Францияда компаниялар мен мемлекет арасындағы қатынасты күшейте түсті. Мемлекет соғысты жеңуге атсалысып жүрген шетел нарығындағы экспорттаушы компанияларды саяси және тәуекелдерден сақтандыратын несие-сақтандыру жүйесінің негізін 1928 жылы қалады.

Дегенмен, Еуропадағы экономикалық-саяси үдерістердің салыстырмалы тұрақтануы одан да ауқымды жанжал – Екінші дүниежүзілік соғыстың зардабынан қирады. Францияда Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында миллионнан астам артық адам шығыны болды. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы секторының деңгейі екі еседен астам қысқарды. Шахталардың, электр станцияларының, кеме жасау зауыттарының көпшілігі қиратылды. Франция барлық сауда және әскери-теңіз флотын жоғалтты. Француз отаршылдық жүйесі ыдырады. Экономикалық ыдырау валюталық жүйенің мүшкіл ахуалы кесірінен одан бетер күшейе түсті [47, p. 198].

Үшінші кезеңде Франция сауда-экономикалық дипломатияның құралдарының дамыған жиынтығына ие болды. Олардың кейбіреуі (Сауда және қаржы агенттері, елшіліктер, консулдықтар, Ұлттық сыртқы сауда қызметі) Сауда министрлігі мен Сыртқы істер министрлігіне тікелей бағынды, ал басқалары (Сыртқы сауда жөніндегі кеңесшілер мен шетелдегі Сауда-өнеркәсіп палаталары) кәсіпорындардың иелігінде қалды [109, p. 178]. Алайда, соңғылары мемлекеттік органдармен жұмыста байланыстырушы буын ретінде әрекет етті.

Төртінші кезең (1945 ж. – XX ғасырдың басы) бірнеше ерекшеліктерге ие болды, олардың ішінде - әлемдік экономиканың өсіп келе жатқан айқындылығы және Францияның сыртқы сауда саясатында түбегейлі өзгерістерді келтірген дәстүрлі протекционизмнен ішінара бас тарту.

Соғыстан кейінгі «Отыз даңқты жылдары» (*Les Trentes Glorieuses*) лттық экономиканың бұрын соңды болмаған өсуі кезеңінде елде экспорттық доминант қалыптасты, яғни француз экономистері арасында «экспорттау немесе құрып кету!» ұраны кеңінен тарады [118].

Осы тұста Сыртқы істер министрлігі өз құрамында құрылған экономикалық және қаржылық мәселелер жөніндегі дирекция (DAEF) арқылы компаниялармен қарқынды байланыстарды нығайту жөнінде шаралар қабылдады. Бұл жұмыс қаржы және экономика министрлігіндегі сыртқы экономикалық байланыстар дирекциясымен (DREE) бірге жүргізілді. Француздық компанияларға шетелде көмек көрсету мақсатында экономика және қаржы министрлігіне тікелей бағынатын Шетелдегі экономикалық экспансия бекеттері (Poste d'expansion économique) құрылды (қазіргі таңда елшіліктер құрамындағы экономикалық бөлімдер). Бұл бекеттер кәсіпорындарға қолдау көрсетумен қатар Парижге көпжақты, өңірлік және екі жақты келіссөздер барысында елдің ұстанымын анықтауға мүмкіндік беретін стратегиялық ақпарат жинаумен айналысты [119].

Франция көп жылдары экономикалық қатынастарда мемлекеттермен сауда және кедендік келісімдер жасасу барысында екіжақты тәсілді белсенді қолданып жүрді. Соғыстан кейінгі қалпына келтіру ісі аясында (екіжақты келісімдер, импортты бақылау, экспортты жылжыту және т.б.) «іргелі» екіжақты тәсілге ынтымақтастықтың «жаңа» көпжақты тетіктері қосылды. Бұл жерде бейінді халықаралық институттар мен ұйымдардың құрылуы (ХҚДБ, ХВҚ, ДСҰ, ЭЫДҰ және басқалар) көпжақты экономикалық дипломатияның институционалдану процесінің аяқталуына негіз болғанын атап өту қажет [120].

Француз экономикалық дипломатиясының ерекшеліктерінің бірі оның жоғары бейімделу қабілетіне байланысты. Көпжақты экономикалық алаңдарды белсенді игеру қағидатын сақтай отырып, француз дипломатиясы генерал Шарль де Голльдің ықпалымен «неоекіжақты» (*néobilatéralisme*) келіссөздер жүргізу қағидатын кеңінен қолданды [115, р. 333-334]. Соның нәтижесінде француздық тауарларды экспортқа шығару және шетелдік нарықтарда қорғау қағидасы қатаң сақталды. Бұған қоса экономикалық өсуді қамтамасыз ету үшін мемлекеттік реттеу жоғары деңгейде сақталуы тиіс деп санайтын «дирижизм» саясаты жүргізілді [121]. Осы қағидатқа сәйкес экономиканың стратегиялық секторларында халықаралық деңгейге шыққан француз компаниялары «ірі келісімшарттар» жасасу барысында мемлекеттің дипломатиялық желісіне барынша сүйеніп отырды.

Бұл «неоекіжақты» тәсіл Францияның биполярлы қатынастар жүйесінде екі держава арасында (ҚСРО мен АҚШ) табысты әрекет жасауға мүмкіндік берді [122]. Айта кетейік, Шарль де Голльден кейін Бесінші Республиканың барлық басшылары экспортты дамыту саласында ұлттық мүдденің басымдылығын еуропалық құрылысқа және жалпыеуропалық интеграциялық үдерістерге (көпжақты тәсіл) белсенді қатысу барысында да сақтап қалды. Белгілі бір уақытта ғана кейбір бір бағыттың пайдасына көңіл бөлу ғана өзгеріп

отырды. Осы ретте Париждің сыртқы экономикалық саясатының көп міндеттілігін сақтай отырып, сыртқы істер жүргізуде комбинаторлық қағиданы (екіжақты/көпжақты тәсілдерді) кеңінен пайдалануы экономикалық дипломатияның пайдасына сенімді дәлел бола алады.

Жалпы төртінші кезеңде ұлттық экономикалық дипломатияның институционалдану үрдісі аяқталды, оның көрінісі мынадай болды:

Сыртқы істер министрлігі мен дипломатиялық өкілдіктер желісі экономикалық дипломатияның басты акторларының бірі ретінде қызмет атқарды. Министрлік құрамындағы экономикалық және қаржы істері жөніндегі және мәдениет пен техникалық ынтымақтастық жөніндегі бас дирекциялары экономикалық дипломатияға қатысты шараларды жүзеге асырумен айналысты. Бұл жерде 1920 жылға дейін Сыртқы істер министрлігі сыртқы экономикалық қызметте бірыңғай саясатты жүргізуге жауапты мемлекеттік орган ретінде жетекші рөл атқарғанын еске саламыз [123].

Шетелдегі француз дипломатиялық қызметінің желісі елеулі өзгерістерге ұшырады. Экономика және қаржы министрлігі арқылы елшіліктерге сауда және қаржы мәселелері бойынша арнайы дайындалған кеңесшілер жіберілді. Елшіліктерде аталған мамандар атқаратын қызметтерінің маңыздылығына байланысты елшіден кейін екінші орында тұратын болды. Елшіге формалды түрде бағынғандығымен, олар экономика және қаржы министрлігінен тікелей тапсырмалар алып, оның орындалғандығы бойынша есеп беріп отырды. Дегенмен, 1979 жылдары елшілердің мәртебесі көтерілді, олар Франция президентінің декретімен бірыңғай азаматтық қызметтер мен әскери миссияны үйлестіретін дипломатиялық миссияның басшысы ретінде бекітілді.

Дегенмен бұл кезеңде сыртқы экономикалық саясатты жүргізуде жетекші рөл Сыртқы істер министрлігіне емес, экономика және қаржы министрлігіне тиесілі болды.

Экономика және қаржы министрлігі (бұрынғы сыртқы сауда министрлігі) Сыртқы сауда жөніндегі кеңесшілер, Сауда атташесі, шетелдегі Экономикалық экспансия бекеттері, Сауда және қаржы мәселелері бойынша кеңесшілер тұлғасындағы экономикалық дипломатияның негізгі құралдарына ие болуы арқылы 2014 жылға дейін экономикалық дипломатия саласында жетекшілікті ұстап тұруға тырысты.

Министрліктің арнайы іріктеп елшіліктерге жіберілген сауда және қаржы мәселелері бойынша кеңесшілер корпусы (қазір экономикалық мәселелер бойынша кеңесшілер) макроэкономикалық стратегиялық ақпаратты талдау, зерттеу, жинақтау және Орталыққа жіберу, сондай-ақ шетелде ұлттық компаниялардың қызметін қолдау сияқты екі түрлі қызметті бірдей атқаратын болды. Француз экономикалық дипломатиясының *қосарлы сипаты (la dualité)*, яғни экономикалық мәселелер жөніндегі кеңесшілердің екі түрлі қызметті ұштастырып орындау қабілеті, маңызды ерекшілік ретінде қалыптасты [124].

Сондай-ақ, Францияның экономикалық дипломатиясын жүргізуге өнеркәсіп, бюджет, ауыл шаруашылығы және басқа да «техникалық» ведомстволар тұлғасындағы салалық министрліктер, оның ішінде кедендік

және акциз алымдары (сыртқы экономикалық қызметті реттеу), бюджет бойынша (халықаралық валюта-қаржы саясатын әзірлеу), қазынашылық (халықаралық валюта-қаржы саясатын әзірлеу, дамуға көмек көрсетуді қаржыландыру) және тағы басқа департаменттері мен басқармалары өз құзыреттері шеңберінде атсалысты.

Сонымен қатар, СІМ-нің немесе экономика министрлігінің қарауындағы немесе бір мезгілде екі ведомствоға да қарасты мемлекеттік, жартылай мемлекеттік және жекеменшік мекемелер желісі орнықты. Олардың арасында ең маңыздыларын атап көрсетейік [107, р. 24-31]:

– 1943 жылы Француз сыртқы сауда орталығы (CFCE) құрылды. Ол 2003 жылы Кәсіпорындарды халықаралық дамыту агенттігі (Ubifrance) болып қайта құрылды. 2015 жылы «Бизнес Франс» агенттігінің құрамына кірді;

– Француз халықаралық инвестициялар жөніндегі агенттігі (AFII) 2001 жылы шетелдік инвестицияларды тарту үшін құрылды. 2015 жылы «Бизнес Франс» агенттігінің құрамына енді;

– 1946 жылдан бастап КОФАС (COFACE) экспорттық кредиттерді коммерциялық, саяси және валюталық тәуекелдерден сақтандыру компаниясы жұмыс істейді;

– 1941 жылы кедей және дамушы елдерге көмек көрсету үшін даму жөніндегі француз агенттігі (AFD) құрылды;

– Францияның сауда-өнеркәсіп палатасы (CCI France) және оның шетелдік желісі (CCI France International) шетелде ұлттық өнімді жылжытумен айналысады. Бірінші СӨП 1599 жылы құрылды;

– Сыртқы сауданы несиелендіру үшін 1947 жылы Француз сыртқы сауда банкі (BFCE) құрылды. 1997 жылы «NATEXIS» банкінің құрамына кірді;

– 1816 жылы Мемлекеттік даму банкі (Caisse des dépôts et des consignations) құрылды;

– 1998 жылы Француз кәсіпорындарының қозғалысы (MEDEF) құрылды.

Осылайша, төртінші кезең мемлекет орталық рөл атқаратын француз экономикалық дипломатиясының институционалдық архитектурасының орнығуымен аяқталды. Бұл институционалдық құрылымда сыртқы саяси ведомствоның рөлінің қысқаруы есебінен экономикалық блоктың функциялары күшейтілді. Осы ведомстволар көп жағдайда қатарласа әрекет етті және белгілі бір сәтте атқаратын міндеттері қосарланып, бір-біріне кедергі келтіре бастады. 2014 жылы бұл жағдай олардың арасындағы өкілеттіктерді айтарлықтай қайта қарауға әкеліп соқтырды.

Франция экономикалық дипломатиясының *бесінші кезеңі* (XXI ғасырдың басынан қазіргі уақытқа дейін), оның басымдықтарын жеке зерттеудің маңыздылығына байланысты, келесі параграфта қарастырылады.

2.2 Француз Республикасының экономикалық дипломатиясын реформалаудың басты себептері


Бесінші Республиканың экономикалық дипломатиясының *бесінші кезеңі* (қазіргі уақытқа дейін) «революциялық» деп сипатталатын өзгерістермен

ерекшеленеді [82, с. 81]. Бұл ретте осы өзгерістерге әкеліп соқтырған себептерге тоқталу орынды.

Еуропа мен әлемдегі тоқыраушы экономика мен тұрақсыз саяси жағдай контекстінде Франция халықаралық бәсекеге қабілеттілігіне теріс әсерін тигізіп отырған теңдесі жоқ сауда тапшылығы, жетекші экономикалармен (мысалы, ГФР-мен) салыстырғанда әлемдік саудадағы үлесінің қысқаруы, шетелдік инвестициялардың құлдырауы, шағын және орта бизнестің (ШОБ) экспорттық қызметке әлсіз қатысуы сияқты күрделі мәселелерге тап болды [125].

Кейбір мемлекеттердің экономикасы үшін экспорт пен импорт арасындағы тепе-теңдік шешуші маңызы жоқ екені белгілі. Алайда, экономикада басты рөл «экспорттау немесе құрып кету» қағидасы орын алған Франция үшін экспорттың импортқа арақатынасы және сауда теңгерімінің артық көрсеткіштеріне қол жеткізу оның экономикасын қолдау мен дамытудың өмірлік маңызды параметрлері болып табылады.

Париждің ұстанымы бойынша, экономиканың ахуалы бүкіл мемлекеттің үдемелі және қауіпсіз дамуына әсер етеді және оның халықаралық аренадағы жетекші мемлекеттер арасындағы орнын сақтап қалудың бірден-бір шарты. Осы тезисті растау үшін француз экономикасының маңызды параметрлерінің бірі - сауда балансының көрсеткіштеріне тоқталайық.



Сурет 4 – Сауда балансының теріс динамикасы, млн. еуро

Ескерту - ФР Үкіметінің сайтынан алынды [125]

Жоғарыда берілген сурет 4 Францияның 2006 жылдан бастап тауарлармен сауда айналымының теріс сальдосы жылдан-жылға ұлғайып, 2011 жылы 74,5 млрд. еуроға жетіп, жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) 3,5% құрағанын

көреміз. Бұл жағдайдың тікелей салдары Францияның әлемдік саудадағы үлесінің 5%-дан 3%-ға дейін қысқаруына әкеліп соқты.

Салыстырар болсақ, Бесінші Республиканың 2002 жылғы сауда балансының көрсеткіштері оң сипатта болды (+ 29,1 млрд. еуро немесе ЖІӨ-нің 1,8%).

Сыртқы істер министрлігінің жыл сайынғы сыртқы сауда жөніндегі есептеріне сәйкес, әдетте *сауда профициті* әлемде жетекші болып саналатын жоғары технологиялық секторларда, яғни аэроавтика мен ғарыш салаларында орын алады (2017 жылы 17,4 млрд. еуро профициті) [126]. Оң сальдоны сусындар (12,3 млрд. еуро), парфюмерия мен косметика (10,6 млрд. еуро), фармацевтика (3,3 млрд. еуро), химиялық өнімдер (2,8 млрд. еуро) де көрсетеді.

Өз кезегінде тауарлар импорты басым болып келетін *тапшы секторларға* энергетика (мұнай және газ), өнеркәсіп тауарлары (электроника және компьютерлер), тоқыма өнімдері, автомобильдер жатады.

Жалпы француз экспортының *теріс динамикасына* келесідей сыртқы факторлар әсер еткен [125]:

– мұнай бағасының өсуі (бір баррельдің бағасы 1999 жылғы 17 еуродан 2012 жылы 87 еуроға өсті);

– еуро бағамының едәуір қымбаттауы (номиналды есеппен 2000 жылы бір еуро үшін 1 доллардан бастап 2008 жылы 1,6 долларға дейін), сондай-ақ оның мерзімді ауытқуы (2012-2014 жылдары өсуі, 2014 жылдан бастап құлдырауы);

– әлемдік (2009) және Еуроаймақ дағдарыстарының салдары (2010).

Сонымен қатар, Францияның бәсекеге қабілеттілігінің ішінара төмендеуіне көші-қон дағдарысы (2015 жылдан бастап) және әлемдегі жалпы саяси тұрақсыздық (Сириядағы соғыс, халықаралық лаңкестік, Украинаға байланысты Ресей мен Батыс арасындағы санкциялар және т.б.) әсер етті.

Осылайша жоғарыда көрсетілген жағдайлар француз экспортының сыртқы экономикалық саладағы теріс өзгерістерді қабылдаудағы тұрақсыздығын анықтады. Өз кезегінде еуро бағамының долларға және көмірсутектердің әлемдік бағасының артуы осы құбылыстың алғышарттары болды.

Аталған СІМ-нің есептерінде берілген экспорт көрсеткіштерінің созылмалы түрде нашарлауының ішкі себептерін де қарастырған жөн.

Ең алдымен, бұл жалақы мен жоғары әлеуметтік аударымдар шығындарының ұлғаюына байланысты француз компанияларының бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуі. Мысалы, 2000 жылдардың соңында еуро аймағы бойынша Франциядағы сағаттық жалақы (еңбекке ақы төлеу мен әлеуметтік жарналарды қоса алғанда) 26,2 еуроны құрады.

Сондай-ақ, ішкі мәселелер қатарына экономиканың индустриясыздандырылуы (*déindustrialisation*) жатқызылады. Бұл проблема көп жағдайда Еуропалық одақ ішінде өнеркәсіптік сектордағы жоғарғы қатардағы еңбек шығындарының, сұраныс құрылымының қызметтер пайдасына өзгеру салдарымен байланысты. Оған қоса, технологиялардың жеткіліксіз деңгейде қолданылуы өнеркәсіптік өндіріс тартымдылығының төмендеуіне әсер етті.

Тағы бір маңызды ішкі мәселе француз экспорттық аппаратының әлсіздігіне байланысты болып отыр [125]. Ол мынадай кемшіліктер арқылы айшықталады:

– француз компанияларының жалпы санын (3,6 млн.) және ЕО бойынша көршілес елдердегі экспорттаушы компаниялардың санымен (Германияға қарағанда үш есе аз) салыстырғанда экспорттаушы кәсіпорындардың аздығы (2009 жылы 116 000 кәсіпорын);

– экспорттық компаниялардың санының ұлғаюына мемлекеттік қолдаудың ірі компанияларға шоғырлануы нұқсан келтіреді: ірі бизнес (барлық компаниялардың 1% құрайды) экспорттың 52%, аралық көлемдегі кәсіпорындар – 33% (барлық компаниялардың 1%), шағын және орта бизнес – 16% (барлық компаниялардың 98%) қамтамасыз етеді;

– мемлекеттің экспортты қолдау тетігінің күрделілігі: ойыншылар мен құрылымдардың көптігі сыртқы нарыққа шығу үшін көмек алу рәсімін қиындатады;

– шағын және орта бизнес ірі кәсіпорындарға қарағанда жоғары деңгейдегі саяси және экономикалық іс-шараларға, мысалы, мемлекет басшысының немесе сыртқы істер министрінің шетелдік сапарларына аз тартылады;

– шағын және орта бизнестің экспорттық мәдениетінің әлсіздігі, шет тілдерін (ағылшын тілі) жеткіліксіз дәрежеде немесе мүлдем меңгермеуі, халықаралық жағдай мен заманауи үрдістерді нашар білуі, жеке нарықтарға маркетинг тұрғысынан төмен бейімделуі.

Сонымен қатар, француз экспортының теріс дамуына жүйелік проблемалар да әсер еткенін көрсетейік [125, 126]:

– француз тауарларының көптеген секторларда әлемдік нарықта бәсекеге түсу үшін құны жағынан да, сапасы бойынша да тартымдылығы жеткіліксіз;

– географиялық бөлініс бойынша экспорттық бағдардың қисынсыздығы - экспорттың басым бөлігі өсуі әлсіз аймақтарда шоғырланған (мысалы, ЕО елдерінде);

– кәсіпорындарды интернационалдандыру моделі (халықаралық нарыққа шығару) ГФР сияқты ұлттық аумақтан тікелей тауарлар шығарудың орнына жергілікті нарықтарда өндіріс орналастыруға бағдарлануы;

– жоғары дәрежедегі тұрақты ішкі сұраныс (тұтыну) әсері француз компанияларын жаңа өткізу нарықтарын іздеуге жеткілікті түрде ынталандырмайды.

Франция парламенті Ұлттық Ассамблеясының депутаты Буон Тан француз компанияларының экспортын кеңейтуге кедергі келтіретін тағы бір факторы ретінде «француздар жақсы инженерлер, бірақ нашар сатушылар, оған қоса ағылшын тілін білмейді» деп қалыптасқан мәдени стереотипті атайды [127].

Осылайша, Франция экономикасының үдемелі халықаралық бәсекелестік жағдайындағы проблемалары ел басшылығының алдына экономикалық дипломатия бағдарын іске асырудың жаңа дәйекті жолын іздеуді қоса алғанда,

оларды шешу бойынша жаңашыл тәсілдерді қолдану қажеттілігін алға қойды [128].

Осы тұста елде жинақталған әлеуметтік-экономикалық мәселелер және дәстүрлі саяси билікке қарсы туындаған сенімсіздік 2018 жылдың соңында «сары күртешелер» наразылық қозғалысының пайда болуына әкеліп соққанын айта кетейік.

Социалист Франсуа Олландтың президенттігі кезінде Сыртқы істер министрі Лоран Фабиустың экономикалық дипломатияны саяси басымдық деңгейіне шығару бойынша бастама жасаған 2012 жыл шешуші сәт деп саналады [50, p. 11].

Дегенмен, дипломатияның экономикалық векторын күшейту жөнінде талпыныстар елдің бұрынғы басшылары (Ж.Ширак, Н.Саркози) тарапынан да жасалған. Олардың ең соңғысы және белгілі бір дәрежеде Л. Фабиус реформасына «интеллектуалды» ықпал еткені - 2008 жылы президент Н. Саркозидің тапсырысымен Ален Жюппе мен Луи Швейцер әзірлеген «Францияның 2008-2020 жылдарға арналған сыртқы мен еуропалық саясаты жөніндегі» Ақ кітабы [129, p. 9]. Дипломатиялық құралды стратегиялық қоршаған ортаның өзгеруіне бейімдеу мақсатында әзірленген Ақ кітап экономикалық дипломатия саласында Сыртқы істер министрлігінің «синтездеу мен үйлестіруші» рөлін арттыру туралы ұсыныс енгізген.

Лоран Фабиустың экономикалық дипломатия тұжырымдамасы елдің экономикалық мүддесінің қызметіне дипломатиялық желіні, оның ықпалын, мүмкіндіктері мен құралдарын жұмылдыруға негізделді [102]. Басқаша айтқанда, әлемде дипломатиялық өкілдіктер желісі бойынша үшінші орын алатын француз дипломатиясы елде жұмыс орындарын құру, сауда теңгерімін теңестіру және экономиканы көтеру бойынша ортақ күш салуға өз үлесін қосуы тиіс болды.

Фабиустың айтуынша, экономиканы қалпына келтіру және даму елдің әлемдегі ықпалының мән-мағынасы болып табылады, өйткені Францияның әлемдегі салмағы оның жалпы ішкі өнім деңгейімен, сауда және бюджеттік теңгеріміне қарай, инвестициялар тарту қабілеттімен анықталады [108, p. 17].

2016 жылы отставкаға кеткен Л. Фабиус идеяларын тұжырымдап, өз ойын «*Д'Орсэ жағалауы, 37 үй. 2012-2016 жылдардағы француз дипломатиясы*» атты кітабында түйіндеді [102, p.144]. Бұл еңбегінде ол француз елі экономикалық дипломатияның ұзақ уақыт бойы жеткілікті дәрежеде ескерілмегенін, «ірі келісімшарттарға» отыруды мақсат етіп, отандық шағын және орта кәсіпорындарға арналған нарықтардан айырылды деп көрсетеді. Министрдің пікірінше, бірінші кезекте СІМ жұмысының экономикалық құрамдасы нығайтуды қажет етті, себебі «өте жақсы мамандардан тұратын біздің дипломатия экономикалық мүдделерге қатысты жақсы әрекет етеді, бірақ, тұтастай алғанда, оларды жүзеге асыру жүйесі бөлшектелініп қалған» [130]. Нақтылап айтқанда, Л.Фабиус француз дипломаттары «экономикалық рефлекстерді» нығайтып, ал Сыртқы істер министрлігі компаниялар үшін өз үйлері болуы тиіс деген сенімде болды.

Тұтастай алғанда, Л.Фабиустың идеялары бір жағынан Сыртқы істер министрлігінің әлеуетін (18 250 дипломатиялық қызметкер, оның ішінде шетелдегі 131 мәдениет және ынтымақтастық жөніндегі бөлімдерде істейтін 6000 қызметкер бар) жұмылдыру жолымен экономикалық дипломатия жүйесін жаңа міндеттерге бейімдеуге келіп сайды. Екінші жағынан, басымдықтар ретінде белгіленген экспортты қолдау мен инвестициялар тарту салаларында мемлекеттік тетіктің жұмысын оңтайландыруды көздеді.

«Революциялық» деп сарапшылармен сипатталған шаралардың нәтижесінде ұлттық экономиканың ахуалын жақсарту және мемлекеттік органдардың әрекет бірлігін қамтамасыз ету арқылы Францияның халықаралық аренадағы ықпалын қалпына келтіру түпкі мақсат болып белгіленді.

Осылайша, Лоран Фабиус социалистер үкіметінің ең тәжірибелі және ықпалды мүшесі ретінде (бұрындары премьер-министр, партия көшбасшысы, парламенттің төменгі палатасының төрағасы, қаржы, экономика сияқты министрліктердің басшысы) елдің экономикалық дипломатиясын реформалаудың бастамашысы мәртебесіне ие болды. Біздің пікірімізше, оның жеке тұлғасының өзінде экономикалық дипломатияның негізін құрайтын «саясат пен экономиканың қоспасын» айқын көруге болады.

Франсуа Олланд үкіметінің бастаған реформалары 2017 жылы сайланған Эммануэль Макрон тарапынан толықтай қолдау көріп, сабақтастық жалғасын тапты.

Бүгінгі күнге дейін Француз Республикасының экономикалық дипломатиясын жандандыру жолында *бірнеше маңызды қадам* жасалды. Қабылданған шараларға ерекше тоқталайық.

Бірінші қадам Сыртқы істер министрлігінің басқа ведомстволармен бірлесіп *Экономикалық дипломатия жөніндегі іс-қимыл жоспарын* (Жоспар) қабылдау болды [131]. Бұл жоспар экономикалық дипломатия саласында стратегиялық бағдарлағыш және тұжырымдамалық құжат қызметін атқарады. Айта кететін жайт, француз саяси мәдениетінде сыртқы саясатта бес жыл мерзімге сайланатын президентің бағдарламасы, сондай-ақ ел басшылығының жыл сайын тамыз айында өткізілетін Франция елшілерінің конференциясында (ҚР СІМ-нің алқа отырысына теңдес) сөйлейтін сөздері негізгі бағдар болып табылады.

Аталған құжат алғаш рет 2012 жылғы тамызда Франция елшілерінің конференциясында ұсынылды. Ол экономикалық дипломатияның басымдықтарына жауап беретін он бағыт бойынша шараларды жүзеге асыруды көздеді және француз елшілерінің осы саладағы іс-шаралар жоспарының негізін құрады.

Жоспарға сәйкес, СІМ-де Жаһандастыру, мәдениет, білім беру және халықаралық даму бас дирекциясының құрамында экономикалық дипломатия саласындағы әрекетті үйлестіру ісі жүктелген *Кәсіпорындар мен халықаралық экономика дирекциясы* (2013 жылғы 1 наурызда) құрылды.

Дирекцияның құрамындағы 4 бөлімшеге (кәсіпорындарды қолдау; экономиканың стратегиялық секторларын қолдау; халықаралық экономикалық қатынастар; туризмді ілгерілету) 75 жуық қызметкер тартылды. Қызметкерлердің 80% сауда-экономикалық білімі және бизнес-құрылымдардағы жұмыс тәжірибесі бар, ал 20% мемлекеттік қызметшілер-дипломаттар құрады.

Аталған дирекцияның бірінші басшысы Жак Мэрдың айтуынша, стратегиялық және технологиялық өлшемі бар салаларды үйлестіру жұмысы сырттан қабылданған сарапшыларға аға маман дәрежесінде (senior) және министрліктің қызметкеріне қосалқы маман ретінде (junior) жүктелді [132].

Ерекше атап өтетін жайт, Эммануэль Макрон үкіметінің экономикалық дипломатияны нығайту шеңберінде 2019 жылғы 1 қаңтарда аталған құрылым *Экономикалық дипломатия жөніндегі дирекция (ЭДД)* болып аталды. Сондай-ақ, оны құраушы бөлімшелердің атаулары да өзгеріске ұшырады: стратегиялық секторлар бөлімі; әділетті бәсекелестік және реттеу жөніндегі миссия; сыртқы сауда және тартымдылық жөніндегі миссия; туризмді ілгерілету жөніндегі миссия.

Жаңа үкіметтің бұл шешімі Францияның ішкі шаруашылық қызметінде дипломатия және оның экономикалық векторы рөлінің едәуір артуын растайды. Бұл тезистің дәлелі ретінде 2017 жылы экономика және қаржы министрі мен экспортты ілгерілету мен инвестициялар тарту жөніндегі «Бизнес Франс» мемлекеттік агенттігінің бас директоры лауазымдарына дипломатиялық тәжірибелері бар Брюно Ле Мэр мен Кристоф Лекуртьенің тағайындалғанын атауға болады.

Сонымен қатар, Франция президенті мен премьер-министрінің жанында экономикалық дипломатия бойынша кеңесшілердің, сондай-ақ елдің 13 өңірінде префектер жанында (үкіметтің жергілікті билік органдарындағы өкілдері, Ішкі істер министрлігіне қарайды) дипломатиялық кеңесшілер тағайындалғанын атап көрсеткен жөн.

ЭДД мемлекеттік және жартылай мемлекеттік құрылымдар қызметін үйлестіруде орталық рөл атқарады: «Бизнес Франс», «Ату Франс» және тағы басқа мемлекеттік операторларға қатысты қадағалау мен стратегиялық басқаруды қамтамасыз етеді; жаңа институттардың (Аймақтар үшін елшілер, Арнайы өкілдер, экспорттық «федераторлар») қызметін үйлестіреді; негізгі серіктестермен (СІМ-нің географиялық дирекциялары және Экономика және қаржы министрлігінің Қазынашылық бас дирекциясымен (Қазынашылық) екіжақты ынтымақтастық мәселелерімен айналысады; елшіліктердегі Экономикалық кеңестердің қызметіне жетекшілік етеді.

Реформа барысындағы *екінші қадам* 2014 жылғы сәуірде Сыртқы істер министрлігінің құзыретіне экономика және қаржы министрлігінен мемлекет кірісінің негізгі баптары болып табылатын сыртқы сауда мен туризмнің (туристік сектор ЖІӨ-нің 8%, ал экспорт 30% құрайды) өтуі болды [133].

Сондай-ақ, Сыртқы істер министрлігі халықаралық даму саласында жетекші рөл атқаратын болды. Министрліктің атауы «халықаралық даму» деген

сөз тіркесімен толықтырылды, ол 2017 жылы «Еуропа» деп ауыстырылды. Біз өз жұмысымызда ыңғайлы болу үшін Сыртқы істер министрлігі (СИМ) деген дәстүрлі атауды қолдануды жөн санаймыз.

Сыртқы сауда және туризм мәселелері Сыртқы істер министрінің жанындағы мемлекеттік хатшыға (министрдің орынбасарына теңдес) жүктелді. СИМ-нің жартылай қарамағына экспортты жылжыту және инвестицияларды тарту жөніндегі жаңа құрылған «Бизнес Франс» мемлекеттік агенттігі өтті (министрлікке қарасты 11 операторларға қосымша). Сондай-ақ, министрлікке туризмді дамыту бойынша мемлекеттік оператор «Ату Франс» («АТОУТ FRANCE» 2009 жылы құрылған) және «Экспертиз Франс» техникалық сараптама агенттіктері түгелдей өтті.

Француз Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 16 сәуірдегі №2014-400 декретінде көрсетілгендей, Сыртқы істер министрі сыртқы сауда мен туризм салаларындағы жаңа құзыреттерін іске асыру үшін экономика және қаржы министрлігінің құрамындағы Қазынашылық пен Кәсіпорындар бас дирекцияларына басшылық етуге мүмкіндік алды.

СИМ экономика және қаржы министрлігімен бірге экспортты жылжыту және инвестицияларды тарту жөніндегі «Бизнес Франс» мемлекеттік агенттігінің жұмысын қадағалайтын болды. Нақтылап айтсақ, агенттіктің басқарма кеңесіне СИМ тарапынан екі адам, ал экономикалық блок министрліктерінен бір өкілден кірді. Мұндай тәсіл мемлекеттің экономикалық мәселелері мен саяси-дипломатиялық мүдделерді бірдей ескеруге, сонымен қатар ведомствоаралық мүдделер қақтығыстарына жол бермеуді көздейді.

Осылайша, жаңа функцияларды қосып алу нәтижесінде елдің шетелдегі экономикалық мүдделерін дамытуда (1920 жылдары сауда министрлігіне берілген уақыттан бері) Францияның сыртқы саяси ведомствосы бұрын-соңды болмаған дәрежеде күшейді [132]. Сыртқы істер министрлігінің мәртебесі көтерілгенінде де Л.Фабиустың саяси беделі мен ықпалының әсер еткенін атап өткен орынды болар.

Үшінші қадам Сыртқы істер министрлігінде экономикалық дипломатияның қосымша *жаңашыл құралдарын* іске қосуға арналды [133].

Бұл жерде, ең алдымен, басым елдер мен өңірлерде *Сыртқы істер министрінің экономикалық дипломатия жөніндегі Арнайы өкілдері* (Représentants spéciaux du ministre à l'étranger pour la diplomatie économique) институты туралы сөз болып отыр. Бұл лауазымға министр тарапынан беделді саясаткерлер (бұрынғы премьер-министр, министрлер, депутаттар, партия басшылары) мен белгілі бизнесмендер тағайындалды [83, с. 87].

Арнайы өкілдерге ерікті түрде (министрдің сұра бойынша) өздерінің жеке ресми және бейресми арналары арқылы нақтылы елдердің билік және бизнес өкілдерімен тығыз байланысты дамыту және негізгі мақсаттарды (инвестиция тарту мен экспортты жылжыту) жүзеге асыру жүктелді. Бұл құралдың ерекшелігі - әрбір тағайындалған тұлға өз миссиясын өзінің «жоғары қосылған құнын» қосу арқылы жүзеге асырады.

Арнайы өкілдер Франсуа Олландтың президенттігі кезінде 14 мемлекет және аймақтар (Қытай, Жапония, Ресей, Мексика, Алжир, БАӘ, Үндістан, ОАР, Австралия, Канада, Бразилия, Ангола, Балқан елдері, АСЕАН аймағы) бойынша тағайындалды. Алайда Эммануэль Макрон әкімшілігі бұл институттың икемді және прагматикалық құрал ретіндегі маңызына көзін жеткізе отырып, оның тиімділігін арттыру мақсатында біршама оңтайландырды.

Нәтижесінде, 2019 жылғы сәуірдегі жағдай бойынша, алғашқы 14 ел ішінен ең маңызды серіктестер ретінде кесте 2 сәйкес 7 нысаналы мемлекет пен аймақ іріктелді [133].

Кесте 2 – Экономикалық дипломатия жөніндегі арнайы өкілдер

Қытай	Жан-Пьер Раффарен, бұрынғы премьер-министр
Жапония	Луи Швейцер, «Рено» компаниясының бұрынғы президенті
Ресей	Жан-Пьер Шевенман, бірнеше рет министр, депутат болған
Үндістан	Поль Эрмелен, «Саргемини» компаниясының президенті
Австралия	Росс МакИннес, Австралия азаматы, «Сафран» компаниясының басқарма төрағасы
Балқан елдері	Ален Ришар, бұрынғы қорғаныс министрі, сенатор
Орталық Азия	Паскаль Лоро, халықаралық саясат пен геоэкономика мәселелерін зерттейтін «Choiseul» институтының президенті
Ескерту - Дереккөз негізінде жасалды [133]	

Ерекше назар аудартатын мәселе - жетінші нысан ретінде 2019 жылы наурызда *Орталық Азия* аймағы қосылды. Париждің бұл шешімі Орталық Азия елдерінің, Қазақстанды қоса алғанда, экономикалық дипломатия аясында француз мүддесі үшін маңызы артып отырғанын растайды. Бұл лауазымға Астана ЭКСПО-2017 көрмесінде Франция павильонының бас комиссары қызметін атқарған, ғалым-геоэкономист Паскаль Лоро тағайындалды.

Сыртқы істер министрлігінің тағы бір жаңа құралы – жекелеген француз өңірлерінің сұратуы бойынша тәжірибелі аға дипломаттар арасынан министрмен тағайындалатын *Аймақтар үшін елшілер* (Ambassadeurs pour les régions) [123, с. 548-559; 133].

Елшілер қызметі аймақтардағы өндірушілер мен СІМ және оның дипломатиялық желісі арасында экспорттық өнімді шет нарықтарға шығару бойынша әрекеттерін үйлестіруге бағытталады. 12 француз өңірінің есебіне жұмыс істеу үшін 7 елші тағайындалды

Қосымша жаңашыл тетік ретінде мемлекеттік-жекешелік серіктестік шеңберінде экспорттық өнімді жылжытуға уәкілетті *«Федераторлар»* (Fédérateurs) институты іске қосылды [133]. «Федераторларды» Сыртқы істер министрі ерікті және ақысыз негізде жәрдем көрсетуге ниет білдірген компаниялардың тәжірибелі басшылары қатарынан тағайындайды.

«Федераторлар» экспорттық өнімнің «тұқымдастарға» біріктірілген 5 басым түрі бойынша жұмыс істейді: агроөнеркәсіп (Жан-Франсуа Луазо, «Axéreal» ауылшаруашылық кооперативтік топтың төрағасы); жаңартылатын энергия (Мишель Кремье, «Votalia» компаниясының бас директорының орынбасары); мәдени және шығармашыл индустрия (Жан-Ноель Трон, «Sacet» компаниясының бас директоры); денсаулық (Жан-Патрик Лажоншер, «Paris Saint-Joseph» госпитальдық топтың бас директоры); тұрақты қала (Жерар Вольф, «Brics Access» компаниясының президенті).

Бұл институттың ерекшелігі - ол француз экспортының кешенді біріктірілген (интеграцияланған) ұсыныстарын, атап айтқанда, ШОБ пен аралық кәсіпорындардың, сондай-ақ мемлекеттік және жеке компаниялардың тауарлық ұсыныстарын біріктіріп, нарықтарға шығару ісінде «ұжымдық» тәсілді (approche collective) қолдануда.


Төртінші қадам Франция елшілерінің рөлі мен жауапкершілігін арттыруды көздеді. Елшілер шетелдегі француз экономикалық дипломатиясы жүйесіндегі *негізгі жауапты тұлға* ретінде бекітілді [134].

Дәстүр бойынша экономиканың стратегиялық секторларында «үлкен келісімшарттарды» ілгерілетуге саяси қолдау көрсету арқылы атсалысатын елшілердің жұмысы ШОБ-тің экспорттық қызметіне жан-жақты көмек көрсетуге бағытталды. Елшілерге шетелдегі экономикалық саладағы барлық мемлекеттік, жартылай мемлекеттік және жеке органдардың (экономика және қаржы министрлігіне бағынатын экономикалық және қаржы мәселелері жөніндегі кеңесшілер, ауыл шаруашылығы министрлігінің, «Бизнес Франс» және басқа операторлардың өкілдері) қызметін үйлестіру тапсырылды.

Сонымен қатар, Елшілерге айтарлықтай сауда айналымы бар (50 мың еуродан жоғары) 95 елде мемлекеттік және жекеменшік құрылымдар өкілдері, компаниялар басшыларымен тұрақты түрде кеңес жүргізу үшін құрылған *Экономикалық кеңестерге* жетекшілік ету жүктелді.

Бұған қоса, 2018 жылы үкіметтің шешіміне сәйкес, елшілерге алдарына қойылған мақсат-міндеттерге жету үшін елшілік құрамындағы мамандарды «анықтап, таңдау» еркі берілді [135]. Осы орайда жалпы Франция елшіліктері бірнеше министрліктер мен ведомство (экономика мен қаржы, ішкі істер, қорғаныс, білім беру мен мәдениет агенттіктері және т.с.) өкілдерінен құралатынын еске салу керек.

Француз елшісінің жетекшілігімен мемлекеттік және жеке акторлардың әрекеттесу схемасы сурет 5 көрсетіледі.



Сурет 5 – Француз елшісінің жетекшілігімен мемлекеттік және жеке акторлардың әрекеттесуі

Ескерту – дереккөздер негізінде құрылды [133]

Француздық елшілердің жауапкершілігіне келер болсақ, олардың қызметі сандық және сапалық индикаторларға сәйкес, СІМ және экономика және қаржы министрліктерімен бірлесіп жыл сайын талқыланатын «жол картасы» негізінде жүзеге асырылады.

Бұл ретте 2018 жылғы Елшілер конференциясында оларға 10 басым екіжақты жобалар тізімін жасау және әрбір екі ай сайын Парижге олардың жүзеге асуы бойынша ақпарат беру тапсырылғанын атап өткен жөн [135].

Елшілер жұмысының жаңа форматтары енгізілді. Атап айтқанда, жыл сайынғы елшілер конференциясы шеңберінде француз кәсіпкерлерімен «speed dating» (15 минуттық сұхбат түрінде), «1 Елші -1 Кәсіпкер-1 Өңір» үш жақты кездесулер форматы іске қосылды. Мысалы 2018 жылғы конференцияда тағы бір жұмыс нысаны енгізілді, ол елшілердің француздық аумақтарға тікелей ден қоюы, яғни конференция аяқталған күні өңірлерге барып, олардың мұқтаждықтары мен әлеуетімен тереңірек танысу.

Шағын және орта бизнес өкілдерімен тікелей байланысты күшейту үшін және оларды президент және сыртқы істер министрлігі басшылығының шетелдік сапарларына қатысуын жеңілдету мақсатында онлайн режимде жұмыс істейтін экономикалық дипломатияның «интерактивті картасы» әзірленді.

Бесінші қадам аясында әрекет етуші акторлардың көптігімен, кейбір функциялардың қайталануымен және ведомствоаралық жеткіліксіз үйлестірумен сипатталған мемлекеттік экспортты қолдау жүйесі оңтайландырылды.

Бұл ретте 2015 жылғы 1 қаңтарда Шетелдегі кәсіпорындарды қолдау («Ubifrance») және Халықаралық инвестицияларды тарту (AFII) жөніндегі

ұлттық агенттіктерді біріктіру нәтижесінде «*Бизнес Франс*» (Business France) экспортты қолдау және *инвестицияларды тарту саласындағы бірыңғай мемлекеттік оператор* құрылды [82, с. 88].

Бұл стратегиялық шешімді қабылдаудың басты себебі - экономикалық қызметтің екі маңызды түрі, яғни экспорт пен инвестиция арасындағы өзара байланысты тиімді пайдалану. Бұл жерде ұлттық экспорттың үштен бір бөлігін шетелдік топтардың француздық филиалдары жүзеге асыратыны басшылыққа алынды. Сонымен қатар, бірыңғай операторды құру мемлекеттік қаржыны оңтайландыруға («Ubifrance» бюджеті 100 млн. еуро, 1400 сарапшы; «АФИ» 150 сарапшы, бюджеті 22 млн. еуро) және географиялық өкілдікті кеңейтуге мүмкіндік берді.

2019 жылдың бірінші жартыжылындағы мәлімет бойынша, «Бизнес Франстың» 70 елде орналасқан 85 бюросы жұмыс істейді. Агенттіктің құрамында, Қазақстанды қоса алғанда, 1500 маман ел ішінде және сыртта жұмыс істейді. Мамандардың 80%-ын бизнес өкілдері, ал 20%-ын мемлекеттік қызметкерлер құрайды. Агенттік бюджет тарапынан (жыл сайын 100 млн. еуроға жуық) жартылай қаржыландырылады және кәсіпорындарға ақылы қызметтер көрсетуге құқылы (жалпы бюджеті 200 млн. еуро).

«Бизнес Франс» 4 түрлі қызмет көрсетеді – компаниялардың халықаралық дамуы мен экспортын қолдау; инвестицияларды тарту; елдің экономикалық жағымды келбетін ілгерілету; ерікті жас мамандарды шетелге жұмысқа жіберу тетігін үйлестіру қабылданды [136]. Оның құзыретіне агроөнеркәсіптік өнімді халықаралық деңгейде жылжыту қызметі де берілді (бұрын ауылшаруашылық министрлігі жанындағы «Sorexha» агенттігі айналысқан).

Агенттік шетелде дипломатиялық өкілдіктердің құрамына кіреді және Сауда-өнеркәсіп палаталармен (СӨП) тығыз байланыста жұмыс істейді. «Бизнес Франс» үш бірдей министрлікке қарасты: Сыртқы істер министрлігіне, Экономика және қаржы министрлігі мен аумақтардың бірлігі мен жергілікті билік өкілдерімен байланыс жөніндегі министрлігіне.

Бесінші қадам шеңберінде бірқатар құрылымдарды біріктіру нәтижесінде инновацияларды дамыту, орта және шағын бизнесті қолдау жөніндегі жаңа *Мемлекеттік инвестициялық банк* (BriFrance) құрылды. Аталған банк Францияның барлық аймақтарында перспективалық ШОБ пен аралық көлемдегі кәсіпорындарды қаржыландыру мен сүйемелдеуге, яғни оларға барлық даму кезеңдерінен өтуге дейін қызмет көрсетеді. «BriFrance» банкіне «Кофас» сақтандыру компаниясының құзырындағы мемлекет тарапынан кепілдіктер беру қызметі берілді [137].

Оңтайландыру саясаты аясында «*Экспертиз Франс*» (Expertise France) мемлекеттік агенттігінде халықаралық техникалық сараптама саласында көмек көрсететін алты оператордың қызметі біріктірілді [138]. Сондай-ақ, Францияның *сыртқы сауда жөніндегі кеңесшілер* (ССК) институты нығайтылды. Атап айтқанда, кеңесшілердің саны 3400-ден 4300 адамға дейін ұлғайды. Бұл институт 120 астам (1898 жылдан бастап) уақыттан бері сыртқы

сауданы дамытудың маңызды құралы ретінде қызмет атқарады. Олар үкіметке кеңес беру, елдің тартымдылығын ілгерілету, компанияларға қолдау көрсету, жастарды халықаралық деңгейде сыртқы сауда саласындағы жұмысқа дайындау сияқты төрт миссияны атқарады [139].

Әлемдегі теңдесі жоқ бұл институттың басты өзгешелігі - кеңесшілер шетелде жұмыс істейтін француз компанияларының тәжірибелі басшылары арасынан ғана іріктеледі. Оларды Сыртқы істер министрінің ұсынуы бойынша 3 жыл мерзімге премьер-министр тағайындайды. Кеңесшілер өз қызметтерін ерікті және ақысыз негізде атқарады. Кеңесшілер француз елшіліктерінің экономикалық бөлімдерімен, «Бизнес Франс», СӨП-пен әрекеттестік жасайды.

Францияның Қазақстандағы елшілігінің экономикалық өкілдігінің басшысы Николя Стюдер 2019 жылғы 29 қаңтардағы сұхбатында сыртқы сауда жөніндегі кеңесшілер өздері қызмет жасап жүрген елдердің бизнес-ортасы және екіжақты жобалар туралы пайдалы ақпаратқа қол жеткізе алады деген пікір білдірді.

Алтыншы қадам ретінде 2018 жылғы ақпанда экспортты қолдаудың мемлекеттік тетігінің тиімділігін арттыруға және өңірлерді бұл жұмысқа барынша тартуға бағдарланған француз үкіметінің сыртқы сауда саласындағы стратегиясы қабылданды [140].

Осы аталған құжат негізінде СІМ-нің алдына 2022 жылға қарай экспорттаушы компаниялардың санын 200 000-ға (120 000-нан) дейін жеткізу және 2020 жылға дейін 2 000 жаңа инвестициялық жобаны іске асыру туралы стратегиялық міндет қойылды. Стратегия аясында қайта құру шаралары Сыртқы істер министрілігі тарапынан төрт бағыт бойынша жүргізілуде:

Бірінші – «Бизнес Франс» өз қызметін өңірлерде және Африка сияқты күрделі елдерде шоғырлана отырып, шетелде өз жұмысын белгілі бір дәрежеде қысқартады. Қалыптасып болған немесе қиындық тудырмайтын нарықта экспортқа қолдау көрсету сол елдерде орналасқан басқа құрылымдарға (негізінен СӨП-ға) бірыңғай «корреспондент» ретінде беріледі. Жаңа тәжірибе сынақтан сегіз мемлекетте өтті (Ресей, Сингапур, Гонконг, Жапония, Норвегия, Бельгия, Испания, Филиппин).

Екінші – экспортты жылжыту мен қаржыландыру бойынша толық кешенді қызмет көрсету үшін әр өңірде «Бірыңғай терезелер» («Бизнес Франс» пен СӨП-тің негізінде) құрылуда. Шетелде мұндай қызметті тендердің қорытындысы бойынша іріктеуден өткен «тілші» атқаратын болады. Іс жүзінде бұл «Экспорт бойынша Франция құрамаларын» (арнайы ағылшын тілінде «Team France export» деп аталды) құруды білдіреді.

Үшінші – өңірлерде компаниялардың мемлекеттік қаржыландыру тетіктеріне («Vrifrance» банкі тарапынан) қол жеткіздіру. Өткізу нарығын зерделеуден бастап, экспорт бойынша келісімшарттарға қол қойғанға дейінгі кезең аралығында сақтандыру және банк кепілдігін беру тәртібін оңайлату көзделеді.

Төртінші – СӨП-тер мен ССК тарапынан халықаралық сауда мен қаржы саласында кадрлар дайындау және жалпы «экспорттық» мәдениетті

жоғарылату. Бұл студенттерге арналған білім беру бағдарламаларын кеңейтуді, соның ішінде әр студентке мемлекет есебінен ағылшын тілін оқығаны туралы халықаралық сертификат алуды (TOEFL сияқты), ШОБ басшылары мен олардың қызметкерлерін халықаралық сауда мәселелеріне бейімдеуді білдіреді.

Жетінші қадам ретінде елшілер мен дипломаттардың экономикалық дайындығы деңгейін жоғарылату жөнінде жұмыс атқарылды [133].

СІМ жанындағы Дипломатиялық және консулдық институтында (Institut diplomatique et consulaire) төменгі және орта буын кадрларды экономикалық және сауда мәселелері бойынша қайта даярлау жандандырылды.

Сыртқы істер министрлігіне экономика, сыртқы сауда, қаржы, салық салу және т.б. салаларда білімі немесе кәсіби тәжірибесі бар қызметкерлерді жұмысқа қабылдау жандандырылды. Министрлік пен француз компаниялары арасында дипломаттарды ротациялау практикасы күшейтілді.

Сегізінші қадам ведомствоаралық үйлестіруді және жеке акторлармен ықпалдасуды жетілдіруге негізделді.

Франция президентінің төрағалық етуімен Тартымдылық жөніндегі стратегиялық кеңес (Conseil stratégique de l'attractivité) құрылды, оның құрамына 30 үлкен шетел компанияларының басшылары кірді. Сонымен қатар, француз компанияларын интернационалдандыруға қатысатын негізгі мемлекеттік және жеке акторларды біріктіретін СІМ-нің сыртқы сауда жөніндегі мемлекеттік хатшысы басшылығымен Экспорт жөніндегі стратегиялық кеңес (Conseil stratégique de l'export) тұрақты түрде жұмыс істейді.

Жұмысты үйлестіру мен қызметтердің қайталануын болдырмау мақсатында негізгі ойыншылар арасында тиісті келісімдер мен әріптестіктер орнатылды. Сыртқы істер министрлігі мен экономика және қаржы министрліктері арасында ынтымақтастық туралы, сондай-ақ СІМ, Қазынашылық, «Бизнес Франс» және Аумақтардың теңдігі жөніндегі бас комиссариат арасындағы өзара жұмыс түрлері туралы келісімдер жасалды.

«Бизнес Франс» агенттігі ұлттық деңгейдегі СӨП-пен және олардың шетелдегі өкілдіктерімен, сыртқы сауда жөніндегі кеңесшілердің ұлттық комитетімен (CSEF), «Франция өңірлері» қауымдастығымен, «Халықаралық сауда жөніндегі мамандандырылған операторлар» (OSCI), Кеден органдарымен келісімдерге отырды.

2016 жылғы 19 ақпанда Сыртқы істер министрлігі, Қазынашылық және «Бизнес Франс» арасында қабылданған конвенция осы құрылымдардың шетелдегі өкілдіктері арасындағы функцияларды келесідей бөліп, бекітті (кесте 3).

Кесте 3 – Экономикалық дипломатия саласындағы функциялардың бөлінісі

Елшіліктердегі экономикалық бөлімдер	«Бизнес Франстың» шетелдегі өкілдіктері
Болу елдерінің жалпы саяси және макроэкономикалық даму жағдайы, қаржы мәселелері, секторлардың сипаттамасы, бизнес жүргізу мен нарықтарға кіру шарттары туралы кәсіпорындарға ақпарат беру	ШОБ және аралық кәсіпорындарды сүйемелдеу
Француздық ірі компаниялардың жобаларына қолдау көрсету	Кәсіпорындарға арнайы және ақылы түрде қызмет көрсету (нарықтарды жекелеген компаниялар немесе олардың топтары үшін зерттеу, ұсынымдарды тестілеу, салондар мен жәрмеңкелерге қатысуды және «В to В» форматында кездесулерді ұйымдастыру, нарықтарды мониторингілеу, тапсырыс бойынша арнайы зерттеулер жүргізу және т.б.)
Кәсіпорындарды болу елдеріндегі мемлекеттік шешім қабылдаушы органдар мен тұлғаларына және Францияның сол елдердегі институционалдық серіктестеріне қарай бағдарлау	Негізінен жеке байланыстар мен қатынастар орнату
Болу елдерінде француз іскер қоғамдастықтарының әрекеттерін үйлестіру	
Ескерту - ФР СИМ-нің https://www.diplomatie.gouv.fr сайтында берілген деректер бойынша жасалды [133]	

Осы орайда 2014 жылдан бері француз елшіліктеріндегі экономикалық бөлімдердің басшылары (сауда және экономикалық мәселелер жөніндегі кеңесшілер) экономика және сыртқы істер министрлеріне бірдей бағынатындығын еске саламыз: олар елшілер мен сыртқы істер министрінің келісімімен экономика министрімен тағайындалады.

Сондай-ақ, аймақтардың елдің ықпалын тарату мен тартымдылығын дамытуға және халықаралық ынтымақтастық жүргізуге қосатын үлесін ескеріп, 2016 жылы әзірленген СИМ-нің «Дипломатия және аймақтар жөніндегі» Ақ кітабының ұсынысы бойынша әрбір елшілікте жергілікті билік органдарының өкілі ретінде «үкіметтік емес ынтымақтастық жөніндегі корреспондент» тағайындалды [141].

Жалпы Францияның 5000 жергілікті билік органдары 147 елде халықаралық ынтымақтастық жобаларын жүзеге асырады. Сол себептен аталмыш корреспонденттер француз аймақтары мен шет елдердің жергілікті органдарымен тығыз байланыстар орнатуға тікелей жәрдемдесуге міндетті. Бұл қызметті Қазақстанда Францияның Алматы қаласындағы Бас консулы қоса атқарады.

Тоғызыншы қадам елдің әлемдегі ықпалын, «жұмсақ» пен «қатаң» элементтерден құралатын «Ақылды күш» әлеуетін іске асыруға саяды.

Лоран Фабиустың пікіріне жүгінсек, шетелдегі білім беру мен мәдени желі, стипендиялар, ғылыми ынтымақтастық, визалық саясат және осы сияқты француз ықпалының қолданыстағы құралдары экономикалық мақсаттарды нығайтуы тиіс [30]. Мемлекеттің ресми тұлғаларының мұндай мәлімдемелері француздық сыртқы саясат дәстүріне сай *«ықпал күші»* (puissance d'influence) деп атайтын «Ақылды күштің» өзектілі екендігіне көзімізді жеткізе түседі.

Сыртқы саясатты жүргізудің қиыстырмалы (комбинаторлы) қағидатын сарапшылар қауымдастығының жетекші өкілдері де қолдайды. Мысалы, Тома Гомар мен Тьерри де Монбриаль өздерінің «Біздің ұлттық мүддеміз. Францияға қандай сыртқы саясат қажет?» деген еңбегінде *«кез келген стратегия ресурстардың, сондай-ақ материалдық және моральдық күштердің болуын, қойылған мақсаттарға қол жеткізу мақсатында оларды жұмылдыру қабілетін көздейтінін көрсетеді. «Жұмсақ күштің» қасиетіне қарамастан оның «қатаң күшсіз» қуаттылығы болмайды, дәл солайша «қатаң күштің» іргетасына сүйенбейтін «жұмсақ күш» болмайды»* деп тұжырымдайды [99, p. 247].

Франция тарапынан «Ақылды» күшті пайдаланудың мысалы ретінде Ресейге 1,2 млрд. еуроға сатылған «Мистраль» екі тікұшағына байланысты мәселені келтіруге болады. Париж дипломатиялық және экономикалық тетіктерге жүгіне отырып, жағдайды өздерінің пайдасына шешу мүмкіндігіне ие болды. Сөйтіп, ол арқылы Мәскеудің Украинаға қарсы әрекетіне наразылығын білдіріп, Ресей Федерациясына тікұшақтарды сатудан бас тартты әрі оларды Египетке қайта сатып, ұлттық өндірушілерін тапсырыспен қамтамасыз етті [142].

Сондай-ақ, Париж экономикалық дипломатияның ықпалымен француз тілі мен мәдениетінің әлеуетін ерекше қолдануда. Франкофонияны дамыту бойынша сыртқы істер министрінің жанындағы министр-делегат Ямина Бенгугидің «экономикалық франкофония – бұл біздің компаниялар үшін жақсы мүмкіндік, яғни, біз үшін француз тілі - сауда қаруы» деген пікірі бұл жерде көп жайтты аңғартады [143].

Француз «жұмсақ» ықпалы оның негізін қалаушы келесідей элементтер арқылы жүргізіледі: еріктілер мен жергілікті мұғалімдерге гранттар беру арқылы тілді насихаттау; бірлескен студенттік мәдени жобаларға арналған шәкіртақы бағдарламалары; «Француз альянстарының» қызметі; серіктес елдердің болашақ көшбасшыларына арналған стипендиялар; қос дипломды бағдарламалар; шетелдік мамандарды қайта даярлау үшін гранттар; француз жоғары оқу орындарының шетелдік түлектерін біріктіретін «France Alumni» сандық платформасы және т.б.

Экономикалық дипломатия мақсатында басқа мемлекеттерге ресми көмек көрсету құралы да қолданылып жатыр. Аталған көмек Францияда негізінен «Даму жөніндегі француз агенттігі» (Agence française de Développement) ұлттық институты арқылы екіжақты, еуропалық және көпжақты деңгейде көрсетіледі.

Ішінара ықпал етуді көздейтін даму саласындағы көмек объективті тарихи және мәдени себептерге және дәстүрлі саяси экономикалық қарым-қатынас пен экономикалық мүдделерге байланысты, негізінен француз тілді 16 Африка еліне (Бенин, Буркина-Фасо, Бурунди, Джибути, Комор аралдары, Гана, Гвинея, Мадагаскар, Мали, Мавритания, Нигер, Орталық Африка Республикасы, Конго Демократиялық Республикасы, Чад, Того, Сенегал) беріледі [144].

Онынышы қадам ретінде Э.Макрон үкіметі ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігі мен тартымдылығын арттыру мақсатында екі ауқымды шара қабылдады [132].

Олардың біріншісі - 2018-2022 жылдарға арналған «Инвестицияның бас жоспары» (Grand plan d'investissement). Бұл жоспар 57 млрд. еуро көлемінде экономиканың құрылымдық реформаларын қолдауға арналады. Атап айтқанда, 20 млрд. еуро жасыл және баламалы экологияға көшуді жеделдетуге, 15 млрд. сапалы мамандар дайындауға, 13 млрд. инновациялар арқылы бәсекелестікті дамытуға және ең соңғы 9 млрд. сандық мемлекетті құруға бөлінді.

Екіншісі – «Кәсіпорындардың өсуі мен трансформациялау жоспары» (РАСТЕ, le Plan d'action pour la croissance et la transformation des entreprises). Бұл бағдарлама ұлттық компаниялардың жұмысына неғұрлым қолайлы жағдайлар жасауға бағытталды. Ол негізгі он шарадан тұрады, олардың арасында шағын және орта бизнестің экспортына қолдау білдіру, стратегиялық салалардағы кәсіпорындарды қорғау сияқтыларды атап көрсетуге болады.

2.3 Француз Республикасы экономикалық дипломатиясының қазіргі таңдағы басымдықтары

Лоран Фабиустың экономикалық дипломатияны қайта құру бастамасы бір-бірін өзара толықтыратын *үш басымдыққа* тоғысты:

- француз компанияларының экспортын қолдау;
- шетелдік инвестицияларды тарту;
- экономикалық мүдделерді еуропалық және халықаралық реттеуші құрылымдар шеңберінде есепке алғызу.

2017 жылы бұл басымдықтарды Э.Макрон үкіметі *төртінші* мақсатпен толықтырды: «*француз компанияларының, әсіресе стартаптарының дамуын әлемге көрсету*».


Сонымен қатар, үшінші басымдық былай өзгертілді «*еуропалық және халықаралық реттеуші базаны біздің қорғаныстық пен шабуылдық мүдделерімізге бейімдеу*» [133].

Экономикалық дипломатияны күшейту бойынша жасалған іргелі қадамдарды алдыңғы параграфта зерттеп, оның басым бағыттары бойынша қабылданған нақты шаралар мен олардың нәтижелерін қарастыру орынды.

Ең алдымен, Париж елдің артықшылығы ретінде саналатын қорғаныс, энергетика, ғарыш, аэроавиатика, жер үсті көлігі, агроөнеркәсіп, денсаулық саласындағы биотехнологиялар сияқты стратегиялық бағыттарды қолдауға ерекше көңіл бөлетінін атап өтеміз.

Француз экспортына қолдау басымдығы аясында елдік және салалық жұп принципі бойынша экспорттық өнім бес «тұқымдастарға» біріктірілді: «Жақсы тамақтану» (Mieux se nourrir); «Өзін-өзі жақсы күту» (Mieux se soigner); «Қалада жақсы тұру» (Mieux vivre en ville); «Жақсы көңіл көтеру және даму» (Mieux se divertir et se cultiver); «Жаңартылған энергия» (énergies renouvelables). Нақтылап айтқанда, экспорттық тауарлардың «тұқымдастары» мына салаларды қамтиды: агроөнеркәсіптік (сүт өнімдері, арақ-шарап өнімдері, дақылдар т.б.); жаңартылатын энергия (ноу-хау, технологиялар, «smart grids» желілері); мәдени және шығармашыл индустрия; денсаулық (денсаулық сақтау индустриясы); тұрақты қала (урбанизм, сәулет, энергия тиімділігі, экоиндустрия, қалалық қызметтер, сандық технологиялар).

Экспортты жылжыту үшін қарқынды дамып жатқан және нарықтың жоғары сыйымдылығын көрсететін әлем аймақтары мен елдердің арасынан Орталық Азия мемлекеттерінің ішінен Қазақстан Республикасын қоса алғанда, сурет 6 сәйкес 50 басым мемлекет анықталды [145].



■ «Жақсы тамақтану» тұқымдасы (Mieux se nourrir); ■ «Өзін-өзі жақсы күту» тұқымдасы (Mieux se soigner); ■ «Қалада жақсы тұру» тұқымдасы (Mieux vivre en ville); ■ «Жақсы көңіл көтеру және даму» тұқымдасы (Mieux se divertir et se cultiver)

Сурет 6 – Экспортты дамыту бойынша басым мемлекеттер

Ескерту - ФР СИМ-нің <https://www.diplomatie.gouv.fr> сайтынан алынды [131].

Жоғарыда берілген суреттен географиялық тұрғыдан Францияның ең маңызды серіктестері дамыған елдер болып отырғанын көреміз. Сонымен қатар, француз экспортының географиялық бағдары біршама кеңейтілгені байқалады: дәстүрлі аймақтарға, яғни, француз тілінде сөйлейтін Африка, Таяу Шығыс және ірі елдер (Қытай, Үндістан, Түркия, Ресей, Мексика және т.б.) қатарына ағылшын тілді Африка (Оңтүстік Африка, Нигерия, Кения), Оңтүстік-Шығыс Азия (Малайзия, Тайланд, Вьетнам, Сингапур) және Оңтүстік Америка (Бразилия, Чили, Колумбия, Аргентина) сияқты жаңа қарқынды даму үстіндегі елдер қосылған.

Сондай-ақ, бірінші басымдық шеңберінде француз үкіметінің негізгі күш-жігері шағын және орта бизнес (ШОБ) пен аралық көлемдегі кәсіпорындарды (АКК) қолдауға және олардың әлеуетін дамытуға бағытталды. Жалпы алғанда, мақсат ұлттық компаниялардың «көбірек, жиірек және мейлінше ұзақ» экспорттау қабілетін арттыру, себебі, осы уақытқа дейін француздық кәсіпорындардың тең жартысы 3 жылдан кейін шыдамай, экспорттық қызметтерін тоқтатып отырған [127].

Екінші басымдық - *шетелдік инвестицияларды тарту* - жаңа жұмыс орындарын құру және жұмыссыздықты қысқарту проблемаларын шешу көздейді [133].

СИМ, «Бизнес Франс» және басқа да құрылымдар желісі бойынша айтарлықтай үлкен бастамалар іске асырылуда. Францияның экономикалық әлеуетін, инновация мен ноу-хау бастамаларын 5 ірі елде (ГФР, Ұлыбритания, АҚШ, Үндістан, Қытай) ілгерілету бойынша «Креативті Франция» (Créative France) науқаны іске қосылды.

Жыл сайын 80 жуық шетелде экономикалық акторларды жинайтын «Инвестициялау айыны» өткізу басталды. Парижде ірі әлемдік топ басшыларының басын қосатын «Choose France!» («Францияны таңда») ауқымды жоба іске қосылды.

Сыртқы істер министрлігінің сайтында берілген ақпаратқа сәйкес, экономикалық дипломатияның маңызды бағытының бірі инновациялар болып табылады. Осы ған байланысты француз және шетелдік инновациялық компаниялар (стартаптар, ШОБ) мен акторларға (бәсекеге қабілеттілік полюсі, кластерлер, инкубаторлар, акселераторлар) арналған бағдарламалар іске асырылуда. Олардың қатарында [146]:

– Жас инновациялық компанияларды АҚШ-та орнығуға дайындауға арналған «NETVA» («жаңа технологияларды жылдамдату») бағдарламасы. Бағдарлама 2015 жылы Канадаға кеңейтілді;

– ОАР, Оңтүстік Корея, АҚШ, Италия, Тайвань елдерінен шетелдік стартаптарды әкімшілік және заңгерлік аясында сүйемелдеу үшін «YEU» бағдарламасы (Жас кәсіпкерлердің бастамасы);

– «COOPOL Innovation» бағдарламасын Пекинде Франция елшілігін зерттеу, даму және инновация саласындағы бірлескен жобаларға қатысатын әріптестерді сәйкестендіру үшін іске қосты. Бағдарлама Ресей мен Колумбияға дейін кеңейтілді.

Экономикалық дипломатия тұрғысынан туризмнің тартымдылығын арттыру да Франция үшін маңызды. Туризм француз экономикасының негізгі секторларының бірі: ол ЖІӨ-нің 8% көлеміндегі кірісті, сондай-ақ 2 млн. тікелей және жанама жұмыс орындарын қамтамасыз етеді.

2018 жылғы көрсеткіш бойынша Франция 90 миллион турист қабылдаған әлемдегі бірінші туристік дестинация болып танылды. Алдағы уақытта туризм саласындағы басты мақсат - жалпы әлемдік экономикалық конъюнктура мен Қытай бағытындағы туристік қарқынын сақтай отырып, 2020 жылы туристердің санын 100 млн. және кірісті 50 млрд. еуроға жеткізу. Сонымен қатар, елдің бүкіл аумағында қосымша 300 000 жұмыс орнын құру жоспарланып отыр [140, p. 19].

Францияның тартымдылығын күшейту мақсатында туризм саласы төрт басты бағыт бойынша дамытылуда: туристерді қабылдауды жетілдіру; көлік пен тасымалдау жүйелерін байланыстыру; шетелде Францияны туристік бағыт ретінде насихаттау; инфрақұралымдарға, әсіресе қонақүйлерге инвестициялар салу. Аталған бағыттар бойынша жұмыс үкіметтің «жол картасы» арқылы жүзеге асырылады, оны үйлестіруді Сыртқы істер министрлігі өзінің желісі мен «Ату Франс» (Atout France) бірыңғай операторына сүйене отырып іске асырады.

Үшінші басымдық – *еуропалық және халықаралық реттеуші базаны қорғаныстық пен шабуылдық мүдделерге бейімдеу.*

Нақтылап айтқанда, бұл басымдық сауда саласында халықаралық келіссөздер барысында «шабуылдық әрі қорғаныстық» мүдделерін есепке алуды білдіреді. Бұл ретте «шабуылдық» мүдделер ұғымы француздық кәсіпорындарды халықаралық нарықтарға жылжыту және қолдау дегенді, ал «қорғаныстық» - кәсіпорындар шетелде қиындықтарға тап болған кезде қолдауды білдіреді [147].

Осы тұрғыда Париждің бірінші кезектегі мақсаты – Еуропалық Одақ желісі бойынша шет мемлекеттермен сауда-экономикалық немесе инвестициялық келісімдер жасау бойынша келіссөздер басталғанға дейін француз компанияларымен, кәсіби және секторлық ұйымдармен жасалатын мәмілелердің ықтимал экономикалық, әлеуметтік және экологиялық салдарларына қатысты кеңестер жүргізу.

Бұл жерде Париж ЕО мен АҚШ арасындағы Сауда және инвестициялар саласындағы трансатлантикалық шарт (ТТІР) бойынша келіссөздердің қорытынды сатысында келісімнің ауылшаруашылық, ШОБ қолдау, мемлекеттік сатып алу саласындағы кәсіпкерлердің мүдделеріне қайшы келетіні туралы мәлімдемесі жоғарыда айтылған мақсатқа өзінің бейілділігін көрсетті.

Франция үкіметінің 2016 жылғы 30 қазанда қол қойылған Канадамен жаһандық экономикалық және сауда келісімін (АЕСГ/СЕТА) іске асыру жөніндегі арнайы іс-қимыл жоспарын қабылдауы жоғарыда мазмұндалғанның тағы бір дәлелі болып табылады. Онда ЕО мен Францияның санитариялық және экологиялық нормалары бөлігіндегі келісімнің ережелерін «үлгілі» дәрежеде сақтауға баса назар аударылды [148].

Сондай-ақ, Франция сауда саласындағы ашықтық пен өзара түсіністік қағидаттарын есепке алуды қолдайды, өйткені оларды сақтау әділ сауданы жүргізу үшін қажетті шарт.

Париж өзінің ұлттық мүдделерін қорғай отырып, ДСҰ шеңберінде әлемдік экономикадағы протекционистік үрдістерге қарсы бағытталған Еуроодақтың ортақ мүдделерін қорғау қағидаттарына бейілділік танытады. Мысалы, Д. Трамп әкімшілігінің ЕО-дан әкелінетін болат пен алюминийге арналған тарифтерге қатысты протекционистік саясатына теріс көзқарас білдірді және Брюссельдің қарсы шаралар қабылдауын сұрады (салынатын салықтар 670 млн. француз экспортына қатысты еді) [147].

Осы қатарда Вашингтонның Иран бойынша «ядролық мәміле» денонсациясы төңірегіндегі жағдай бойынша Францияның ол елде жұмыс істейтін еуропалық компанияларға АҚШ санкцияларына жол берілмейтіні туралы жалпыеуропалық ұстанымды қолдағанын атап өтеміз.

Төртінші басымдық – *француздық компаниялардың қарқынды дамуын көрсету* барысында Франция әсіресе, цифрлық экономика саласында «Стартаптар ұлтына» айналу басты мақсат болып отыр.

Француз стартаптарының экокүйесін ілгерілетудің негізгі құралы ретінде Даму банкі («Caisse des dépôts»), Мемлекеттік инвестициялау банкі («Bpifrance») және «Бизнес Франс» агенттігімен әріптестікте әзірленген «Френч Тех» («French Tech») бағдарламасы іске қосылды. Шамамен 215 млн. еуроны құрайтын жобаның мақсаты - француздық стартаптардың халықаралық деңгейде өсуі мен дамуын қолдау және тиісті экосистеманы ілгерілету [149].

«Френч Тех» аясында шетелдік кәсіпкерлерді қоса алғанда бизнесмендердің инновациялық бастамаларын ынталандыру үшін «French Tech Ticket» стипендиясы мен тиісті бағдарлама әзірленді.

Сондай-ақ, Парижде 1000 стартапқа арналған әлемдегі ең ірі «Station F» деген стартаптарға арналған бизнес-инкубатор ашылды. Жобаның серіктестері - американдық алыптар «Microsoft» және «Facebook», француздық «Vente-prive» интернет-дүкені және Оңтүстік Кореяның «Naver» іздеу жүйесі.

Осымен 2012 жылдың соңында басталған реформаның әсері жалпы ұлттық экономиканың дамуы мен әлемдік конъюнктураға да байланысты екенін біле тұра, қабылданған шаралардың *нәтижелігін* бағалауды Француз Республикасының басты макроэкономикалық көрсеткіштерінен бастауды жөн санаймыз.

Француз ұлттық статистикалық институтының (INSEE) мәліметі бойынша, 2018 жылдың нәтижесі бойынша француз экономикасы 2 353,1 млрд. еуроны (2012 жылы 2 032,3 млрд. еуро) құрады. Сондай-ақ, жалпы ішкі өнім 1,7% өсті, бұл 2012 жылдан бергі ең жоғарғы көрсеткіштің бірі болып есептеледі [150].


Мемлекеттік бюджеттің тапшылығы 2012 жылдағы 98,2 млрд. еуродан 76,1 млрд. еуроға дейін қысқартылды. Бұл үкіметке бюджет дефицитін жалпы ішкі өнімнің 2,6% деңгейінде ұстап тұруға мүмкіндік береді.

Жұмыспен қамту бойынша статистика жұмыссыздық деңгейі 8,8%, яғни 2009 (9,5%) жылдан бастап ең төмен деңгейге түскенін көрсетеді.

Дүниежүзілік Банк деректері бойынша, Франция экономикасына 2013 жылдан бері 200 млрд. доллардан аса шетелдік инвестициялар тартылды.

БҰҰ ЮНКТАД-тың «2018 жылғы Әлемдік инвестициялар туралы» баяндамасы жалпы әлемде инвестициялар ағыны төмендеу кезінде Францияға 2018 жылы түскен инвестициялар алдыңғы жылға қарағанда 1,5 есеге (30 миллиардтан 50 млрд. долларға) артқанын көрсетеді [151].

Сурет 7 сәйкес, бұл соңғы бес жылдағы ең жоғары көрсеткіш ретінде ТШИ ағынының оң динамикасын қуаттайды.



Сурет 7 - Тікелей шетелдік инвестициялар қарқыны, млрд. долл.

Ескерту – деректер негізінде құрылды [150; 151]

Сыртқы сауда сауда көрсеткіштеріне келетін болсақ, 2018 жылдың нәтижесі бойынша жалпы француз сауда айналымы *1 043,1 млрд. еуроны* (2012 жылы 951,6 млрд. еуро) құрады. Экспорт 491,6 млрд. еуроға (+3,8%), ал импорт 551,5 млрд. еуроға дейін өсті [152]. Бұл соңғы сегіз жыл ішіндегі ең жоғарғы көрсеткіш және экспорттың артуына байланысты француздық Жалпы ішкі өнімнің өсуіне 0,6% мөлшерінде алғаш рет үлес қосты.

Кесте 4 – Франция сыртқы саудасының эволюциясы, млн. еуро.

Мерзім	Айналым	Экспорт	Импорт	Сальдо
2018	1043,1	491 644	551 540	- 59 896
2017	1004,6	473 422	531 178	- 57 756

2016	950,4	452 886	497 562	- 44 676
2015	953,9	455 527	498 460	- 42 933
2014	929,9	436 833	493 113	- 56 756
2013	934,1	436 180	497 961	- 61 781
2012	951,6	442 014	509 596	- 67 582
Ескерту – деректер негізінде құрылды [150; 152]				

Кесте 4 берілгендей, жалпы тауарлар айналымының сальдосы - *59,9 млрд. еуроны* құрап, 2015-2016 жылдары айтарлықтай төмендеуден соң (43 млрд.еуро және 45 млрд.еуро, сәйкесінше) *теріс дәрежеде* қалып отыр.

Сауда балансы тапшылығының сақталуы бірінші кезекте мұнай және оның өнімдерінің импорты үлесінің жоғары болуымен және мұнай бағасының өсуімен түсіндіріледі.

Дегенмен, 2011-2018 жылдар аралындағы сауда сальдосының өзгеруін қарастырар болсақ, оның тапшылығы *14 млрд. еуроға* қысқарғанын байқаймыз. Бұл қарқын осы саладағы энергия тасымалдағыштар бағасының әлемдік конъюнктурасына, пайыздық мөлшерлемелердің, әлемдік валюта бағамдарының өзгеруіне және тұтастай алғанда, француз экономикасының бәсекеге қабілеттілігіне байланысты болғандықтан қолайлы болып саналады.

Францияның ел бөлінісі бойынша *негізгі сауда* серіктестері – Еуропалық одақ мемлекеттері (59% - ГФР (14,8%), Испания (7,7%), Италия (7,6%) және АҚШ (6,9%), Қытай (6,8%), Швейцария (3%), Жапония (1,6%), Түркия (1,4%) болып отыр [152].

Сауда балансының құрылымын географиялық тұрғыдан талдау Қытай мен Гонконг, Еуропалық Одақ елдері (Германия, Нидерланд, Италия), Ресей Федерациясы, Вьетнам, Жапония, Ирландия, Нигерия сияқты мемлекеттермен *теңгерімсіздікті* анықтады. Олардың қатарына *Қазақстан* Республикасы да кіреді.

Екіжақты саудадағы *профицит* Ұлыбритания, Сингапур, АҚШ, Қатар, Біріккен Араб Әмірліктері, Австралия, Бразилия, Швейцария сияқты мемлекеттермен тұрақты түрде қалыптасып отыр.

Француз Республикасының негізгі макроэкономикалық көрсеткіштеріне қоса экономикалық дипломатияның өміршеңдігін дәйектеу мақсатында оның белгілеген басымдықтары бойынша қол жеткізілген бірқатар *нақты нәтижелерді* қарастырып өтейік.

Ең алдымен, 2018 жылдың қорытындысы бойынша экспорттаушы компаниялар санының 125 283 дейін өсуі бойынша (2012 жылы 119 716 кәсіпорын) тұрақты үрдісті атап өткен орынды. Алдағы уақыттағы мақсат - олардың санын 2022 жылға қарай 200 000-ға жеткізу. Сонымен қатар, француз компанияларының шетелдегі филиалдар саны 38 000 құрады [152].

«Бизнес Франс» агенттігінің шетелдік инвестицияларды тарту бойынша 2018 жылдың нәтижелеріне қатысты есебі бұл саладағы көрсеткіштер әлемде

орын алып жатқан сауда текетірестері мен протекционизмнің күшеюі контекстінде француз экономикасы тартымдылығының тұрақтанып жатқаны байқалады [153]. Мысалы, 33 302 жұмыс орнын құратын 58 елдің шетелдік компанияларының 1 323 инвестициялық жобасы тіркелді (2017 жылмен салыстырғанда + 2% көтерілген). Бұл көрсеткіш аптасына орташа есеппен алғанда 25 инвестиция салу туралы шешімнің (алдыңғы жылдары 19 бен 21 болған) қабылданып отырғанын білдіреді

Салалық бөлініс бойынша 2018 жылы инвестициялар негізінен информатикалық қызметтер мен бағдарламалар (14%), консалтинг-инженерия (11%), сауда мен тарату (7%), текстиль, киім және аксессуарлар (5%), машиналар мен механикалық құрылғылар (5 %) секторларына салынған.

Француз экономикасына негізгі инвестициялар салушы АҚШ (18% немесе 232 инвестициялық жоба), ГФР (14%), Ұлыбритания (9%), Нидерланд (8%), Италия (7%), Швейцария (5%), Бельгия (5%) және Қытай (4%) компаниялары болып отыр.

«Бизнес Франс» деректері бойынша, жалпы инвестициялар тіркелген жобалардың қомақты үлесін еуропалық компаниялар құрайды (61% әлде 800 жоба). Олардың ішінде британдық инвестициялық жобалар санының, әсіресе қаржы саласында күрт өсуі назар аудартады: 2017 мен 2018 жыл аралығында 33% көбейді.

«Kantar Public» социологиялық компаниясының 2018 жылы желтоқсанда жүргізген сауалнамасына сәйкес, шетел кәсіпорындары басшыларының 87% (АҚШ, Қытай, Үндістан, Ұлыбритания, БАӘ, ГФР) Францияның бизнес жасау үшін тартымдылығы соңғы екі жылда едәуір өсті деп санайды. Бұл француз экономикасын Еуропалық одақта тартымдылық бойынша Германиядан кейін екінші орынға шығарып отыр [154].

Өз тарапымыздан мұндай нәтижелер «Брекзитке» байланысты француз тарапы үшін жағымды салдарының бірі деп санауға бейімбіз. Ұлыбританияның Еуропалық одақтан шығуы Франция үшін теріс салдары мен бірге ұтымды жағдайлар жасайтыны да айқын.

Жалпы алғанда, шетелдік компаниялар Францияда жұмыс орындарын құрудың және экономикалық өсуді ынталандырудың маңызды факторы болып табылатыны назар аудартады. Қазіргі уақытта Парижде 500 трансұлттық корпорацияның өз бөлімшелері бар. Шетелдік капиталға тиесілі компаниялар (саны 28 100 яғни, барлық тіркелген компаниялардың 1%-нан аз болады) 2 миллионнан астам жұмыс орындарын және экспорттың 1/3 бөлігін, елдің сауда айналымының 19%, және қосылған құнның 16% құрайды.

«Френчтех» стартаптар мен инновацияларды үдемелі дамытуға арналған бастаманың нәтижелерін де атап өткен жөн.

2013 жылы 34 стартаптан басталған бұл жаңашыл бағдарламаға 2018 жылғы жағдай бойынша 10 000 астам стартап қатысып отыр [149]. Оларды ел ішінде дамытуға 2,5 млрд. еуро көлемінде инвестициялар тартылған.

Туризм саласындағы оң нәтижелерді де ерекше атауға болады. 2018 жылы Франция 90 миллион туристің арқасында әлемдегі бірінші

туристік бағыт ретіндегі орнын сақтап қалды. Жалпы алғанда, 2012 жылдан бастап туристер саны 2 млн. адамға өсті, бұл да жүргізілген реформаның сәтті екендігін айғақтайды. Туристер ағынын ынталандыру шаралары арасында бірқатар елдерге 48 сағат ішінде виза (Қытай (24 сағатта), Сингапур, Оңтүстік Африка Республикасы, Катар, Кувейт, Бахрейн, Оман, Түркия, Ресей, Индонезия, Тайланд, Филиппин, Камбоджа, Лаос, Бирма, Үндістан) беріле бастағанын көрсетуге болады [155].

СІМ-нің «Арнайы өкілдер» институты өзін экономикалық дипломатияны жүзеге асырудың озық тәжірибелерінің бірі ретінде көрсете алды. Мысалы, қызмет көрсетудің алғашқы жылының өзінде аэроавтика саласында бірлескен инвестициялық қор құру туралы келісімге қол жеткізген Мексикадағы арнайы өкіл Ф. Фордың қызметі тиімділік үлгісі бола алады. Сондай-ақ, Жапониядағы Л. Швейцердің жұмысын атап өтсе де болады, оның қатысуымен 31 «Эйрбас А350» ұшағын 9,5 млрд. долларға сатуға ірі келісімшарт жасалды [155].

Белгілі бір жетістіктер экспорттық «Федераторлардың» қызметінде байқалады. Олардың қатарына тұрақты қала саласында кәсіптерді дамыту жөніндегі «Vivarolis» немесе денсаулыққа байланысты «French Healthcare» сияқты ұлттық брендтердің шетелге шыққанын және фармацевтикалық тауарлар экспортының өскенін (2016 жылы жалпы ұлттық экспорттың 6,6% құрады) атауға болады. Сондай-ақ француз агроөнеркәсіп өнімдері Иран, Пакистан, Сингапур, Израиль нарықтарына шығарылды.

«Аймақтар үшін елшілер» қызметінің нәтижелілігіне келер болсақ, ол өңірлерге байланысты салыстырмалы болып келеді. Бұл жағдайды түсіндіретін себептердің бірі - елшілердің аймақтарда емес, Парижде отырып жұмыс жасағаны және олардың қызметіне бөлінген қаражаттың жеткіліксіздігі. Осы себептерге байланысты бұл құралдың тетігі қайта қаралып, қолдану тәжірибесі сарапталуда.

Париж жаңа құралдармен қатар дипломатияның дәстүрлі тетіктері мен *неоекжақты* (*approche néobilatérale*) тәсілді белсенді пайдаланатынын атап өту қажет: жоғары және аса жоғары деңгейдегі сапарлар, екіжақты және көпжақты келіссөздер, конференциялар және т.б. Бұл ретте мемлекет басшысы, сыртқы істер мен қорғаныс министрлері қомақты үлес қосып отыр. Мысалы, француз ресми ақпаратына сәйкес, президент болып сайланған 2017 жылдың ішінде Э.Макрон 29 мемлекетке сапар жасап, 47 халықаралық іс-шараларға қатысқан.

Франция басшылығының тікелей қолдауының арқасында неғұрлым қомақты жетістіктер экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларында қол жеткізілді.

Атап айтқанда, қорғаныс саласында Ресей, АҚШ және Еуропа арасында шиеленісті бәсекелестік жағдайында шетел мемлекеттеріне қару-жарақ пен әскери техниканы жеткізу бойынша бұрын-соңды болмаған мәмілелер жасалды («Rafale» 48 жойғыш ұшағы, Египет және Катар, әрқайсысына 24 машина).

Француз қару-жарағының экспорты 3,5 есеге өсті: 2012 жылғы 4,8 млрд. еуродан 17 млрд. еуроға дейін өсті.

Олардың қатарына 2016 жылы 12 су асты кемелерін жасауға (34 млрд. еуро) Австралиямен, 36 «Rafale» жойғыш ұшақтарын Үндістанмен (14 млрд. еуро), 36 «Caracal» тікұшақтарын жеткізуге Кувейтпен (1,1 млрд. еуро) жасалған мәмілелерді қосуға болады. Француз дипломаттарымен «тарихи» деп сипатталатын бұл коммерциялық шарттар елдің әлемдегі жетекші қару экспорттаушыларының бестігіне кіргізеді [156].

Египетке аэроғарыш саласында «Airbus Defence&Space» және «Thales Alenia Space» компанияларының телекоммуникациялық жерсерігін, Түркияға екі жерсерік (500 млн. доллар) жеткізу туралы келісім жасалды. Украинамен «Airbus Helicopters» (551 млн. еуро) 55 тікұшағын, Қытаймен «Airbus» A320 (18 млрд. еуро) 184 ұшағын сату келісімдерге қол қойылды. Бұған қоса «Arianespace» компаниясы итальяндық екінші ұрпақтағы «COSMO-SkyMed» жерсерігін орбитаға шығарушы ретінде таңдалынды [157].

Көлік және инфрақұрылымдар саласында «SNCF» пен «RATP» компаниялардың Қатар мемлекетінде Дохадағы метро мен Лусаил қаласындағы трамвайды, Канадада Регина айналмалы автожолын пайдалану бойынша жеңіп алған келісімдері 3 млрд. еуроны құрады.

Сондай-ақ, «Bovugues» компаниясы Мельбурндегі болашақ метроның туннелін қаржыландыру, әзірлеу мен 25 жыл бойы техникалық көмек көрсету жөніндегі 3,9 млрд. еуроны құрайтын келісімшартқа қол жеткізді. Көлік саласында басқа да табысты жобалар қатарына жақынарада басталатын Сауд Арабиясында Меккеде мен Кот д'Ивуарда Абиджандағы метро құрылыстарын жатқызуға болады [157].

Экономикалық дипломатия саласындағы Франция елшілерінің үлесіне келетін болсақ, олардың рөлі мен жауапкершіліктері едәуір артқанын келесі екі жайт растайды.

Біріншіден, олар Қазынашылыққа бағынатын экономикалық мәселелер жөніндегі кеңесшілердің (108 елдегі 600-ге жуық маман) қызметін бұрынғы «салыстырмалы үйлестіруден» (реформаға дейін) нақты түрде үйлестіруге көшті. Бұл іс жүзінде елші тарапынан кеңесшілердің қызметтерін жыл сайын бағалау арқылы жүргізіледі. Бұған қоса, елшілер кеңесшілерге тікелей тапсырмалар беру, сонымен қатар, екіжақты ынтымақтастық перспективалары мен жағдайы немесе басқа мәселелер туралы ақпарат дайындатып, өзі атынан Парижге жолдауға мүмкіндік алды.

Екіншіден, елшілер экономикалық кеңесшілердің құзыретіндегі техникалық қызметкерлерді (жүргізушілер, хатшылар, аудармашылар және т.б.) ұстау бөлігіндегі бюджетті өз басқаруына алды. Алайда 2019 жылғы 29 қаңтардағы сұхбатында Францияның Қазақстандағы елшілігінің экономикалық өкілдігінің басшысы Николя Стюдердің айтуынша, сыртқы істер министрі Жан-Ив Ле Дрианның Қазынашылықтан экономика жөніндегі кеңесшілерді және оларға тиісті бюджетті өз қарамағына толығымен шығарып алу бағытындағы талпынысы әзірше сәтсіздікке әкелуде.

Елшілердің экономикалық дипломатия саласындағы қызметтеріне қатысты жұмыс жоспары қалай орындалып жатқанына тоқталған жөн.

Мұндай құжаттардың ашық бұқаралық қолжетімділікте жоқ екеніне байланысты, Франция Парламенті мен «Тегга нова» талдау орталығының баяндамаларының негізінде 2015 жыл бойынша 121 француз елшілігіне қатысты келесідей деректер анықталды [155; 158].

Елшілердің жұмысын бағалау «экспортты жылжыту» және «инвестицияларды тарту» сияқты екі параметр арқылы жүзеге асырылды: олардың әрқайсысы бойынша «белсенділік» (орындалған жұмысты бағалау) мен «нәтижелілік» (орындалған жұмыс әсерін бағалау) индикаторлары белгіленген.

«Экспортты жылжыту» параметрі «белсенділік индикаторына» сай: компаниялармен 15500 кездесу өткізілген; экспорттық өнімді ілгерілету бойынша 954 іс-шараға бастамашылық еткен. «Нәтижелілік индикаторы» бойынша 10 млн. еуродан астам сомаға француз мүдделеріне қолайлы 727 өзгерістер/шешімдер және 225 келісімшартқа қол жеткізген.

«Инвестицияларды тарту» параметрі - «белсенділік индикаторы» бойынша: баспасөзде, семинарлар мен конференцияларда 1200 баяндамалар жасалған және 2300 пиар-акция өткізілген; 4 407 инвестормен кездесулер ұйымдастырылған. «Нәтижелілік индикаторына» сәйкес, 1200 инвестициялық жоба анықталған, 935 инвестициялық жоба іске асырылған.

Франция Сенатының ақпаратына сүйенсек, жалпы 2015 жылғы бағалау қорытындысы бойынша француз елшілері өз уақыттарының орташа алғанда 40% экономикалық дипломатия мәселелеріне арнаған (Африкадағы елшілер 28% дейін, ал Азиядағылар 50% дейін барады).

Сондай-ақ, инвестицияларды тарту бойынша француз дипломаттарының жұмысы географиялық белгі бойынша Еуропа мен Азияға жұмылдырылған. Экспортты жылжыту бойынша жұмыстар үштен екі бөлігінде Азияда, Еуропалық одақта, Солтүстік Африка-Таяу Шығыс өңірлерінде жүзеге асырылған. Ал қол қойылған келісімшарттар саны мен француз мүдделерінің пайдасына қолайлы өзгерістер бойынша нәтижелерге жоғарыда аталған аймақтар арасында тең дәрежеде қол жеткізілген [155].

Жалпы 2016 жылдан бастап Францияда экономикалық дипломатия саласындағы қызметтің тиімділігін бағалау Сыртқы істер министрлігінің жыл сайын бюджет жөніндегі заң жобасының қосымшасы ретінде берілетін *Жылдық тиімділік жобасында* (Projet annuel de performances, PAP) арнайы бекітілген және өзекті мақсаттар мен оларды тиімді іске асыру индикаторлары бойынша жүргізіледі [159].

Төмендегі кестелер 5 және 6 мақсаттар мен тиімділік индикаторларының жаңаша бағалануы 2013-2015 жылдардағы және 2016-2018 жылдар аралығындағы жағдайы бойынша беріліп отыр.

Кесте 5 – Француз Республикасы экономикалық дипломатиясының 2013-2015 жылдар аралығындағы тиімділік индикаторлары

2-мақсат: Халықаралық дамуды күшейту				
Субиндикатор	Өлш. бір.	2013	2014	2015
<i>2.1 Индикатор «Сыртқы саудаға қолдау көрсету»</i>				
2.1.1 Сыртқы сауда сальдосы (энергетика импортын санамағанда)	млрд. еуро	- 13	- 20,8	-23,2
2.1.2 Елшіліктердің көмегімен 10 млн. еуродан асатын сомаға қол қойылған контракттар саны	млрд. еуро	251	256	261
<i>2.2 Индикатор «Францияның инвестициялық тартымдылығын ілгерілету»</i>				
2.2.1 Францияға инвестиция салу туралы қабылданған шешім саны	саны	685	1 014	1 200
2.2.2 Францияға келген шетелдік туристер саны	саны	83,7	83,8	86
Ескерту – ФР СИМ-нің 2015-2016 жж. арналған ЖТЖ негізінде жасалды [159]				

Кесте 5 сәйкес, 2013-2015 жылдар аралығында француз елшіліктерінің жұмысы тек бір мақсат («халықаралық дамуды күшейту»), *екі индикатор және төрт субиндикатор* бойынша бағаланған. Бағалаудың нәтижесінде аталған көрсеткіштердің (2.1.1 субиндикатордан басқа) жылдан-жылға өсіп отырғаны және осы параметрлерге сәйкес орындалғаны байқалады.

Кесте 6 жүгінсек, 2016-2020 жылдар аралығында экономикалық дипломатияның басымдықтары Э.Макрон үкіметінің келуіне байланысты *екі жаңартылған мақсат* («Францияның тартымдылығын дамыту» және «Экспортқа қолдау көрсету тетіктің тиімділігін арттыру») пен *үш индикатор мен төрт субиндикатор* бойынша бағаланатынын көреміз.

Жалпы алғанда, қол жеткізілген көрсеткіштер француз экономикалық дипломатиясының алдына қойылған мақсаттарға сай орындалып жатқанын дәлелдейді.

Кесте 6 – Француз Республикасы экономикалық дипломатиясының 2016-2020 жылдар аралығындағы тиімділік индикаторлары

2-мақсат: Францияның тартымдылығын дамыту						
<i>2.2 «Францияның туристік тартымдылығы» индикаторы (азамат көзқарасы бойынша)</i>						
Субиндикатор	Өлшб ір.	2016 нәтиже	2017 нәтиже	2018 нәтиже	2019 болжам	2020 мақсат
2.2 Францияға келген шетелдік туристер саны	саны млн.	82,5	88,5	90/	90	100

2.3 «Францияның инвестициялық тартымдылығы» индикаторы (азамат көзқарасы бойынша)							
2.3 Елшілік пен «Бизнес Франс» көмегімен келген инвесторлар саны/ кездесу өткізілген инвесторлар саны**	%	белгісіз*	22,8	23	24	25	
3-мақсат: Экспортқа колдау көрсету тетіктерінің тиімділігін арттыру							
3.1 «Экономикалық акторларды сүйемелдеу» индикаторы (азамат көзқарасы бойынша)							
3.1.1 Қол жеткізілген жетістіктер саны (байланыстар + қолайлы өзгерістер)/Елшіліктер қабылдаған кәсіпорын саны**	%	белгісіз*	16	10	12	15	
3.1.2 Елшіліктер қол жеткізген қолайлы өзгерістер/шешімдер саны	саны	641	1099	700	750	800	
* – индикатор жаңадан енгізілді; ** – экспорттық серіктестердің 86% негізінде бағаланады Ескерту – ФР СИМ-нің 2019 ж. арналған ЖТЖ негізінде жасалды [159]							

Француз экономикалық дипломатиясының үшінші басымдығы бойынша Еуропалық Одақ желісі арқылы Канадамен (2017 жылы) және Жапониямен (2018 жылы) жасасқан экономикалық әріптестік және сауда келісімдері шеңберінде ұлттық мүддені қорғаудағы белгілі бір табыстарын атап өтпеуге болмайды.

Нақтылап айтқанда, француз дипломатиясы 2015 жылы климат бойынша Париж келісінде қабылданған міндеттемелерді Еуропалық одақ пен Жапония арасында экономикалық серіктестік туралы қол қойылған келісімге (ЕРА) мүлтіксіз орындалатын шарт ретінде енгізе алды.

Сондай-ақ, Канадамен жасалған келісімге (AECG/CETA) француз кәсіпорындарының ол елдің нарығына экспорттық жеткізілімдерін жеңілдету, өзара тиімділік қағидаты негізінде мемлекеттік тапсырыстарға қол жеткізуді қамтамасыз ету талаптары табандылықпен енгізілді.

Француз сенаторларының мәліметі бойынша, Канадамен келісім арқылы еуропалық экспорттаушы компаниялардың пайдасына кедендік тосқауылдар 600 млн. еуроға қысқартылды [160].

Француз экономикалық дипломатиясының жетістіктері қатарына 2019 жылдың басында Францияның Германия және Ұлыбританиямен бірлесіп, американдық санкциялардың қысымының салдарынан Иранмен заңды саудасаттық транзакцияларды жүргізу үшін арнайы «INSTEX» атты қабылданған тетікті жатқызуға болады. Бұл құрал Тегеранмен алғашқы уақытта экономиканың ең маңызды секторларында фармацевтикалық өнімдерді, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен ауылшаруашылық өнімдерді қоса алғанда, сауда жүргізуге мүмкіндік береді [161].

Аталған тетікті әзірлеу барысында алдыңғы жылдары бірқатар француздық банктердің (BNP Paribas, Société Générale, Crédit Agricole) АҚШ тарапынан Иран, Судан, Куба сияқты елдерге қарсы енгізілген санкцияларды бұзғандары үшін 10 млрд. доллардан астам айыппұл төлегендері шамамен ескерілген болар.

Екінші тарауды қорытындылай келе, Франция экономикалық дипломатиясы өзіндік ерекшеліктерге де, жалпы әлемдік даму үрдісімен жымдасатын ортақ белгілерге де ие екендігі айқындалды.

Ол халықаралық қатынастарда сауданың рөлін айтарлықтай тұрақтандырудан бастап, қазіргі ХХІ ғасырдағы экономикалық және саяси өзгерістерге төтеп беретін экономикалық дипломатияны қолдануға дейінгі дамудың кезеңдерінен өтті.

Бесінші Республиканың бүкіл тарихында алғашқы рет Франция сыртқы саясатының экономикалық құрамдас бөлігін күшейту тұрғысынан жүргізілген теңдессіз шара нәтижесінде елдің сыртқы саяси ведомствосы дипломатияның осы саласының басты бағыттарын үйлестіретін рөлге қайта ие болды.

Жалпы алғанда, Франция экономикалық дипломатия бір бөлігі болып табылатын «Ақылды» күш арқылы әлемдік экономикадағы дағдарыс пен күрделі саяси конъюктура жағдайында да мемлекетті алға жылжытуға болатындығын анық көрсетіп отыр. Дипломатияның дәл осы сегментіне баса назар аудару арқылы Франция өз тарихының өн бойында әлемдегі саяси және экономикалық көшбасшылардың бірі мәртебесін сақтап қала алды.

Жоғарыда келтірілген Францияның шаруашылық қызметіндегі экономикалық дипломатияны күшейту бойынша іс-қимылдың нәтижелері айтарлықтай қысқа мерзім ішінде (2012 жылдан бері) ұлттық экономикадағы проблемалардың тұтастай шешілуіне әкелмесе де, олардың ауқаттылығы мен одан әрі іске асырылу қабілеттілігін дәлелдейтіні анық.

Осылайша, экономикалық дипломатияны жүзеге асыру қағидаттарының француздық үлгісін халықаралық аренадағы экономикалық-саяси ұстанымдарын нығайтып өзінің ұлттық өнімін әлем нарығына шығарғысы келетін өзге мемлекеттер де қолдана алады. Қазақстан Республикасын да аталған мемлекеттер қатарына жатқызуға болады.

3 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДИПЛОМАТИЯСЫНЫҢ КОНЦЕПТУАЛДЫ АСПЕКТІЛЕРІ

3.1 Қазақстан Республикасы экономикалық дипломатиясының қалыптасуы

Қазақстан Республикасының экономикалық дипломатиясының қалыптасуы тың тақырып ретінде ғылыми қызығушылық тудырады. Экономикалық дипломатия тарихына тоқталмай толыққанды зерттеу жүргізу мүмкін емес, осыған байланысты, ең алдымен, экономикалық дипломатияның тарихи тамырларын шолып өтуді жөн көреміз.

Халықаралық қатынастардың жалпы әлемдік эволюциясы контекстінде экономикалық дипломатияның алғышарты ретінде сауда-саттық айырбасы қазіргі Қазақстан аумағындағы кеңістікте де дамыған. Бұл құбылыстың дәлелі ретінде Ұлы Жібек жолының қызметін атап өтуге болады [162]. Ғасырлар бойы елшілік миссиялары мен сауда керуендері Батысқа Жібек жолы арқылы өтіп, бір жағынан жібек, қару-жарақ, күріш, жалпы сол заманның экзотикалық тауарларын тасығаны, ал екінші жағынан елдер арасында қарым-қатынасты дамытып, дипломатиялық функцияны да атқарды. Тарихи деректер бойынша, Жібек жолы аумақтың дамуына да әсер етуші қозғаушы күш болғаны белгілі, мысалы жол бойында алғашқы кезде пайда болған сауда бекеттері кейін қалаларға айналғаны осы айтқанымыздың дәлелі бола алады [163].

Бұл құбылыстың тағы бір тарихи алғышарты ретінде Қазақ хандығының өз саяси мақсаттарына жету барысында маңызды тетік ретінде әскери және дипломатиялық құралдарды қолданумен қатар, сауданың даму жолдарын да назардан тыс қалдырмағанын атап өтеміз.

Осылайша, дипломатиялық құралдар жиынтығын қолдану арқылы Қазақ хандығы өз аумағында транзиттік сауда нүктелері мен жолдарының көбеюін қолдады. Профессор Д.М. Мажиденова зерттеу жүргізу барысында сүйенген тарихи дереккөздері Ұлы Жібек жолы әлсіреген кезеңде оңтүстік-шығыс, оңтүстік, батыс аудандарда шоғырланған сауда және қолөнер орталықтарының Қазақ хандығының тұрақты дамуы үшін маңызы зор болғанын дәлелдейді [45, с. 244].

Тарихи ретроспектива аясында Республиканың сыртқы елдермен экономикалық байланыс орнатқан Кеңестік кезеңді де атап өтуге болады. Мысалы, 1975 жылы 503,2 миллион рубль көлеміндегі қазақстандық өнім әлемнің жетпіс бір еліне экспортқа шығарылған, ал отыз екі мемлекет техникалық көмек көрсетіп, Қазақстан тұрғындарының білім деңгейін көтеруге өзіндік үлесін қосқан [164]. Бұл тұста Қазақ КСР-ның Сыртқы істер министрлігінің (1944 жылы құрылған) дипломатиялық мүмкіндіктері шектеулі болғаны белгілі, дегенмен КСРО құрамында орталыққа бағынғанына қарамастан, сол кездің өзінде Республика өзінің сыртқы экономикалық қызметін қалай бастағанын атап өту маңызды. Осылайша, қазіргі Қазақстанның сыртқы экономикалық қызметін жүргізуге қатысты белгілі дәрежеде тарихи тәжірибесі бар деуге болады.

Осылай дей тұрғанмен, профессор Т.С.Сулейменовтың айтуынша, толыққанды сыртқы экономикалық курс пен дербес сыртқы саясатты қалыптастыру жұмысы тәуелсіздік алғаннан соң басталды [165].

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің алғашқы жылдарынан бастап сыртқы саясат пен оның құрамдас бөлігі ретінде дипломатияның рөлі ерекше маңызға ие болды [166]. Алғашқы жылдары сыртқы саясат елдің әлемдік қауымдастыққа кіруі және лайықты орын алуына қолайлы жағдай жасауға бағытталды. Нәтижесінде, әлемнің жетекші мемлекеттерімен және көрші елдермен өзара тиімді ынтымақтастықтың негізі қаланды. Қазақстан жетекші халықаралық ұйымдарға тең құқылы мүше болып кірді [167].

Бұл тарихи кезеңде геосаяси факторлардың басымдылығы, елдің экономикалық әлеуеті мен қажеттіліктері ескеріле отырып, сыртқы саясаттың бағыттары мен қағидаттары «Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен даму стратегиясында» көпвекторлық концепция негізінде тұжырымдалды [168]. Қайта құрылған, заңнамалық және кадрлық тұрғыдан күшейтілген Сыртқы істер министрлігіне 1992 жылғы 2 шілдедегі N831 Жарлыққа сәйкес сыртқы саясатты жүргізу жүктелді.

Осы тұста айта кететін мәселе, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап бүгінгі күнге дейінгі аралықта қазақстандық дипломатияның міндеттері мен қызметтері толықтырулар арқылы эволюциялық өзгерістерге ұшырады. Осылайша 1992 жылы Сыртқы істер министрлігінің негізгі қызметі *«Қазақстан Республикасының егемендігін, аумақтық тұтастығын, қауіпсіздігін, шекараларының мызғымастығын және оның халықаралық деңгейде мүдделерін дипломатиялық құралдармен және әдістер арқылы қорғауды қамтамасыз ету»* болса, 2019 жылғы жағдай бойынша оның миссиясы: *«басқа мемлекеттермен өзара қарым-қатынастардағы және халықаралық аренадағы саяси, сауда-экономикалық және басқа да мүдделерін, сондай-ақ инвестициялық жобаларды іске асыру мен мониторингілеу шараларын дипломатиялық құралдармен және әдістермен қорғауды қамтамасыз ету»* деп толықтырылды (2018 жылғы 29 желтоқсандағы №936 Қаулымен бекітілген ереже бойынша).

Қазақстан халықаралық деңгейде танылғаннан кейін дипломатия елдің экономикасын көтеруге бағытталды. Нақтылап айтқанда, сыртқы саясат ішкі саясатпен жарасымды жымдасып, оның жалғасына, яғни елдің экономикалық дамуын қамтамасыз ететін сыртқы саяси құралға айналды [169]. Осы тарихи уақытты Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаев «Тәуелсіздік дәуірі» атты кітабында «алғашқы жаңғырудың» кезеңі деп сипаттайды. Бұл тұста мемлекет экономикалық, әлеуметтік және саяси-қоғамдық салаларда «үшжақты транзитті» жүзеге асырды [170].

Ғасырлар тоғысында Қазақстанның сыртқы саясаты тек геосаяси факторлармен ғана емес, жаһандану процестерінің тереңдеуімен, сондай-ақ геоэкономикалық факторлардың алдыңғы шепке шығуымен байланысты жүріп жатқан халықаралық ауқымдағы өзгерістермен де айқындалды.

Осы ретте Қ.К.Тоқаевтың сыртқы саясаттың негізгі мәні елдің экономикалық қауіпсіздігі мен ұлттық мүдделерін қамтамасыз ету үшін экономикалық пайда табуға ұмтылу, нарықтарды жаулап алу және жұмыс орындарын құруда болды, ал дипломатия қызметінің негізгі бағыты ұлттық экономикалық мүдделер мен шетелдегі отандық тауар өндірушілердің мүдделерін қорғаудан тұрады деген пікірінің маңызы зор [171].

Бұл кезеңде экономикалық дипломатия төмендегідей міндеттерді шешуге бағытталды [172]:

- Батыс, Азия және Таяу Шығыстағы өнеркәсібі дамыған елдерден, сондай-ақ халықаралық қаржы-экономикалық институттардан ауқымды инвестицияларды жұмылдыру;

- экономикалық және экологиялық мәселелерді практикалық тұрғыдан шешу, әлемдік коммуникацияларға қол жеткізу проблемалары бойынша жекелеген мемлекеттер мен халықаралық ұйымдарды тарту;

- мемлекеттік басқарудың әртүрлі салаларында шетелдік мамандарды даярлау;

- жетекші халықаралық саяси және қаржы институттарымен байланыстардың тұрақты дамуын қамтамасыз ету;

- Қазақстан Республикасының азаматтары мен ұйымдарының шетелдердегі заңды мүдделерін қорғау.

Осы тұста Қазақстан басшылығы елдің әлемдік саясаттағы шынайы орнын және экономикалық әлеуетін сезіне отырып, мемлекет дамуының басты бағыттарына сәйкес келетін шешімдерді дер кезінде қабылдап отырғанын атап өтеміз. Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 16 ақпандағы халыққа Жолдауында айтылғандай, бірінші кезекте экономикалық мәселелерді шешу қажеттілігі *«алдымен экономика, содан кейін саясат»* деген ел дамуының негізгі арқауын құраған мызғымас қағидатқа айналды.

1997 жылғы 10 қазанда қабылданған Қазақстанның 2030 жылға дейінгі стратегиялық бағдарламасы мемлекет дамуының «бастапқы нүктесі» болуымен қатар, оның сыртқы саясатты қоса алғанда іргелі бағыттарын айқындады [173].

Әлемдік жаңа ахуалды және 2008-2009 жылдары болып өткен қаржы-экономикалық дағдарыстың салдарын ескере отырып, ел дамуының іргелі бағыттарын жаңаша айқындаған 2012 жылғы 14 желтоқсанда қабылданған Қазақстан-2050 стратегиясы дипломатия алдына да жаңа стратегиялық міндеттерді қойды. Н.Ә.Назарбаев «Тәуелсіздік дәуірі» кітабында *«сыртқы саяси қызмет бір ғана басты мақсатқа бағындырылды, ол – елдің дамуы және Қазақстан халықтарының әл-ауқатын жақсарту»* деп атап көрсетеді [170, б.89-91]. Осы ретте Қазақстан-2050 стратегиясына сәйкес, сыртқы саясат ішкі саясат сияқты жаңғыртылуы тиіс болды.

Іс жүзінде жаңа талаптар қазақстандық дипломатияны прагматикалық қағидатқа көшіруді, яғни халықаралық қауымдастықпен ықпалдасуда барынша экономикалық артықшылықтарға қол жеткізуге ұмтылысты күшейтуді білдірді [174].

Бұл ретте Сыртқы істер министрлігінің іс-әрекеті шетелдік инвестициялар мен жоғары технологияларды тарту бойынша белсенді жұмыс атқару және елдегі басым жобаларды жүзеге асыруға жәрдемдесуге бағытталды.

Сондай-ақ, министрліктің маңызды міндеті экономиканың экспорттық әлеуетін арттыру, қазақстандық бизнестің мүдделерін алға жылжыту, отандық өнімді сыртқы нарыққа шығару үшін қолайлы жағдай жасау болды.

Әлемде геосаяси және геоэкономикалық факторлардың ықпалы ұлғаюы мен технологиялардың қарқынды дамуы жағдайында барлық мемлекеттер, оның ішінде Қазақстан да халықаралық қарым-қатынас жасаудың жаңа формаларын табуға мәжбүр болды. Нақтылап айтқанда, сыртқы саясаттың күш-жігері мемлекетті жаңғыртуға, экономиканы инновациялық даму жолына шығаруға, халықтың әл-ауқаты мен елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға жұмылдырылды.

Осы ретте сыртқы саясаттың жаңа стратегиялық ұстанымдары мен бағдарлары мемлекет басшысының 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауы мен оның заңды жалғасы ретінде 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауында белгіленді. Қазақстандық дипломатия алдына технологиялық, сандық және өндірістік дамуды жылдамдату мақсатында шетелдік инвесторларды, технологияларды, менеджмент пен тәжірибені тартуға және қазақстандық өнімдерді сыртқы нарыққа шығару сияқты өзекті міндеттер қойылды.

Н.Ә.Назарбаев үкіметтің 2019 жылы 30 қаңтарда өткен кеңейтілген отырысында және 2018 жылғы «Қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыру: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Жолдауында шетелдік капитал тартудың кешенді экожүйесін құруды, сондай-ақ инвестицияларды халық тұтынатын тауарларды (қарапайым нәрселердің экономикасы) өндіруді ұйымдастыру үшін шағын және орта бизнеске бағыттауды тапсырды. Аталған Жолдауында «біздің сауда саясатымызда немқұрайлылық болмауға тиіс. Оған біздің тауарларымызды өңірлік және әлемдік нарықта ілгерілететін белсенді сипат дарыту керек» деген талаптар қойды.

С.Көшкімбаевтың пікірі бойынша, қазақстандық сыртқы саясаттың бүгінгі таңдағы негізгі мақсаты - елдің әлеуметтік экономикалық тұрақты дамуы үшін дипломатиялық әдістер арқылы қолайлы сыртқы жағдайды қамтамасыз ету. Бұл ретте Сыртқы істер министрлігінің басымдықтары жалпы өзгермесе де, гравитация орталығы экономикалық дипломатияға шетелдік инвестициялар мен озық технологияларды тартуға қарай айтарлықтай ауысып отыр [175].

Тұтастай алғанда, жоғарыда негізге алынған Қазақстан Республикасының стратегиялық бағдарлар мен ұстанымдары әр тарихи сатыда сыртқы саясат алдына жаңа талаптарды жалпыәлемдік үдерістермен сәйкестендіріліп отырды. Бұл әрдайым қазақстандық дипломатиядан өзіндік тәсілдер мен құралдарды қолдануды талап етті. Т.С.Сулейменов осы контексте дипломатияны «әлемді

және онда болып жатқан процестерді танудың кілті, сондай-ақ жаңа әлемдік тәртіпті құрудың құралы» ретінде сипаттайды [176].

Нақтылап айтсақ, сыртқы саясатты «экономикаландыру» қажеттілігі алғаш рет Н.Ә.Назарбаевтың 1995 жылы 15 ақпандағы сыртқы саясат мәселелері жөнінде өткен жиналыста баяндалды [177].

Кейін 1996 және 1998 жылдардағы Сыртқы істер министрлігінің кеңейтілген алқа мәжілістерінде дипломатияның экономикалық компонентін арттыру стратегиялық міндеттердің бірі ретінде тұжырымдалды. Оның негізінде министрліктің қызметі әлемнің геоэкономикалық ахуалына барынша жақындатылуы керек, яғни «экономикаландырылған» болуы керек деген талап қойылды [178].

Жаңа талаптар сыртқы саясатта дипломатиялық және экономикалық тәсілдерді икемді түрде біріктіре отырып, яғни зерттеліп отырған «Ақылды күш» тұжырымының элементтерін, қолданысқа енгізу қажеттілігін айқындайды. Бұл іс жүзінде инвестициялардың ағыны мен сауда-экономикалық қатынастарды дамытуға қолдау көрсетуді ғана емес, сондай-ақ елдің даму жағдайында қолдануға болатын әлемдік экономиканың тенденцияларын талдай алуды да білдіреді [172, с. 36-38].

2016 жылы 3 ақпанда өткен Сыртқы істер министрлігінің кеңейтілген алқасында ел басшылығы тарапынан экономикалық дипломатияны күшейту жөнінде нақты тапсырма берілді [179]. Бұл ретте Парламент Мәжілісінде экономикалық дипломатияның өзекті мәселелерін талқылау барысында шетелде экономикалық қызметті жүзеге асырудың негізгі құралы - Қазақстан Республикасының дипломатиялық және консулдық өкілдіктері экономиканың басым секторларына жоғары технологиялар мен инвестицияларды тартуға, қазақстандық бизнестің мүдделерін дамытуға және тауарларды сыртқы нарыққа шығаруға жұмылдырылып отырғаны атап көрсетілді.

Мәжілісте экономикалық дипломатияны тиімді түрде жүргізуге кедергі келтіретін мәселелер де айтылды. Бұл туралы халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік жөніндегі комитетінің төрағасы М.С.Әшімбаев өз баяндамасында атап көрсетті. Ең басты мәселе ретінде әлемдік нарықта қазақстандық өнімді дамытудағы, әсіресе Еуразиялық экономикалық одаққа мүше-мемлекеттер тарапынан кездесіп отырған қиындықтар көрсетілді. Депутат елде экспортты дамытудың бірыңғай стратегиясы жоқ екендігіне, әртүрлі мемлекеттік мекемелер – «Казнэкс», «Казэкспортгарант», «ҚазАгро», Инвестициялар және даму министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі және әкімдіктер осы саладағы бір-бірінің қызметтерін қайталайтынына баса назар аударды. Депутат аталған мәселелердің оңтайлы шешімі ретінде экспорттық саясатты дамыту бойынша ортақ стратегия әзірлеуді, сондай-ақ елдің экономикалық мүдделерін бірыңғай стратегия негізінде қорғау үшін Сыртқы істер министрлігінің рөлін арттыруды ұсынды [179].

Атап айтсақ, мемлекеттік органдар мен компаниялардың сыртқы әрекеттерін үйлестіру мәселесін және Сыртқы істер министрлігінің үйлестіруші рөлін күшейту қажеттілігін 2007 жылы министрліктің басшысы М.М.Тәжин

көтерген болатын. Нақты айтқанда, министр *«Іс жүзінде бүгінгі таңда ешкім шетелдік нарыққа қол жеткізу динамикасын бақылап отырған жоқ, бұл жерде ұлттық инвестициялық ресурстардың шектеулілігі аясында және рецессиент елдерде елеулі тәуекел факторларының бар болуына байланысты инвестициялардың қайтарылу көрсеткіші шешуші элемент болып табылады. Бұл факторлардың жиынтығы қазақстандық экономикалық субъектілердің сыртқы қызметін үйлестіруде СІМ-нің рөлін айқындайды»* - деді.

М.М.Тәжиннің пікірі бойынша, «біз белгілі бір нарықтарға шығу, ірі инвестициялар, шет елдегі экономикалық серіктестіктің конфигурациясын құру туралы шешімдерді Сыртқы істер министрлігінің шетелдік мекемелерінің тікелей қатысуымен шешуге тиіспіз» [180].

Қ.К.Тоқаев «Свет и тень. Очерки казахстанского политика» атты еңбегінде «президенттің экономикалық дипломатиясы» мемлекеттік органдарды, соның ішінде Сыртқы істер министрлігін қазақстандық компаниялардың шетелдік нарыққа шығуын қамтамасыз етудегі міндетін басымдық ретінде қарауға мәжбүрлейді» деп жазды. Автор *«өкінішке орай, мемлекет басшысының тапсырмалары мен тіпті бұйрықтарына қарамастан, барлық ведомстволар осы саладағы бірлескен күш-жігерлердің маңыздылығын түсінбеді: кеңестік заманның инерциясы әсер етті... Бұл маңызды үдерістің логикалық қорытындысы министр М.Тәжиннің 2007 жылғы бастамасымен Сыртқы істер министрлігінің үйлестіруші рөлі туралы Үкімет шешімінің қабылданғаны болды»* деп жалғастырды [181].

Сыртқы істер министрлігінің күн тәртібінде экономикалық дипломатияның тиімділігін арттыру және күшейту мәселесі өзектілігін жоғалтпады, керісінше ол 2018 жылы наурызда өткен алқа мәжілісінің басты тақырыбы болды. Сол кездегі министр Қ.К. Әбдірахманов экономикалық дипломатияны күшейту үшін жедел түрде бірқатар шараларды жүзеге асыру қажеттілігіне назар аударды. Олардың арасында кадр әлеуетін нығайту, қолданыстағы бар келісімдерді, меморандумдар мен келісімшарттарды жүзеге асыру, тауарлардың экспорттау географиясын едәуір кеңейту және тікелей шетелдік инвестициялардың тұрақты түрде құйылуын қамтамасыз ету болды [182].

Сол жылы қазан айында Қ.К.Әбдірахманов инвестицияларды тарту, экономиканың шикізаттық емес секторын дамыту, экспортқа бағдарланған индустрияландыру, елдің көліктік, логистикалық, туристік, агроөнеркәсіптік әлеуетін іске асыру сияқты мәселелердің аясы кеңейіп, оларды шешу үшін экономикалық дипломатия құралдарын қолдану ауқымын барынша пайдаланылатын болады деп мәлімдеді [183].

Нақтылап айтсақ, қазақстандық саяси тәжірибеде «экономикалық дипломатия» термині алғаш рет қоғамдық кеңістікте 2012 жылы 5 қыркүйекте Елбасының Назарбаев университетінің студенттері алдында сөйлеген сөзінде қолданылды. Н.Ә.Назарбаев жаңа әлемдік ахуалда тәуекелдерді барынша азайту бойынша жүргізіліп жатқан жүйелі жұмыс шеңберінде *«прагматикалық сыртқы саясатта басты назар: жаңа*

қатынастар мен әріптестікті дамытуға, экономикалық дипломатияны жүргізуге, Қазақстанның өңірлік және әлемдік қауіпсіздіктегі рөлін одан әрі нығайтуға аударылады» деп атап өтті [184].

2012 жылы 14 желтоқсанда жарияланған «Қазақстан-2050» стратегияда Н.Ә.Назарбаев мемлекеттің жаңғыруы жолында сыртқы саясатты әртараптандыру міндетін алға қоя отырып, ұлттық экономикалық және сауда мүдделерді ілгерілету үшін экономикалық және сауда дипломатиясы дамытылуы тиіс деп нақтылады.

Айта кетсек, осы уақытқа дейін билік өкілдері мен сарапшылар арасында экономикалық дипломатияға қатысты *«сыртқы экономикалық саясат», «сыртқы саясатты экономикаландыру», «сыртқы экономикалық дипломатия», «сыртқы саясаттың экономикалық құрамдас бөлігі»* және тағы басқа да ұғымдар қолданылып жүрді.

Сонымен қатар, осы ұғымға қатысты мемлекеттің әлемдік экономикаға кірігуі және сауда-экономикалық байланыстарын кеңейтуі үшін қолайлы жағдайлар жасау барысында сыртқы саясаттың атқаратын рөліне сілтеме жасалып отырды. Мысалы, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы сыртқы саясат жөніндегі тұжырымдамасында оған сыртқы саясаттың экономикалық құрамдас бөлігі, оның мәні, бір жағынан қазақстандық өнімнің әлем нарығына шығаруға жағдай жасау, екінші жағынан республика экономикасының жаңа технологиялар, машина жасау, инфрақұрылым, ауылшаруашылығы, шағын бизнес сияқты секторларына шетел инвестицияларын тарту» түрінде мағыналық түсінік берілген

Одан кейінгі жылдары «экономикалық дипломатия» ұғымы мемлекет басшысының жыл сайынғы халыққа Жолдауларында жиі қолданыла бастады. Бұл термин Сыртқы істер министрлігі басшыларының дискурсында кеңінен өріс алды.

Экономикалық дипломатия ұғымы Қазақстан Республикасының қазіргі таңдағы негізгі сыртқы саяси құжаты - 2014-2020 жылдарға арналған сыртқы саясат тұжырымдасында бекітілді. Бұл құжатта экономикалық дипломатия *«дипломатиялық құралдар арқылы мемлекет мүдделері мен шетелдегі қазақстандық жеке және заңды тұлғалардың мүдделерін ілгерілету мен қорғауды қамтамасыз етеді, жаңа және дәстүрлі әлемдік нарықтарда қазақстандық бизнес пен экспорттық өнімдердің болуын кеңейту үшін қолайлы жағдайлар жасайды»* деп белгіленді [185].

Сонымен қатар тұжырымдамада экономикалық дипломатияның Қазақстан-2050 стратегиясында ұлттық экономикалық және сауда мүдделерін қорғау және көтермелеу деп берілген жалпы мақсаттары жаңа және дәстүрлі әлемдік нарықтарда қазақстандық бизнес пен экспорттық өнімдердің болуын қамтамасыз ету үшін қолайлы жағдайлар жасайды деп нақтыланды.

Экономикалық дипломатияның міндеттер ауқымы 2016 жылы 3 ақпанда өткен СІМ-нің арнайы алқа отырысында шетелдік инвесторларды және жаңа технологияларды тарту болып кеңейтілді. Н.Назарбаев атап өткендей, мұндай мақсаттың қойылуы әлемде геосаяси қақтығыстардың ушығуы, жаһандық

экономикалық ахуалдың нашарлауы, сондай-ақ негізгі шикізаттар мен биржалық нарықтардағы тұрақсыздық аясында өзектілікке ие. Осыған байланысты СІМ-нің алдына экономикалық дипломатия әдістерін және құралдарын жетілдіру талабы қойылды [186].

Қазақстан Президентінің 2017 жылғы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауында дипломатияның экономикалық векторының тағы бір мақсаты айқындалды, ол – халықаралық ынтымақтастық шеңберінде ұлттық экономикалық мүдделерді қорғау және дамыту. Бұл жерде әңгіме әсіресе Еуразия экономикалық қоғамдастығы, Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ), Жібек жолы экономикалық белдеуі жобаларында болып отыр.

Осылайша, қазіргі таңда экономикалық дипломатия ұғымы концептуалдық тұрғыда Қазақстанның сыртқы саяси басымдықтары жүйесінде орнығып, саяси және ғылыми айналымға енгізілді деуге болады.

Тұтастай алғанда, Қазақстан экономикалық дипломатиясының мақсаты мен міндеттерін концептуалдық құжаттар мен стратегиялық бағдарламалар арқылы анықтай келе, оның бүгінгі күнгі *басымдықтарын* төмендегідей тұжырымдауға болады:

- шетелдік инвестициялар мен жаңа технологияларды тарту;
- ұлттық экспортты сыртқы нарыққа шығару;
- халықаралық ынтымақтастық шеңберінде ұлттық экономикалық мүдделерді қорғау және дамыту.

Зерттеу нысаны болып отырған Француз Республикасының экономикалық дипломатиясымен Қазақстан дипломатиясының экономикалық векторының қазіргі таңдағы басым бағыттарының сәйкес келетініне назар аударамыз. Бұл екі елдің де тұрақты даму стратегияларында экономикалық мәселелердің рөлі зор екенін білдіреді.

Экономикалық дипломатия бойынша жүргізілген зерттеулер оны институционалдық тұрғыдан қамтамасыз етудің маңыздылығын алға тарта отырып, бұл жұмысты ұйымдастыру мен үйлестіру ісінде басты рөлді сыртқы саяси ведомстволарға береді. Бұл ретте институционалдық жүйе дегеніміз дипломатия алдына қойылған міндеттерді тиімді шешуге қабілетті мемлекеттік және мемлекеттік емес акторлар әрекеттестігінің дамыған жиынтығын білдіреді. Осы себептен біз Қазақстан Республикасының экономикалық дипломатиясының институционалды жүйесін қарау барысында Сыртқы істер министрлігінің қызметіне шоғырланамыз.

Зерттеу жұмысы жүргізілген уақыт аралығында *Сыртқы істер министрлігінің экономикалық дипломатиядағы рөлі айтарлықтай артып*, оның қызметі «шетелдегі бірінші байланыс жасаушы тұлғадан (Ұлттық инвестициялық стратегия бойынша) бұл саладағы мемлекеттік қызметті үйлестіруші» деңгейіне дейін көтерілді. Бұрын осы салада жетекші рөлді Инвестициялар және даму министрлігі (қазіргі Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі, ИИДМ) атқарған.

Атап айтқанда, 2018 жылдың соңында Президенттің 2018 жылғы 26 желтоқсандағы №806 Жарлығына сәйкес Сыртқы істер министрлігінің құзыретіне инвестицияларды тарту бойынша мемлекеттік саясатты іске асыру және экспортты дамыту саласындағы қызметті үйлестіру жөніндегі өкілеттіктер берілді. Министрлік қарамағына ИИДМ-нің Инвестициялар жөніндегі комитеті мен шетелдік инвестициялар және технологияларды тартуға мамандандырылған «ҚазақИнвест» АҚ ұлттық компаниясы толықтай өтті.

Сыртқы саясат ведомствосын қайта құру оның басшысын өзгертумен қатар жүргізілді. Аэроғарыш және қорғаныс өндірісі министрі болған Б.Атамқұлов жаңа министр лауазымына тағайындалды.

Қабылданған шешімдер Н.Ә. Назарбаевтың төмендегідей ұстанымына негізделді: *«Сыртқы істер министрлігі тек сыртқы саясатпен ғана емес, сонымен қатар шетелде еліміздің экономикалық мүдделерін ілгерілетумен айналысатын ведомство болуы тиіс. Инвестицияларға және экспортқа қатысты мәселелерді Сыртқы істер министрлігі қызметкерлері бақылауы тиіс, себебі бұл міндеттерді атқару шетел тілдерін, елдерді білуіне байланысты оларға ыңғайлы»* [187].

Кадрлық тағайындауға қатысты шешім министрліктің талабының өзгеруіне байланысты экономиканы және дипломатиялық қызметті бірдей білетін маман қажет болды деп түсіндірілді.

Жалпы бұдан бұрын Сыртқы істер министрлігіне экономикалық қызметтерді тапсыруға арналған екі әрекет жасалғанын атап өту маңызды деп санаймыз. Алғаш рет 2000 жылғы 13 желтоқсандағы №506 Жарлыққа сәйкес СІМ-ге шетелдік инвестицияларды тарту бойынша өкілеттік ҚР Инвестициялар жөніндегі агенттігінен алып берілген болатын. Алайда бір жарым жылдан соң 2002 жылғы 28 тамыздағы №931 Жарлығы бойынша мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру шаралары шеңберінде аталған құзырет Индустрия және сауда министрлігіне ауыстырылды.

Екінші әрекет мемлекет басшысы Сыртқы істер және сауда министрлігін құру туралы ұсыныс жасаған 2016 жылы орын алды. Н.Ә.Назарбаев бұл жөнінде *«Сыртқы сауда мен инвестициялар бірге жүруі тиіс. Бізде сауда бір министрлікте, инвестициялар екіншісінде. Әрбір компанияның соңынан біреу жүріп, осында әкелуі керек. Дұрыс жұмыс істейтін елдер осылай жасайды... Үкімет сауда қай жерде, инвестиция қай жерде болатынын анықтауы тиіс. Мүмкін, сыртқы істер министрлігі, шындығында да, басқа елдердегі сияқты сыртқы істер және сауда министрлігі болуы керек шығар? Ал индустрия министрлігі индустриямен айналысуы керек»* деген болатын [188].

Алайда бұл бастама жүзеге асырылмады. Үкімет инвестициялар мен экспорт саласында екі бөлек – «ҚазақИнвест» және «ҚазақЭкспорт» түрінде мемлекеттік операторларды құрумен шектелді. Сондай-ақ, туризмді дамыту үшін жауап беретін тағы бір ұлттық «Қазақ Туризм» компаниясы құрылды.

Тұтастай алғанда, қазіргі таңда Қазақстан Республикасы экономикалық дипломатиясының *инвестициялар тарту бағытында* өзара іс-әрекет тікелей

тізбектен тұратын үш деңгейлі жүйеге негізделеді: *сыртқы алаң, орталық, өңірлер* [189, 190]:

– *сыртта* - дипломатиялық мекемелер шетелдік инвесторларға ақпараттық-кеңестік қызметтің толық жиынтығын ұсынады;

– *орталықта* - Сыртқы істер министрлігі мен «ҚазақИнвест» ұлттық компаниясы, сондай-ақ басқа салалық мемлекеттік органдар жұмыс атқарады. Олар нақты жоба бойынша келіссөздер жүргізеді;

– *өңірлерде* - жергілікті атқарушы органдар мен «ҚазақИнвест» компаниясының «фронт-офистері» инвесторларға тікелей қызмет көрсетеді.

Мемлекеттік органдар, ұлттық компаниялар мен әкімдіктердің өзара әрекетін күшейту мен үйлестіру мақсатында 2019 жылғы сәуірде инвестицияларды тарту жөніндегі экожүйе құрылды. Оған мынадай маңызды өзгерістер енгізілді [191]:

Біріншіден, ҚР Премьер-Министрінің төрағалығымен Инвестициялар тарту бойынша үйлестіру Кеңесі құрылды. Кеңес инвестициялық жобаларды іске асыру жөніндегі стратегиялық мәселелерді шешумен айналысады. Оның құрамына жетекші мемлекеттік органдардың, ұлттық компаниялардың, Жоғарғы соттың, Бас прокуратураның, ҰҚК басшылары кірді.

Екіншіден, инвестициялық жобаларды іске асыруға және инвесторлардың құқықтарын қорғауға қатысты мәселелерді шешу үшін Үкімет басшысы Инвестициялық омбудсмен болып тағайындалды (бұрын инвестициялар және инфрақұрылымды дамыту министрі болған).

Үшіншіден, «Астана» Халықаралық қаржы орталығы (АХҚО) инвестицияларды тартудың Аймақтық ХАБ-ы және инвестициялық жобаларды қалыптастырудың бірыңғай орталығы ретінде белгіленді. АХҚО алаңында инвесторлармен жұмыс жүргізетін бірыңғай экожүйе құрылып, оған барлық даму институттары («Бәйтерек» ҰБХ, «Қазақстанның Даму банкі» АҚ, «Казагро» ҰБҚ, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ) кіреді және «бір терезе» қағидасы аясында жұмыс жасайды.

Төртіншіден, СІМ-нің қарамағындағы «Қазақ Инвест» ұлттық компаниясы АХҚО-ға басқаруға сенім білдіру туралы шешім қабылдады.

Сонымен қатар, іс жүзінде инвестициялар тарту бойынша жұмыстың төмендегідей алгоритмі құрылды [189]:

Алғашқы кезеңде аймақтық инвестициялық ХАБ-да (АХҚО) әлеуетті инвестициялық жобалар орталықтандырылған түрде жинақталады.

Екінші кезеңде «Қазақ Инвест» негізінде АХҚО-ның мамандары мен кеңесшілерінің қатысуымен жобалар талданып, шетелдік инвесторларға түсінікті форматтарға түсірілді.

Үшінші кезеңде халықаралық стандарттарға сәйкестендірілген жобалар АХҚО мен СІМ-нің инфрақұрылымдары арқылы дамытылады.

Ең соңында, аймақтық инвестициялық ХАБ-ның негізінде АХҚО-ның құқықтық базасын пайдалана отырып, келісімшарттар жасалады.

Айта кетсек, инвестициялар тарту ісіне ҚР Президенті жанындағы Шетел инвесторларының кеңесі, Инвестициялық ахуалды жақсарту жөніндегі кеңес

және Премьер-Министрдің төрағалығымен жұмыс істейтін Инвестициялар тарту мәселелері жөніндегі үкіметтік кеңес (Инвестициялық штаб) сияқты құрылымдар кеңес беру арқылы көмек көрсетеді. Оларға қоса, Инвестициялық омбудсмен институты да жұмыс жасайды.

Шикізаттық емес экспортты дамыту бағытына келетін болсақ, 2019 жылы 17 маусымда Сауда және интеграция министрлігінің (СИМ) құрылғанына байланысты оған СИМ-нің экспортты дамыту саласындағы қызметті үйлестіру және Ұлттық экономика министрлігінің ішкі және сыртқы сауда саясатын қалыптастыру, іске асыру бойынша қызметтері мен өкілеттіктері берілді.

Сондай-ақ, жаңа ведомствоның құзыретіне Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің шикізат емес экспортты дамыту мен қолдау мәселелері де берілді.

Нәтижесінде экспортты жылжыту бойынша институционалдық жүйе төмендігідей қайта құрылды [192]:

– негізінен қаржылық емес және сервистік қолдаумен Сауда және интеграция министрлігіне қарасты ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 9 қыркүйектегі өкімімен құрылған «Qaztrade» (бұрынғы Сауда саясатын дамыту орталығы) компаниясы және Атамекен» ҰКП жанындағы Сыртқы сауда палатасы айналысады. Алдағы уақытта «Qaztrade» «бірыңғай терезе» қызметін атқарады деп жоспарлануда;

– қаржылық және сақтандыру қызметтерін «ҚазақЭкспорт» АҚ, «Қазақстан даму банкі», «Даму» АҚ ұсынады. Бұл құрылымдардың барлығы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның еншілес компаниялары болып табылады. Холдинг өз кезегінде Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің қарамағындағы ұйым болып табылады;

– өңделген өнімдерді сыртқы нарықтарға шығару бойынша шығындардың бір бөлігін өтеу қызметін Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне бағынатын «QazIndustry» «Қазақстандық индустрия және экспорт орталығы» АҚ атқарады.

Осылайша, 2019 жылдың бірінші жартысындағы жағдай бойынша Сыртқы істер министрлігі экспортты дамыту саласындағы қызметті үйлестіру жөніндегі өкілеттігінен айрылып, негізінен шетел инвестицияларын тартумен шектеліп отыр.

СИМ аталған міндетін жүзеге асыру үшін шетелдегі дипломатиялық мекемелер желісі (63 елшілік, 93 консулдық, 2 өкілдік), өзінің Инвестициялар жөніндегі комитеті мен Сыртқы экономикалық саясат департаменті түріндегі екі мамандандырылған құрылымы, сондай-ақ бірқатар елшіліктердегі инвестициялар бойынша кеңесшілер, құрметті консулдар (70 адам), сауда өкілдері мен кедендік атташелердің (18 адам) қолжетімді жиынтығын қолдануға мүмкіндік алды. Оған шет елдермен сауда-экономикалық ынтымақтастықтың 133 құрылымы, оның ішінде 60 Үкіметаралық комиссия, 22 салалық комиссия мен 51 жұмыс топтары, 24 іскерлік кеңес сияқты тиімділіктерін дәлелдеген тетіктері қосылады. Сондай-ақ, Қазақстанда

тіркелген 66 шетелдік елшілік, 52 консулдық және 6 өкілдіктердің әлеуеттерін пайдалана алады.

Экономикалық дипломатия құралдарын талдау тұрғысынан шетелде қазақстандық бизнеске және отандық экономикаға инвестициялар тарту жұмысына дипломатиялық миссиялар тарапынан белсенді және тұрақты қолдау көрсетуді атап өту маңызды. Осы орайда Е.Ә.Идрисовтың Қазақстанда аккредиттелген шетел елшілері СІМ-ге және басқа да мемлекеттік органдарға жолдаған сұраныстарының басым көпшілігі экономикалық мәселелерге қатысты деген пікірін келтірсек болады [178].

Халықаралық, оның ішінде Францияның тәжірибесі көрсетіп отырғандай, елшіліктер қызметінің экономикалық құрамдас бөлігін нығайту, елшілердің жеке белсенділігі мен дипломаттардың кәсіби дайындығы экономикалық дипломатияны табысты ететін факторлардың бірі болып табылады.

Осы тұста Н.Ә. Назарбаев 1998 жылы *«Елшілер болмаса энергетикалық ресурстарды сыртқы нарықтарға экспорттау сияқты стратегиялық тұрғыдан маңызды мәселелер жөніндегі ұсыныстарды кім беруі керек?»* деген сұрақ қойып, дипломатиялық мамандардың біліктілігі жайлы мәселе көтерген [193]. Елшілердің өзгермелі заман талаптарына сай болулары туралы Елбасы одан кейінгі уақытта да айтып жүрді.

Осы мәселеге қатысты Қ.Қ.Әбдірахманов сыртқы саясаттың табысты іске асырылуы шешуші дәрежеде тікелей кадрлар біліктілігінің деңгейі мен кәсіби дайындығына байланысты деп мойындады. Бұл қолданыстағы қағидалар мен тәсілдемелерді қайта қарастыра отырып, дипломатиялық жұмысқа үміткер болып жүрген азаматтар мен жұмыс атқарып жүрген қызметкерлерге кәсіби деңгейі мен біліктілігі жағынан қойылатын талаптарды жоғарлату керектігін айқындайды [194].

Бұл ретте шетелдегі дипломатиялық мекемелерді ынталандыру мен олардың қызметінің тиімділігін бағалау үшін СІМ екі түрлі көрсеткіштерді әзірледі: статистикалық көрсеткіштер (шетелден тартылған инвестициялар мен тауар айналымының көлемі) және жаңа инвесторларды тарту, бұрынғы инвесторлармен жұмыс жасау (олардың көңіл-күйіне мониторинг жасау, қайта инвестициялау). Сондай-ақ, әрбір елшіліктің атқаратын нақты міндеттері мен жұмыс көрсеткіштері анықталып, жауапты тұлғалар тағайындалып, жұмыстың жаңа тәсілдері белгіленді [195].

Тұтастай алғанда, ширек ғасырдан аса уақытта Қазақстанның экономикалық дипломатиясы екі жақты, көп жақты, өңірлік сияқты әдістер мен тетіктерді қолдана отырып, айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізді. Олар жеке диссертациялық жұмыстың зерттеу нысаны болуға лайық. Біз осы еңбекте оң нәтижелер мен қол жеткізілген жетістіктерді жинақтап, қомақтыларын атап көрсетуді қисында санаймыз:

- экономиканы жаңғырту мен халықтың әл-ауқатын арттыру мақсатында 120 мемлекеттен 330 млрд. доллардан аса шетелдік инвестициялар тартылды;
- ашық және кедергісіз сауда жүргізуге жағдай жасайтын Еуразиялық экономикалық одақты құру арқылы аймақтық интеграция дамытылуда;

– әлемдік шаруашылықта өзіндік орынға ие болу үшін ДСҰ-ға мүшелік, ЭЫДҰ-мен және басқа халықаралық экономикалық және қаржылық ұйымдармен ықпалдастық жүргізілуде;

– халықаралық жолдар желісіне ену және сыртқы нарықтарға қол жеткізу мақсатында ел аумағында Еуразиялық көліктік-транзиттік тораптарды («Нұрлы жол», «Бір белбеу - Бір жол») қалыптастыру бойынша жұмыс атқарылуда;

– Қазақстанның әлемдегі беделі мен жағымды кескінін қалыптастыру үшін бірқатар маңызды халықаралық бастамалар (АӨСШК, ЕҚЫҰ, ЭКСПО, БҰҰ ҚК-ге тұрақты емес мүшелік) іске асырылды.

Бұл контексте профессор Т.Сулейменовтың экономикалық дипломатия ұзақ уақыт бойы Қазақстанның халықаралық деңгейдегі табысын көрсетіп келеді. Бұл әрекеттің нәтижелілігі әлемдік қаржылық дағдарыс жағдайында анық байқалды. Мемлекетаралық байланыстар, халықаралық ұйымдармен (БҰҰ, ЕО, ЕАЭК және т.б.) қатынастар ауқымының кеңдігі, дамыған құқықтық-нормативтік база экономикалық дипломатия мәселелерін шешуге мүмкіндік берді деген пікірі ерекше мәнге ие [176, с. 35-36].

3.2 Қазақстан-француз қарым-қатынасындағы экономикалық дипломатияның рөлі

Қазақстан мен Франция қарым-қатынасындағы экономикалық дипломатияның рөлін зерделеуден бұрын мемлекеттер арасындағы екіжақты ынтымақтастықтың жағдайына шолу жасау маңызды.

Осы ретте, Л. Фабиустың *«экономикалық дипломатия табысты болуы үшін тек экономикалық болуы жеткіліксіз. Ол саяси, адами, мәдени, ғылыми байланыстардан, ел туралы жағымды ойдан бастау алуы тиіс. Елдер арасындағы экономикалық қатынастар осы айтылған көрсеткіштер арқылы одан сайын нығая түседі. Бір ғана мақсатты - келісімшартқа қол қоюды көздеген дипломатиялық іс-әрекеттер өз мақсатына жетпеуі мүмкін»* деген сөзін келтірген орынды болар [108, р. 9].

Француз Республикасы 1992 жылы 7 қаңтарда әлемдегі мемлекеттердің алғашқыларының бірі болып, Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін мойындады [196]. Екі ел арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастар сол жылдың 25 қаңтарында орнады.

1995 жылы Франция БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне мүше өзге де елдермен бірге Қазақстанға қауіпсіздік кепілдігін берді [197].

Сол уақыттан бері екі ел арасындағы ынтымақтастықтың барлық салаларын қамтитын шамамен 25 құжаттан тұратын шарттық-құқықтық база қалыптасты. Н.Ә. Назарбаевтың 1992 жылғы 23-26 қыркүйек аралығында Парижге жасаған алғашқы сапары барысында қол қойылған «Достық, өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы» келісімшарт оның негізін құрайды.

Бұл іргелі құжатта Қазақстан мен Франция арасындағы қарым-қатынастарды достық пен ынтымақтастық рухында дамыту, бостандық, демократия мен әділеттілікке деген ортақ құндылықтарға сенім білдіру мен оны құрметтеуге негіздеу, мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастарда

халықаралық құқықтың басымдықтарын мойындау ынтымақтастықтың басты мызғымас қағидаттары болып белгіленді [198].

Осы сәттен бастап екіжақты саяси диалог қарқынды дамып келеді: 1993 жылғы 16-17 қыркүйекте Еуропа мемлекеттері басшыларының ең алғашқысы болып президент Франсуа Миттеран Қазақстанға сапармен келді. Н.Ә. Назарбаев Парижге 10-нан астам ресми сапарларымен барып қайтты, ал Франция президенттері Николя Саркози (2009) мен Франсуа Олланд (2014) Қазақстанға ресми сапарларын жасады.

Жалпы алғанда, үкімет басшылары деңгейінде де, сыртқы саяси ведомстволары арасында да байланыстар (Л.Фабиустың 2013 жылғы, Е. Ыдырысовтың 2014 жылғы, К.Мәсімовтың 2015 жылғы, Қ. Әбдірахмановтың 2017 жылғы сапарлары) тұрақты түрде дамып келеді.

Қарым-қатынастың бастапқы кезеңінде негізі берік қаланған өзара тиімді ынтымақтастық Қазақстан мен Францияның стратегиялық серіктестіктің жоғары деңгейіне шығуына мүмкіндік жасады. Екі мемлекет арасындағы «Стратегиялық серіктестік туралы» келісімшарт түріндегі тарихи құжатқа 2008 жылы 11 маусымда қол қойылды.

Бұл құжаттың маңыздылығын француз елінің сол кездегі президенті Николя Саркози былай деп білдірді: *«...Көптеген салаларда Қазақстан мен Францияның мүдделері ортақ, бірақ бұған дейін біздің ынтымақтастығымыз мақсаттар қоюмен ғана шектелді. Енді қарым-қатынасымызды жаңа деңгейге шығаратын уақыт жетті... Бұл жай құрғақ сөз емес. Біз барлық салада нақты ынтымақтастықтың ұзақмерзімдік перспективасына негізделген қарым-қатынас орнатуға ниеттіміз»* [199]. Осылайша, Франция Қазақстанмен жаңа мазмұн, жаңа тұрпаттағы келісімшарт жасасқан Еуропалық Одақтың алғашқы мемлекеті болды.

Жалпы Қазақстан тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан бастап Франция еліміз жүргізіп отырған ішкі реформалар мен халықаралық бастамаларға тұрақты түрде қолдау көрсетіп келеді. Мәселен, Париж 2010 жылы Астанада ЕҚЫҰ саммитін өткізу туралы бастаманы, сондай-ақ ЭКСПО-2017 көрмесін өткізу үшін Астананың таңдалуын Еуропа астаналарының ішінде бірінші болып қолдады. Бұған қоса, Франция 2017-2018 жылдары Қазақстанның БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі ретіндегі кандидатурасына қолдау білдірді.

Жоғары деңгейдегі саяси диалог екі ел арасындағы парламентаралық және ведомствоаралық байланыстардан бастап, өңірлер мен қалалар арасындағы қарым-қатынастарға дейінгі, сондай-ақ мәдениет, білім мен ғылым саласындағы ынтымақтастықтың барлық бағыты бойынша өзара әрекеттестіктің мықты тұғырын қалады [198, с. 251-260].

Жалпы алғанда, Қазақстан мен Франция арасындағы қарым-қатынас екі елдің мүдделері мен әлеуетін басшылыққа алу арқылы дамып келеді. Осы ретте Қазақстанның Париждегі бірінші елшісі Т. С.Қабдрахманов Франция үшін біздің еліміз геосаяси тұрғыдан Еуропа мен Азияның түйіскен жеріндегі

көпір, ал экономикалық тұрғыдан үлкен экономикалық мүмкіндіктерге толы мемлекет ретіндегі маңыздылығын атап көрсетеді [200].

Өз кезегінде Қазақстанның тағы бір елшісі Н.Ж.Даненов Францияға деген қызығушылықты оның экономикалық әлеуетінің қуаттылығымен, үлкен инвестициялық мүмкіндіктер және жоғары технологияларға жол ашатындығымен түсіндіреді [201].

Қазақстанның Еуропалық одақтағы маңызды серіктесі болып саналатын Франциямен ықпалдастықтың өңірлік тұрғыдағы маңыздылығын да атап өткен жөн. Ынтымақтастықтың алғашқы жылдарында Франция парламентінің сыртқы істер жөніндегі Ұлттық ассамблеясында Бесінші Республика үшін *«Орталық Азияға апаратын жол алдымен Алматы арқылы өтеді»* деген пікір айтылған. Мұндай көзқарас өңірлік ынтымақтастықтың француз тарапы үшін қаншалықты маңызды екендігін білдіреді [202].

Өзімізден қосарымыз, 2005 жылы Франция премьер-министрі Жан-Пьер Раффареннің тапсырмасы бойынша сенатор Эмери де Монтескьюдің арнайы әзірлеген кешенді баяндамасында Орталық Азияның стратегиялық маңызына баса назар аударылып, бұл аймақтың әлеуетін көтеруге арналған нақты ұсыныстар енгізілген. Баяндаманың негізгі түйіні - *«Біздің өркендеуіміз бен халықаралық тұрақтылықтың бір бөлігі екі әлемнің тоғысында орналасқан осы өңірге байланысты»*, осы орайда Париж басқа әлемдік жетекші мемлекеттерден қалып қоймауы керек дегенге саяды [203].

Он жылдан кейін француз президенті Ф.Олланд *«Қазақстанның біз үшін орны ерекше, біз Қазақстан арқылы Азия өңірінде орналасқан өзге де мемлекеттермен өз тауар айналымымызды дамытуға мүмкіндік аламыз»*, – деп өз елінің мүддесін нақтылап көрсетті [204].

Бүгінгі күні Қазақстан да, Франция да өзара ынтымақтастықтарын аймақ мемлекеттерінің басымдықтары мен қажеттіліктерін толық есепке алу мақсатында 2019 жылы қабылданған Еуроодақтың Орталық Азия бойынша жаңартылған стратегиясы шеңберінде жалғастыруға мүдделі.

Бұл тұста Қазақстан-француз әрекеттестігінің өңірлік өлшеміне егжей-тегжейлі тоқталмай, 2017 жылы Франция парламентінің Қазақстан мен Еуропалық одақ арасында 2015 жылы қол қойылған *«Кеңейтілген серіктестік және ынтымақтастық туралы келісімді»* ратификациялауды алғашқылардың бірі болып қолдағанын атап өтумен шектелгенді жөн санаймыз. Айта кететін бір жәйт, Ресей мен Батыс арасындағы санкциялық текетірес жағдайында Қазақстан Еуропалық Одақпен жаңа тұрпаттағы кеңейтілген серіктестік орнатқан Орталық Азиядағы алғашқы ел болды.

Жалпы алып қарағанда, Қазақстан-Франция қарым-қатынастарындағы экономикалық дипломатияның рөлі мен маңызын сауда мен инвестиция салаларындағы көрсеткіштердің көмегімен анықтауға болады.

Қазақстандық статистика бойынша, 2018 жылы екіжақты тауар айналымы 4,5 млрд. долларға (2017 жылы 3,4 млрд. долл.) жетті. Бұл көрсеткіш 3,8 млрд. доллар көлеміндегі экспорттан және 700 млн. доллар импорттан тұрады. Бұл

көрсеткіш Қазақстанның жалпы тауар айналымында 4,7% үлесі бар Францияны *бесінші* сауда серіктесі ретінде орнықтырады

Франция қазақстандық экспорттың 6,3%-ын құрап, Италия (19,2%), ҚХР (10,3%), Нидерланд (10,1%), Ресейден (8,6%) кейін бесінші орынға иеленді.

Импорт көлемі жағынан Бесінші Республика қазақстандық импорттың 2%-ын (2017 жылы 1,8%) құрай отырып, Ресей (39,3%), Қытай (16,0%), Италия (4,4%), АҚШ (3,8%), Өзбекстан (3,4%), Оңтүстік Кореядан (2,7%) кейін жетінші жеткізуші (импортер) болып отыр.

Осы тұста Қазақстан мен Францияның сыртқы сауда бойынша мемлекеттік органдарының статистикалық деректерінің айтарлықтай айырмашылығы бар екенін ескеру маңызды: көрсеткіштер әр жылда 30-50% аралығында оң мәнге да, теріс мәнге ауысып өзгеріп отырады [205].

Француз Кеден статистикасына сүйенсек, 2018 жылдың қорытындысы бойынша екіжақты тауар айналымы 3,3 млрд. еуроны (2017 жылы 3,9 млрд. еуро болған) құрады, оның ішінде экспорт – 346 млн. еуро (+8,3%) болса, импорт – 2,96 млрд. еуро (-16,1%).

Францияның Қазақстанға шығаратын экспорты мен әкелетін импортының соңғы жылдардағы даму жағдайы сурет 8 беріліп отыр.



Сурет 8 - Францияның Қазақстаннан шығаратын экспорты мен импортының даму жағдайы

Ескерту - ФР Сыртқы істер министрлігінің сайтынан алынды [205]

Қазақстан Францияның жалпы сауда серіктестері тізімінде *45 орынға* ие болып, сыртқы сауданы дамыту бойынша *50 басым* мемлекеттің қатарына кіріп отыр. Атап айтқанда, Қазақстан Париждің *78 клиенті* (экспорт бойынша), *32 жеткізушісі* (импорт саласында) және екіжақты сауда дефициті бойынша жалпы серіктестерінің арасында *13-ші* болып отыр.

Сондай-ақ, Қазақстан Францияның Орталық Азия елдері арасындағы *бірінші* және Шығыс Еуропа мен ТМД мемлекеттері арасындағы *төртінші* серіктесі болып табылады [206]. Бұл аталған аймаққа шығарылатын француз экспортының 4,3% Қазақстанға тиесілі дегенді білдіреді.

Франция мен Қазақстан арасындағы экспорт пен импорттың 2018 жылғы жағдайы мен құрылымдары төмендегі кестелер 6 және 7 көрсетілген.

Кесте 6 – Францияға шығарылатын Қазақстан экспортының құрылымы

Өнім атауы	2018 жылғы үлесі, %	2017 жылға өзгеруі, %
Көмірсутегі, шикі мұнай	94,3	- 14,7
Темір және металлургиялық өнім	3,5	- 46,7
Химиялық өнім	1,8	+13,1
Өзге өнімдер	0,4	+
Ескерту - ФР Сыртқы істер министрлігінің сайтынан алынған деректерден құрылды [206]		

Кесте 7 – Францияның Қазақстанға экспортының құрылымы

Өнім атауы	2018 жылғы үлесі, %	2017 жылға өзгеруі, %
Механикалық құралдар, электрондық, информатикалық, оптикалық тауарлар	22,2	+ 65,0
Химиялық тауарлар, парфюмерия, косметика	16,7	- 26,6
Фармацевтикалық өнім	16,3	- 7,6
Көлік техникасы (локомотивтер, пойыздар)	12,0	153,4
Өндірістік, ауылшаруышылық техника	7,9	- 17,1
Азық-түлік өнімдері	6,8	- 1,8
Өзге тауарлар	18,1	- 16,9
Ескерту - ФР Сыртқы істер министрлігінің сайтынан алынған деректерден құрылды [206]		

Жоғарыда берілген кестелерге сәйкес, Францияға шығарылатын экспорт құрылымында қазақстандық сауда үшін дәстүрлі шикізаттық бағыт абсолютті басымдық болып отыр. Ал импорттың негізін механикалық, электрондық және информатикалық құралдар, химиялық және фармацевтикалық тауарлар, ауыл шаруашылығына қатысты техника мен азық-түлік өнімдері құрайды.

Екіжақты ынтымақтастықтың *инвестициялық бөлігінде* Француз Республикасы Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері, 2019 жылдың бірінші тоқсанын қоса алғанда, *16,6 млрд. доллар* қаражат салып, оның қазақстандық экономикаға құйылған жалпы инвестициялық үлесі 4,8%-ды құрады.

Бұл көрсеткіш Бесінші Республиканы Нидерландтар (90,4%), АҚШ (48,4%), Швейцария (25,8%), Қытай (19%) сынды Қазақстанның жетекші инвесторларының қатарына шығарып отыр.

Өз кезегінде француз экономикасына тартылған қазақстандық инвестициялар көлемі шамалы. Қазақстанның Ұлттық банкі деректері бойынша, 2005-2018 жылдары ол елге 31,6 млн. доллар салынған.

Қазақстанда француз капиталының қатысуымен 235 заңды тұлға тіркелген, оның 160 компаниясы нақты жұмыс істейді. Олардың ішінде, әлемге танымал «Тоталь», «Орано» (бұрынғы «Арева»), «Альстом», «Викат», «Эйрбас Дефенс энд Спейс», «Данон», «Пежо», «Эйр Ликид», «Леруа Мерлэн» және тағы басқа көптеген кәсіпорындар бар.

Қазақстан мен Франция арасындағы өзара тиімді серіктестік дәстүрлі энергетикалық сектордан басталып, әлеуеті зор басқа да салаларды қамтып келеді. Жаңа салалардың ішінен көлік құрастыру, аэроавиатика, агроөнеркәсібі, фармацевтика, құрылыс, «жасыл экономика», ғарыш, инфрақұрылым салаларын атап көрсету маңызды.

Францияның бұрынғы елшілерінің бірі Жан-Шарль Бертоненнің айтуынша, индустриалды тұрғыда Париждің Қазақстандағы басты мүддесі екі стратегиялық маңызы бар жоба төңірегінде шоғырланған [207]. Біріншісі – «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық компаниясымен бірлесе уран кен орындарын дамытып отырған «Орано» компаниясының инвестициялары. Бұл жоба Қазақстанды әлемдегі ең ірі уран жеткізушілердің қатарына шығарып отыр. Екіншісі – «Қашаған» кенішін игеріп отырған «Тоталь» компаниясының жобалары. Сондай-ақ, француз дипломатының ұстанымы бойынша, Қазақстан мен Франция арасындағы инвестициялық ынтымақтастықтың ерекшелігі, ол бір жағынан жергілікті өнімнің үлесін сатылап өсіру, ал екінші жағынан, технологиялар трансфертін дамытуды көздейді.

Расында да, екі ел арасында жүзеге асырылып жатқан бірқатар бірлескен жоба заманауи үлгідегі өнімді алуды көздейді. Олардың қатарында «Альстом» электровоздары, «Еврокоптер» тікұшақтары, «Пежо» және «Ситроен» автомобильдері, «Викат» цементі, «Данон» сүт өнімдері және басқа да өндірістер бар. Сондай-ақ «Эйрбас Дефенс энд Спейс» компаниясымен бірлесіп, Жерді қашықтан зондтайтын екі жерсерік және ғарыш аппараттарын құрастыру-сынау кешені құрылды. Ғарыш саласында екіжақты ынтымақтастық өндіріс деңгейінде де, Байқоңыр ғарыш айлағынан француз ғарышкерлерінің ұшуы арқылы да (2016-2017 жж. Тома Пескенің ұшып келуі және қонуы) жүзеге асырылып отыр.

Қазақстандық сарапшы М.Лаумулиннің пікірінше, екі ел арасындағы өзара тиімді жобалар ғылыми ынтымақтастық пен технологиялар трансфертінің элементтерін қамтиды [208]. Осы ретте Француз технологиялар трансферті

орталығы ашылғаны және оның Қазақстанмен жоғары технологияларымен бөлісуге ниет білдірген француз кәсіпорындарына көмек көрсетуге арналған қызметін ерекше атап өткен жөн.

Н.Ә. Назарбаев Парижге 2015 жылы жасаған сапарында Қазақстанда 24 француз компаниясы 2 млрд. доллардан астам тұратын жобаларды жүзеге асырып үлгергенін, 14 жоба бойынша жұмыс жүріп жатқандығын, ал 10 жоба болашақта жүзеге асырылатынын атап көрсеткен [209]. Бұл жобалар ғарыш, химия, энергетика, металлургия, машина жасау, фармацевтика және басқа да салаларда бірлескен өндірістерді құруға арналған.

Франция президенті Ф.Олланд өз кезегінде *«Соңғы жиырма жыл ішінде Қазақстандағы француз инвестицияларының саны артты, біз жалпы сомасы 10 млрд. еуро салған Қазақстандағы үшінші инвестор болдық. Біздің өзара әрекетімізді бұдан да оңайлату, экспорт пен импорт үдерісін жеңілдету үшін Қазақстан мен Еуроодақ жақында қол қойған келісімнің тез арада күшіне енгенін қалаймын. Сол кезде осы нарықтарға ашылған жол бұрынғыдан да жеңіл болады»* деген пікір білдірген [204].

Институционалды тұрғыдан зерттеу әдіснамасы Қазақстан-Франция қатынасында экономикалық дипломатияны тиімді жүзеге асыру тетіктері мен құралдарын анықтауға мүмкіндік береді. Олардың негізін төмендегілер құрайды:

- Президенттер Н.Назарбаев пен Н.Саркозидің бастамасымен 2008 жылы құрылған *Президенттік комиссия*. Экономикалық дипломатияның құрамдас бөлігі ретіндегі жоғары дәрежедегі келіссөздер осы комиссия аясында (Қазақстанға Н.Саркозидің 2009 жылғы мен Ф.Олландтың 2014 жылғы, Н. Назарбаевтың 2015 жылғы Парижге сапарлары, 2018 жылы Елбасы мен Э. Макронның Брюссельдегі бірінші кездесуі) өткізіліп келеді;

- *Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссия* (ҰАК) 1992 жылы құрылды. Осы уақытқа дейін комиссияның 13 отырысы өткізілді. Соңғы отырысы 2017 жылғы 7 қыркүйекте Астанада өтті. Осы комиссияның басты қызметі - екі ел арасындағы сауда-экономикалық қарым-қатынастардың барлық қырларын реттеу мен дамытуды ынталандыру. Әр тараптан бір үкімет мүшесі ҰАК-тің тең төрағалығына тағайындалған;

- *Қазақстан-француз іскерлік кеңесі* (САФК) Қазақстан мен Франция президенттерінің бастамасы бойынша 2008 жылы құрылды. 2017 жылдың сәуірінде кеңестің соңғы отырысы болды. Кеңестің екі тараптан сайланған төрағалары бар («Визор холдинг» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы А.Карибжанов пен «Тоталь» компаниясының Қайырымдылық қорының президенті И.Л. Дарикаррер);

- Сыртқы саяси ведомстволар желісі бойынша министрлердің орынбасарлары деңгейінде *Ведомствоаралық консультациялар* 2008 жылдан бері өткізіліп тұрады. Соңғы кеңес (жетінші) 2018 жылғы сәуірде Парижде өтті.

Сонымен қатар, экономикалық дипломатия мақсаттарын жүзеге асыру ісіне көлік және әскери-техникалық ынтымақтастық бойынша екіжақты Жұмыс топтары да үлес қосады.

Қазақстан мен Франция арасындағы экономикалық дипломатия құралдары Францияның сыртқы сауда жөніндегі кеңесшілеріне, Қазақстанның Франциядағы (Теңіз жағалауы Альпі департаментінде Д. Пажес, Рона-Альпі өңірінде Э.Броннер, Бретаньда Ж.Туребаева-Авар) және Францияның Қазақстандағы (Атырауда Е.Байменов) құрметті консулдары институттарына сүйенеді.

Бұл айтылғандар қатарына екі ел парламенттерінде белсенді түрде қызмет атқаратын «Қазақстан-Франция» достастығы топтарын, сондай-ақ Бесінші Республиканың «Альянс Франсез» филиалдары, жоғары оқу орындары мен мәдени орталықтар қызметі ретіндегі «жұмсақ» күш құралдарын жатқызу абзал.

Дегенмен, екі мемлекет арасындағы экономикалық дипломатияның негізгі акторлары болып Сыртқы істер министрліктері, экономикалық блок министрліктері, ауылшаруашылық, энергетика, қорғаныс және басқа да мемлекеттік органдар саналады.

Мамандандырылған құрылымдар ретінде Қазақстан жағынан «ҚазақИнвест» және «ҚазақЭкспорт» ұлттық компаниялары, АХОҚ, «Атамекен» ҰКП жанындағы Сыртқы сауда палатасы; француздар жағынан «Бизнес Франс» өкілдігін, Франция-Қазақстан Сауда-өнеркәсіп палатасын (ССФК), сыртқы сауда жөніндегі кеңесшілерді атаған жөн.

Дегенмен, осы құралдар мен тетіктер арасынан екінші тарауда мәлімделген Франция сыртқы істер министрінің Орталық Азиядағы экономикалық дипломатия жөніндегі Арнайы өкілі П.Лороның қызметіне ерекше назар аударамыз. П.Лоро бұл дәрежеде 2019 жылы 28 маусымда Нұр-Сұлтанға жасаған алғашқы ресми сапары барысында ынтымақтастықтың басты бағыттары ретінде ауыл шаруашылығы, жаңартылатын энергетика мен цифрлық технологияларды белгіледі.

Сондай-ақ, Қазақстан мен Франция елшіліктеріндегі экономикалық бөлімдерінің және жалпы екі елдің дипломатиялық миссияларының, Францияның Алматыдағы Бас консулдығының қызметін де атап көрсету абзал.

Франция елшілігінің *Экономикалық бөлімі* (толық атауы - Орталық Азия елдеріндегі экономикалық өкілеттік) экономика және қаржы министрлігінің Қазынашылығына (Direction generale du Tresor) жатады, алайда экономикалық дипломатия саласында жүргізілген соңғы реформаға сай елшіге де бағынышты болып отыр. Бөлім басшыдан, оның орынбасарынан, екі маманнан және бір көмекшіден (соңғы үшеуі де Қазақстан азаматтары) тұрады [210].

Қазақстанның Франциядағы елшілігінде француз баламасына сәйкес келетін экономикалық бөлім жоқ, дегенмен сауда-экономика мәселелерімен экономика және инвестициялар жөніндегі кеңесші (бұрынғы ИДМ желісі бойынша тағайындалған) және СІМ-нің қызметкері айналысады.

Экономикалық дипломатияны жүзеге асыруға Францияның Алматыдағы Бас консулдығы да атсалысады. Француз консулы жергілікті билік органдарының өкілі ретінде «үкіметтік емес ынтымақтастық жөніндегі корреспондент» қызметін қоса атқаратынын тағыда атап өтеміз.

«Бизнес Франс» агенттігінің өкілдігіне келетін болсақ, ол Францияның Қазақстандағы дипломатиялық миссиясының құрамында еліміздегі француз компанияларына қолдау көрсететін негізгі құрылым болып табылады [211]. Қолдағы деректерге сүйенсек, агенттік халықаралық қызметінің басым бөлігін елдің ішкі жағына бағыттауына байланысты Қазақстандағы өкілдіктің алдағы уақытта жабылуы жоспарланып отыр.

Франция-Қазақстан сауда-өнеркәсіп палатасы 2016 жылы Францияның Қазақстандағы іскерлер ассоциациясының негізінде құрылды. «Катко» компаниясының бас директоры Ж.Фриес палатаның директорлар кеңесінің президенті қызметін атқарады. ССФК елімізде жұмыс жасайтын 40-тан астам француз компаниясын және сыртқы сауда жөніндегі кеңесшілерді біріктіреді [212]. Сауда палатасы екі ел арасындағы сауда-экономикалық қатынастарды дамытуда, сондай-ақ француз экспортын қазақстандық нарыққа шығаруда маңызды рөл атқарады. «Бизнес Франс» офисінің алдағы уақытта жабылуына байланысты оның қызметі ССФК-ке жүктелуі мүмкін. Бұл аталған мемлекеттік емес құрылымға жана мүмкіндіктер ашып, оның рөлін арттыра түсетін болады.

Қазақстандағы француз экономикалық дипломатиясының акторлары осы елдің елшісі жетекшілік ететін Экономикалық кеңестің құрамына кіреді. Бұл Кеңес жылына екі рет жиналып, француз компанияларының мәселелерін талқылайды, олардың жағдайын жақсарту және жалпы француз экспортын жылжыту бойынша ұсыныстарды қарайды.

Қазақстандық тараптан «ҚазақИнвест» ұлттық компаниясы да Францияға қатысты жаңашыл институционалдық тетіктер мен құралдар тұрғысында белсенді қызмет жүргізіп келеді. Атап айтсақ, инвестициялар тартуда көп жылдық тәжірибесі және өздері орналасқан елдегі бизнес қауымдастықпен тығыз байланыстар жасайтын шетелдік белгілі кәсіпкерлер жұмысқа тартылуда. Олардың арасында «ҚазақИнвест» компаниясының француздық өкілі Франсуа Марктың қызметін атап өтуге болады. Ф. Марктың пікірінше, *«бұл өте қызықты жұмыс, өйткені біздің елдерде өзіміздің байланыстарымыз мен желілеріміз бар. Мен француз әкімшілігін өте жақсы білемін. Мен олармен күнде кездесіп тұрамын, олардың қалай ойлайтындарын білемін. Сондықтан Қазақстан туралы сөйлескенде олардың өз тілдерін қолдану өте маңызды»* [213].

Бұған қоса Франция мен ЕО-ның түрлі бизнес құрылымдарында ұзақ уақыт жұмыс жасаған Франсуа Бернар «ҚазақИнвест» директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесі екендігін және екі ел арасындағы экономикалық дипломатияны дамытуға атсалысып жүргенін айта кету орынды [214]. Осындай тәсілді қолдану, біздің ойымызша, елдер арасындағы экономикалық байланыстардың одан әрі нығая түсуіне үлкен септігін тигізеді.

Жалпы Қазақстан мен Франция қатынасындағы экономикалық дипломатия аясында жүргізіліп отырған екіжақты диалогтың қарқындылығы мен жүйелілігін нақты мысалдар арқылы көруге болады.

Францияның Қазақстандағы бұрынғы елшісі Франсис Этьеннің берген бағасы бойынша, екі елдің дипломатиялық күш-жігерінің арқасында уран

өндіру («Катко» – «Казатомпром» мен «Орано» компаниялары бірлескен кәсіпорны), титан құймалар (Эйрбас), мұнай (Тоталь), цемент (Викат), фармацевтика өндірісінде («Санofi»), агроөндіріс (Данон, Лакталис-Фудмастер, Суффле) салаларындағы жобалар табысқа қол жеткізді [215].

Сондай-ақ, Франция мен Қазақстан серіктестігінің маңызды көрінісі ретінде Францияның алғашқылардың бірі болып бас комиссар тағайындап, «Астана ЭКСПО-2017» көрмесінде аумағы ең үлкен және мазмұнды павильондардың бірін құрғанын айтуға болады

Өз тарапымыздан Өскемен титан-магний комбинаты (ӨТМК) және «Обер&Дюваль» компаниясы мен «Эйрбас» концернінің арасындағы қазақстандық титаннан жоғары технологиялық өнім өндірісін екіжақты ынтымақтастықтың ерекше үлгісі деп санаймыз. ӨТМК мен «Обер&Дюваль» Францияның Овернь провинциясында титан құймалары мен қорытпаларын өңдеумен айналысатын «УКАД» бірлескен кәсіпорнын құрды. Бұл бірлескен жобаның ерекше мәні, бір жағынан еуропалық әуе компанияларды қажетті қазақстандық өніммен қамтамасыз етсе, екінші жағынан «Эйр Астана» компаниясына отандық титаннан жасалған «Эйрбас» ұшақтарын пайдалануға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, Өскемен титан-магний комбинаты француз тарапымен бірлесіп 2017 жылы «Эко Титаниум» атты Еуропадағы плазмалық балқыту әдісімен титан құймаларын өндіретін Еуропадағы алғашқы зауытты іске қосты [216]. Бұл жобаның Франция және жалпы Еуропа үшін стратегиялық маңызы зор, себебі аэроғарыш саласында жоғары технологиялық өнімді шығаруға қажетті стратегиялық шикізатты импорттаудан тәуелсіз етеді.

Экономикалық дипломатия аясындағы тағы да табысты жобаның мысалы ретінде Нұр-Сұлтанда «Альстом» компаниясының локомотив шығаратын бірлескен кәсіпорнын да айтуға болады. Бүгінгі таңда оның өнімі Қазақстанның қажеттілігін өтеп қана қоймай, көрші елдерге де шығарыла бастады. Мысалы, Қазақстанда шығарылатын электровоздар Әзербайжан нарығына экспортқа жіберіле бастады [217].

Сонымен қатар екі ел арасындағы іскерлік қатынастарды жеңілдетуге атсалысқан Нұр-Сұлтан мен Париж арасына қатынайтын тікелей әуе бағытының ашылуын да айта кетейік. Сондай-ақ, Қазақстан тарапынан Франция азаматтарына қысқа мерзімді сапарлары үшін визасыз тәртіптің енгізілуі (30 күнге дейін) және 2019 жылы Алматыдағы визалық орталыққа қосымша Нұр-Сұлтан қаласында француз елшілігінде қосымша визалық бөлімнің ашылуы да бизнес байланыстардың және жалпы сауда-экономикалық қатынастардың дамуына өз септігін тигізіп отыр.

Франция экономикалық дипломатиясының Қазақстанда қолданып отырған «жұмсақ» күш құралдары туралы да сөз қозғайтын болсақ, Париж «жұмсақ» күшті «Альянс Франсез» филиалдары желісі (Алматы, Астана, Шымкент, Қарағанды, Өскемен) арқылы жүзеге асырып отыр. Олар француз тілі мен ғылымын ілгерілетумен бірге, білім және ғылым саласындағы ынтымақтастықты дамытумен айналысады. Осы ретте, Орталық Азия

мемлекеттері арасында тек Қазақстанда, атап айтқанда Алматы қаласында атақты Сорбонна университетінің филиалының, Астанада Шарль де Голль-Мирас халықаралық француз мектебінің ашылуын айтуға болады.

Сонымен қатар, Қазақстанның бірқатар жоғары оқу орнында қос диплом беретін бірлескен білім беру бағдарламалары да жүзеге асырылуда. Мысалы, ғылыми зерттеулер саласында Лотарингия университеті мен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУарасында құрылған «Гео-Энергетика» ғылым-білім орталығы жұмыс істейді.

2018 жылы А.Құнанбайұлы мен Ж.Вернге арналған Қазақстан-француз бірлескен бастамасы іске қосылды, ол арқылы қазақстандықтарға магистратура мен докторантура бағдарламалары бойынша Францияда білім алу үшін 100 шәкіртақы бөлінді [218]. Оған қоса қазақстандықтар үшін «Make our planet great again» атты Парижде өткен Климат келісімінің тақырыбына байланысты бағдарлама да іске қосылды. Бұл жоба магистранттарға экология мен климатты зерттеу мәселелері бойынша Францияда оқуларын жалғастыруға мүмкіндік береді.

Мәдениетті экономикалық дипломатияның құралы түрінде қолданудың үлгісі ретінде Франция елшілігі ұйымдастыратын жаһандық даму жөніндегі өзекті мәселелерді талқылауға арналған «Идеялар түні» деп аталатын жобаны келтіруге болады [219]. «Идеялар түні» Қазақстанда француз және қазақстандық интеллектуалдардың қатысуымен төрт рет (2016 ж., 2017 ж., 2018 ж., 2019 ж.) Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларында өтті.

Қазақстан тарапынан ерекше айта кететін жайт, Париж қаласында жеке бастамамен «Қорқыт» білім беру-мәдени орталығы құрылды, оның қызметіне Қазақстан елшілігі қолдау көрсетіп отыр [220].

Келешек контекстінде Францияның Қазақстанмен ынтымақтастықты әрі қарай дамытуға қызығушылығын Қазақстан-француз іскерлік ынтымақтастығының тең төрағасы И.Л.Даррикарер былайша түсіндірді: «Француз компанияларының сіздің елге деген қызығушылығы төмендемейді. Конъюктураның не екенін, жағымды және жағымсыз кезеңдер болып тұратынын ескеру қажет. Қазақстан экономикалық конъюктураның қиын кезеңдерін басынан өткерді. Мен «Тоталь» компаниясының президенті ретінде мұнай бағасының төмендегенін айтып отырмын, алайда француз компанияларының Қазақстанға қызығушылығы азаймай, керісінше, артып отыр» [221].

Қазақстандық тараптың ойын М.Шибутов еліміздің экономикасының көптеген салаларына қаржы салып, бірқатар маңызды технологияларды ішінара беріп отырған Франция Қазақстан үшін барынша өркениетті және бірегей инвестор деп түйіндейді [222].


Жоғарыда айтылғандай, Қазақстан Францияның экспорттық тұрғыда басымдық танытқан 47 мемлекеттің қатарына енді. Бұл Париждің біздің елімізге стратегиялық бағыт ретінде баса назар аударып отырғанын растайды. Қазақстан нарығына француз экспортын шығару үшін басымдық ретінде «Дұрыс тамақтану» («Mieux se nourrir») тобына жататын тауарлар анықталды,

бұларға негізінен агроөндірістік және ауыл шаруашылығының өнімдері жатады.

Өз кезегінде Франция Қазақстанның Ұлттық инвестициялық және Экспорттық стратегияларының инвестицияларды тарту мен экспортты ілгерілету саласында басымдық берілген 20 мемлекеттің арасынан табылады. Сондай-ақ, Бесінші Республика Қазақстан тарапынан арнайы инвестициялық кеңесшілер жіберілген әлемдегі 10 мемлекеттің бірі (Германия, Франция, ҚХР, Ұлыбритания, Оңтүстік Корея, Жапония, АҚШ, Италия, Иран, Үндістан) және «ҚазақИнвест» компаниясының ресми өкілі жұмыс істейтін ел болып отыр.

Тұтастай алғанда, Қазақстан Республикасы үшін жоғары технологиялық жобаларды жүзеге асыру ісінде Франциямен ынтымақтастықтың айтарлықтай әлеуеті бар. Осы ретте «Астана» халықаралық қаржы орталығы, «Жасыл» технологияларды дамыту орталығы, IT стартаптардың халықаралық паркі, сондай-ақ «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы жаңа мүмкіндіктер ашады.

Екі ел арасындағы орасан перспективаларды көрсете отыра, сонымен қатар, Қазақстан-француз сауда-экономикалық ынтымақтастығын тежейтін мәселелердің бар екендігін ескерген жөн. Олардың арасында француз тарапы үшін ең басты және маңыздысы – екіжақты сауда айналымындағы *сальдоның теріс көрсеткіші* [205]. Францияның сауда балансының 2008 және 2018 жылдар аралығында өзгеруі сурет 9 көрсетілген.



Сурет 9 - 2008-2018 жылдары Францияның сауда балансының эволюциясы, млн. еуро

Ескерту – ФР Сыртқы істер министрлігінің сайтынан алынды [205]

Қазақстан мен Франция арасындағы сауда балансының тапшылығы 2008 жылдан бері тұрақты сипатқа ие болып, Францияның сыртқы саудасына нұқсан келтіріп отыр. Бұл негізінен Қазақстаннан мұнай және мұнай өнімдерін

үлкен көлемде әкелумен байланысты. Салыстырмалы түрде қарасақ, Қазақстан үшін Франциямен сауда балансының сипаты *жағымды* (профицит 3,1 млрд. долл), себебі оның негізгі кірісін көмірсутегінің экспорты құрайды.

Аталған мәселені француз үкіметі бір жағынан Қазақстаннан импорттың құрылымында мұнай мен көмірсутегінің үлесін қысқарту және энергоресурстардың жеткізу көздерін әртараптандыру (Ресей, Нигерия, Алжир, Сауд Арабия) есебінен, ал екінші жағынан өзінің тауарлық экспортын өрістету арқылы шешуге күш жұмсап отыр. Осы уақытқа дейін Қазақстан Париждің Ресей мен Сауда Арабиясынан кейінгі мұнай шикізатының үшінші жеткізушісі болды.

Екіжақты ынтымақтастыққа кедергі болып отырған мәселелердің қатарына француз тарапы қазақстандық әкімшілік-мемлекеттік органдардағы бюрократизм, іскерлік виза мен жұмысқа рұқсат алу, зияткерлік меншік, экологиялық заңнама, құқық қорғау мәселелерін жатқызады [223].

Ф.Марк Францияда Қазақстанның экономикалық мүмкіндіктерін насихаттау жұмысы барысындағы қиындықтардың біріне тоқтала келіп, «көптеген француз бизнесмендерінің Қазақстанды мұнай немесе газ ресурстарына ғана ие мемлекет ретінде көреді. Олардың көзқарастарын өзгерту, яғни Қазақстанды әлдеқайда әртараптанған экономикасы бар ел ретінде көрсету, бұл қиындықтардың бірі» деген пікір білдірді [213].

Қазақстан тарапы үшін француз бағытында және басқа елдермен екіжақты саудадағы негізгі қиындық – экспорт құрылымының «тарлығы» немесе оның төмен дәрежедегі түрленуі. Франция сияқты мемлекеттерге шығарылатын экспорт негізінен шикізаттық сипатта болып отырғаны жоғарыда айтылды. Бұл мәселе екіжақты саудаға және тұтастай алғанда Қазақстан экономикасына теріс әсер етуге ықтимал тәуекелдердің болашақта пайда болуына әкеліп соқтыруы мүмкін.

Осыған байланысты Қазақстан үшін Ұлттық экспорттық стратегия шеңберінде француз нарығына *«перспективалық экспорттық қоржындағы»* өнімдерді шығаруға күш-жігерді шоғырландыру маңызды. Аталған қоржынға металлургия, ауыл шаруашылығы және тамақ өнеркәсібі, химия өнеркәсібі, жеңіл өнеркәсіп, машина жасау, қара, түсті және қымбат металдар, құрылыс материалдары өндірісі, ағаш өңдеу өнеркәсібі өнімдері кіреді [224].

Сондай-ақ, қазақстандық әскери-қорғаныс өнеркәсіп саласында «Эйрбас» және «Талес» француз топтарының қатысуымен құрылған үш бірлескен кәсіпорынның экспорттық әлеуетін атап өту маңызды. Олар - «Талес Инжиниринг Қазақстан» (радиобайланыс құралдары), «Еврокоптер Қазақстан Инжиниринг» (ЕС-145 Н125, Н130, тікұшақтары) және «Қазақстандық авиациялық индустрия» (Эйрбас С295 және басқа ұшақтарға қызмет көрсету бойынша Авиациялық-техникалық орталығы). Аталған кәсіпорындардың әлемге белгілі француз брендтерінің көмегімен қазақстандық өнімді халықаралық нарыққа шығаруға жақсы мүмкіндіктері бар [224].

Жалпы Қазақстан-француз ынтымақтастығының жетістіктерін түйіндей келе, қазақстандық дипломатия француз бағытында екі елеулі жетістікке қол жеткізгендігін атап өту абзал.

Біріншіден, сақ әрі тарихи салқындықпен қимылдайтын консервативті француз кәсіпкері қазақстандық нарықтың қауіпсіздігіне және даму әлеуеті зор екендігіне сендірілді [198, с.258]. Екіншіден, өзара мүдделерді ескеру арқылы Парижбен ынтымақтастық бұрын-соңды болмаған стратегиялық деңгейге шығарылды [225].

Біздің пайымымыз бойынша, жалпы саяси фактор, яғни Қазақстанның халықаралық беделі және екі мемлекеттің көптеген әлемдік өзекті мәселелер бойынша ұстанымдары мен көзқарастарының жақындығы экономикалық жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік беріп келеді. Осы тұста Қазақстан-француз қарым-қатынасының стратегиялық сипаты қазақстандық дипломатияның 2014 жылы Ресей мен Франция арасындағы бітімгершіліктің сәтті атқарылуына септігін тигізгенін баса айтуға болады. Сол кезеңде Қазақстан тарапы Ф.Олланд пен В.Путин арасындағы келіссөздерде «сенім көпірі» бола алды [225].

Сонымен, Қазақстан-француз ынтымақтастығының стратегиялық сипаты мен қарқыны өзара тиімді әрекетті өрістетудің және экономикалық дипломатия тетіктерін ұтымды қолданудың жақсы үлгісін көрсетіп отыр [226] Бұл тезисті қосымша растау үшін Қазақстан мен Франция арасында 2012 жылдан бері экономикалық дипломатия саласында қол жеткізілген мынадай нақты нәтижелерді атап көрсеткен жөн:

Біріншіден, Қазақстан экономикасына француз тарапынан салынған инвестициялар көлемі 5,8 млрд.долларға артты (10,8 млрд. доллардан 16,6 млрд. долларға өсті).

Екіншіден, француз капиталының қатысуымен машина жасау, металлургия, фармацевтика, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, космос, баламалы энергетика, газохимия, ұсақ және көтерме сауда салаларында 7 жоба іске қосылды және 9 жоба жүзеге асырылуда.

Үшіншіден, Қазақстан мен Франция арасындағы сауда көлемі ұлғайып, жалпы 25,3 млрд.евродан (2008-2012 жж. аралығында 23,2 млрд. құрады) асты.

Төртіншіден, екіжақты сауда айналымындағы сальдоның теріс көрсеткіші француз тарапы үшін (4,6 млрд. еуродан 2,6 млрд. еуроға) едәуір қысқарды.

Бесіншіден, Қазақстанда жұмыс істейтін француз компанияларының саны 1,6 есе артты (100 компаниядан 160 компанияға дейін).

3.3 Француз Республикасының экономикалық дипломатия тәжірибесін Қазақстан Республикасында қолдану нысаналығы

Бүгінгі таңдағы жаһандану жағдайында қандай да бір мемлекет үшін саяси және дипломатиялық қолдау көрсету, сыртқы нарықтарға шығу, компаниялардың жағдайын жақсарту үшін көптеген сауда-саяси шаралар, қаржылық, ресурстық және басқа да ықпал құралдарын белсенді және

«ақылды» түрде қолдана отырып, халықаралық серіктестерге мақсатты әсер ету ісінде экономикалық дипломатия ерекше мәнге ие болуда [227]. Ол екіжақты, көп жақты немесе өңірлік дипломатия сияқты әдістерді тиімді пайдалану арқылы мемлекеттің халықаралық бәсекеге қабілеттілігін нығайту, әлемдік нарықтағы артықшылықтарға қол жеткізу барысында маңызды рөл атқарады .

Экономикалық дипломатия өзінің құралдары мен мүмкіндіктерінің кең ауқымымен елдерге халықаралық ұйымдарға толыққанды қатысуға және өздерінің ұлттық экономикалық мүдделерін алға жылжытуға жағдай жасайды.

Сонымен қатар, экономикалық дипломатия мемлекеттерге ұлттық экономиканың тиімділігі мен даму қарқынын ұстап тұруға көмектеседі. Бұл мемлекеттің өзінің экономикалық мәселелерін шешу қабілетінен елдің әлемдік қоғамдастыққа тартылу дәрежесі тәуелді екенін білдіреді.

Қазақстан Республикасы үшін экономикалық дипломатияны ілгерілету қажеттілігі қандай да бір бірегей құбылыс емес [228]. Бұл әлемнің жетекші және көптеген дамыған немесе дамып келе жатқан елдері үшін де заман талабына сәйкес дәйектілікпен жүргізіліп отырған ортақ процесс.

Осы ретте алғашқы параграфтарда жүргізілген талдау бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы да экономикалық дипломатиясының институционалдық іргетасы қаланып, негізгі басымдықтары айқындалып, заманауи құралдар мен тетіктерді қолданысқа енгізіп отырғанын көрсетті.

Атап айтқанда, экономикалық дипломатия аясында инвестицияларды тарту және экспортты ілгерілету басымдықтары бойынша жұмыстар үкімет деңгейінде тиісті экожүйені қалыптастыру арқылы жүргізіліп отыр. Бұл жерде негізгі мақсат - мемлекеттік органдар, ұлттық компаниялар мен жергілікті атқарушы органдардың бір-бірімен үйлесімді түрде әрекеттесуін қамтамасыз ету. Осы орайда Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 13 тамыздағы №585 Қаулысына сәйкес инвесторлар үшін «бір терезені» ұйымдастыру қағидалары, сондай-ақ инвесторлар тарту кезінде өзара іс-әрекет жасау тәртібі бекітілгенін атап өтсек болады.

Дегенмен, әлемдік саясат пен экономикадағы процестерді және ішкі дамудың талаптарын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының экономикалық дипломатиясы институционалды жүйені орнықтыру және оның ойыншыларының өзара әрекетін үйлестіру, құралдар мен тетіктерді оңтайландыру тұрғысында үздік әлемдік тәжірибе негізінде алдағы уақытта жетілдірілуі тиіс.

XXI ғасырдың басында жалпы әлемде және Еуропа елдерінде (Франция, Германия, Испания, Италия, Нидерландтар, т.б.) Сыртқы істер министрліктерінің экспорттық өнімді сыртқы нарыққа шығару және шетелдік инвестицияларды тарту шараларын әзірлеуге, сондай-ақ оны іске асыруға қатысымын күшейту практикасы кеңінен етек ала бастады. Бұл үрдіс кейбір дипломатиялық ведомстволардың орталық аппаратында да, шетелдік желісінде де жұмыстарына өзгерістер енгізуге итермелейді.

Франция Республикасының экономикалық дипломатиясын реформалау тәжірибесі осы саладағы негізгілердің бірі болып табылады. Бұл елдің

экономикалық қызметке дипломатиялық қолдау көрсету тәжірибесінің бай дәстүрі бар. Оның практикалық тәжірибесі, алдыңғы тарауларда көрсетілгендей, Г.Каррон де ла Каррьер, Л.Фабиус, Л.Бадель, С. Жаннесон сияқты француз авторларының теориялық еңбектерінде көрініс тапты.

Жалпы тарихқа үңілсек, француз дипломатиясы әрқашан өзінің жоғары кәсібилігі мен икемділік қабілетін көрсетіп, дипломатияның мүмкіндіктерін халықаралық аренада өзінің ықпалын арттыру үшін шебер пайдаланып жүрді. Француз дипломатиясының тарихында ол заманның жаңа талаптарына бейімделіп, сыртқы саясаттағы сәтсіздіктердің жағымсыз салдарын азайту немесе қол жеткізген табысты дамыту үшін өзінің бағытын күрт өзгерткен мысалдары да баршылық.

Объективті себептерге байланысты Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Франция әлемдегі саяси, экономикалық, әскери және мәдени ықпалынан ішінара айырылды. Жаңа әлемдік тәртіп жағдайында Парижге дәстүрлі қатаң қысым жасау әдістеріне сүйене отырып, өзінің сыртқы саяси мақсаттары мен міндеттерін іске асыру қиындыққа түсті. Француз дипломатиясы үлкен экономикалық және әскери әлеуеті бар басқа мемлекеттер пайда бола бастаған кезде әлемдік саясаттағы рөлдерді қайта бөлуге бейімделуге де мәжбүр болды.

Қазіргі таңда Француз Республикасы елдің қоры шектеулі жағдайында экономикалық дипломатияны заман талаптарына сай табысты жүзеге асыруға болатынын көрсетеді. Дипломатияның дәл осы сегментіне зор ден қою арқылы Париж әлемдегі саяси және экономикалық көшбасшылардың бірі ретінде өз мәртебесін сақтап қалып отыр. Осы ретте, ХХІ ғасырдың басында француз дипломатиясы заманауи ахуалға жоғары деңгейде бейімделу қабілетін тағы бір рет көрсетті деп сеніммен айтуға болады.

Францияның қазіргі заманғы экономикалық дипломатиясы қарапайым сауда қатынастарынан бастап, көп ғасырлық даму жолынан өтті. Оның эволюциясы әрбір тарихи кезеңде бірқатар ішкі және сыртқы факторлармен айқындалған өзіндік бірегей ерекшеліктерін сақтай отырып, саясат пен экономика салаларындағы әлемдік үрдістермен үйлесімді болып отырды. Нәтижесінде француз экономикалық дипломатиясы өзіндік ерекшеліктерге де, жалпы әлемдік даму процесімен жымдасатын ортақ белгілерге де ие болды.

Мысалы, 1990 жылдары Франция әлемде экспортқа арналған мемлекеттік мамандырылған агенттік құрған елдердің бірі болды. Сонымен қатар, Франция дипломатиялық жүйесі жағынан әлемде үшінші орын алуымен қоса, шамамен 83 елде 113 сауда-өнеркәсіп палаталарын орналастырып (СӨП), әлемнің түкпір-түкпірінде өзінің саяси және экономикалық мүдделерін қорғауды қамтамасыз ете алды.

Негізінде ХХ ғасырдың екінші онжылдығына дейін француз дипломатиялық ведомствосы бірыңғай сыртқы экономикалық саясатты жүргізуге жауапты мемлекеттік орган ретінде жетекші рөл атқарды. Кейінірек экономикалық блок ведомстволарының күшеюіне байланысты Сыртқы істер министрлігі өзінің дипломатиялық өкілдіктері желісімен бірге экономикалық дипломатияның басты акторларының бірі болып қалды.

XXI ғасырдың тоғысындағы экономикалық және саяси түйткілдерге нақты жауап ретінде Бесінші Республика сыртқы саясаттың экономикалық құрамдас бөлігін күшейтуде теңдессіз шаралар қабылдады. Мемлекеттік органдардың тиімді қатысуымен француз өңірлерінің мүдделерін басшылыққа ала отырып, экспортты қолдау және шетелдік инвестицияларды тарту тетіктерін ұтымды жүргізуде нақты шаралар жүзеге асырылды.

2012 жылдан бастап жүргізілген реформаның нәтижесінде экономика және қаржы министрлігімен ұзақ уақытқа жалғасқан «өзара бақталастықты» жеңіп шыққан Сыртқы істер министрлігі экономикалық дипломатия жүйесінде жетекші және үйлестіруші рөлге қайтадан ие болды.

Ерекше атап өтетін болсақ, бұрындары (2012 жылға дейін) билік пен жауапкершілікті бөлуге негізделген ведомствоаралық ынтымақтастық қағидатын ұстана отырып, экономика және қаржы министрлігінің Бесінші Республика тарихында экономикалық дипломатияға қатысты мәселелерді шешудегі беделі абсолютті және ешқандай дау тудырмайтындай дәрежеде болды. Осы орайда, Сыртқы істер министрлігінің құзыретіне экономикалық дипломатияның көшуі Францияның сыртқы саясат пен экономика саласындағы жүйелік қайта құру тұрғысында өте маңызды құбылыс болып саналады.

Л. Бадельдің айтуынша, бұл елдің экономикалық дипломатиясының бірегейлігі оның «егемен» (*régalienne*) және сауда (*commerciale*) функцияларын бірлесіп атқаруында жатыр. Француз саяси практикасында егемендік функциялар деп «биік дипломатия» (қауіпсіздік, қорғаныс, сыртқы саясат), яғни мемлекет басшысының (бұрындары француз корольдерінің) ерекше құзыретіне кіретін салалар түсіндіріледі, ал сауда функциялары ретінде «төмен дипломатия» немесе кәсіпорындарға сыртқы нарықтарға шығуға қолдау көрсету қызметі саналады.

Зерттеу аясында жүргізілген талдаудың негізінде Францияның заманауи экономикалық дипломатиясының ерекшеліктерін төмендегідей түйіндеуге болады:

Бірінші – экономикалық дипломатия саласында Сыртқы істер министрлігі жетекші рөл атқаратын модель орнатылды.

СІМ жақсы дамыған заманауи құралдар жиынтығына ие болды. Оның қарамағына әлемде үшінші орын алатын орталық аппараттағы және шетелдік мекемелердегі дипломатиялық персонал (18 мыңнан астам адам), инвестицияларды тарту мен экспортты қолдау жөніндегі «Бизнес Франс» (70 елдегі 1000 маман және ел ішіндегі 500), туризмді дамыту жөніндегі «Ату Франс» (32 елдегі 400 маман), халықаралық техникалық сараптама жүргізетін «Экспертиз Франс» (80 елдегі 10 000 маман) тұрпатындағы мемлекеттік операторлар, экономикалық дипломатия жөніндегі министрдің арнайы өкілдері (14 адам), Аймақтық елшілер (7 адам), экспорттық «Федераторлар» (7 адам); Сыртқы сауда бойынша кеңесшілер (4000 адам); елшіліктердегі мамандырылған Экономикалық кеңесшілер корпусы (112 мемлекетте 723 кеңесші) кіреді.

Екінші – экономикалық дипломатияның жаңашыл тәсіл-әдістері мен құралдары қолданысқа енгізілді. Инклюзивтік тәсіл арқылы жұмысқа барлық қолжетімді ресурстар мен ойыншылар (мемлекеттік органдардан басқа), соның ішінде халықаралық сауда, экспорт, кәсіпкерлікті қолдау, өнеркәсіп, патронаттық және өңірлік қауымдастықтар, жекеменшік компаниялар мен құрылымдар тартылды.

Салалық, географиялық, «ұжымдық» тәсілдер Сыртқы істер министрінің арнайы өкілдері, «Федераторлар», «Аймақтық елшілер» сияқты құралдардың іс-әрекетінде көрініс тапты. Салалық тұрғыда экспорттық өнімнің басым түрлері экспорттық «тұқымдастарға» біріктірілді.

Географиялық тұрғыдан дәстүрлі аймақтарға (француз тілді Африка, Таяу Шығыс, БРИКС) ағылшын тілді Африка (Нигерия, Эфиопия, Кения, Танзания, Мозамбик, Ангола), Азияның Оңтүстік Шығысы (Камбоджа, Лаос, Вьетнам), Оңтүстік Америка (Бразилия), Орталық Азия (Қазақстан) сияқты жаңадан дамушы өңірлер қосылды.

Үшінші – бірыңғай «Бизнес Франс» мемлекеттік операторын құру мен ойыншылардың санын қысқарту арқылы экспортты ынталандыру және инвестицияларды тартудың мемлекеттік тетігі оңтайландырылды. Мемлекеттің инвестицияларды тарту мен экспортты жылжытудағы атқарушы құзыреті мамандырылған операторға берілді.

Төртінші – экономикалық дипломатияның тиімділігін арттыру ісіне француз ықпалының «Ақылды күші» (инвестициялар салу, сауда келісімдер, дамуға көмек, білім, мәдениет, стипендиялар, ғылыми ынтымақтастық, визалық саясат, гастрономия және басқалар) жұмылдырылды.

Бесінші - мемлекеттік-жекеменшік серіктестік шеңберінде жеке акторлармен және бизнеспен өзара әрекеттің жаңа формалары енгізілді.

Ел аймақтарында «Бірыңғай терезе» принципі бойынша жұмысқа мемлекеттік емес актор Сауда-өнеркәсіп палаталары тартылды, кейбір шет елдерде оларға «Бизнес Франстың» өкілеттіктері берілді. Кәсіпкерлерді барлық кезеңдерде ақпараттық сүйемелдеуге арналған сандық технологиялар құралдары іске қосылды.

Шетелге сапарлары барысында президентпен мен сыртқы істер министріне еріп жүретін делегацияның құрамына үлкен компаниялардың басшыларымен қатар шағын және орта бизнес өкілдері кірді. Олардың назарына жоғары деңгейдегі жоспарланған сапарлардан хабардар болып отыруға мүмкіндік беретін «интерактивті карта» ұсынылды.

Алтыншы - экономикалық дипломатияның өңірлік құраушысы күшейтілді. «Бизнес Франстың» экспортты қолдау бөлігіндегі қызметі шет елдерден ел өңірлеріне ішінара бағытталды. Бірқатар елдердегі агенттіктің бөлімшелері жабылды.

Жетінші - екіжақты байланыстарды «неоөкіжақты» тәсіл арқылы қарқынды жүргізумен қатар көпжақты бірлестіктер мен келісімдер аясындағы ықпалдастыққа ерекше көңіл бөлінді. Еуропалық Одақ, ЭЫДҰ, ДСҰ, «Үлкен жетілік» және «Үлкен жиырмалық» сынды ұйымдар мен бейресми форумдар

аясындағы келіссөздерде елдің «қорғаныстық» және «шабуылдық» мүдделерін есепке алу қағидаты басшылыққа алынды.

Сегізінші - дипломатиялық қызмет қолданылатын жалпы тәсілдер, кадрларды іріктеу және даярлау бөлігінде «экономикаландырылды». Сыртқы істер министрлігінде экономикалық дипломатия жөнінде арнайы дирекция (ЭДД) құрылды.

Елшілердің рөлі мен жауапкершілігі артты, дипломаттарды дайындау мен қайта даярлауға қатысты талаптар күшейтілді. Елшілер өздері отырған елдерінде «*Француз құрама командаларына*» (*Équipe de France*) басшылық ететін болды.

Дипломатиялық қызметкерлердің жалпы жұмысындағы экономикалық мәселелердің үлесі артты. Сонымен қатар олардың жұмысында корпоративті секторға (тәсілдер мен шығындарды салыстыру, қаржылық талдау) тән тәсілдер мен әдістер енгізілді.

Осылайша, Франция экономикалық дипломатиясының қазіргі үлгісі тәсілдер мен құралдардың, сондай-ақ ойыншылардың түрлілігімен және ұлттық экономиканың қажеттіліктерін есепке ала отырып, басымдықтарды нақты анықтаумен және олар бойынша жүйелі түрде іс-әрекет жүргізумен ерекшеленеді.

Зерттеу жұмыста қарастырылған Францияның экономикалық дипломатия саласындағы іс-әрекеті сыртқы саудада экспорттың үлесін арттыру, елдің инвестициялық және туристік тартымдылығын күшейту бойынша қол жеткізген нәтижелері айтарлықтай қысқа мерзім ішінде ұлттық экономикадағы проблемалардың тұтастай шешілуіне әкелмесе де, олардың әл-ауқаты мен тиімді іске асыру қабілеттілігін дәлелдейді. Экономикалық дипломатияның француздық үлгісі халықаралық аренадағы экономикалық-саяси ұстанымын нығайтқысы және өзінің ұлттық өнімін әлем нарығына шығарғысы келетін өзге мемлекеттерге ішінара тиімді деген тұжырым жасауға болады.

Осы контексте Француз Республикасының тамыры ғасырларға кететін экономикалық дипломатиясы мен ширек ғасырдан астам уақытта тәуелсіз дамып келе жатқан Қазақстан Республикасының экономикалық дипломатия нысандарын мүмкіндігінше салыстыру арқылы олардың айырмашылықтары немесе ұқсастықтарын анықтау маңызды деп санаймыз.

Компаративті талдауға кіріспес бұрын диссертацияның тақырыбы ретінде Бесінші Республиканың экономикалық дипломатиясының үлгісін таңдауға түрткі болған факторларды ерекше атап көрсеткен абзал. Оларға Қазақстанға да, Францияға да ортақ болып келетін төмендегі элементтерді жатқызуға болады:

- екі елдің мемлекеттік-әкімшілік құрылымдары мен басқару жүйелерінің белгілі бір жақындығы (унитарлық мемлекеттер, әкімшілік қағидат бойынша орталық және өңірлер тұрады). Мысалы, Қазақстан Республикасының 1995 жылы 30 тамызда жалпыхалықтық референдумда қабылданған Ата Заңын әзірлеу барысында оған үлгі ретінде күшті президенттік басқару жүйесін таңдаған Бесінші Республиканың 1958 жылғы конституциясы алынды;

- екі мемлекеттің де басшылары өз конституцияларына сәйкес сыртқы саясаттарының негізгі бағыттарын айқындайды және халықаралық аренада елдерінің атынан өкілдік етеді;

- көлемі мен құрылымы жағынан сәйкес келмейтіндіктеріне қарамастан, екі ел экономикаларының белгілі дәрежедегі ұқсастықтары - мемлекеттің экономикаға қатысу үлесі жоғары; ұлттық компанияларға стратегиялық секторларда (мұнай, атом, көлік салаларында) мемлекеттік қолдау көрсету; ірі компаниялардың дамуына басымдық беру; шағын және орта бизнестің экспорттық қызметінің жеткіліксіз дамығаны;

- экономикалардың бірін-бірі толықтыру әлеуеті: Қазақстанның ресурстық қор әлеуеті мен Францияның инновациялық және технологиялық мүмкіндіктері. Бұл фактор стратегиялық серіктестікке негізделген екіжақты жобаларды сәтті жүзеге асыруға мүмкіндік береді;

- экономика саласындағы мақсат, міндеттердің белгілі дәрежедегі конвергенциясы: шетелдік инвестицияларды тарту; экспорт құрылымын әртараптандыру; инновациялар мен стартаптарды дамыту және т.б.;

- мемлекеттік басқару жүйесінде орталықтандырылған шешім қабылдау принципі (мемлекеттің жетекші рөлі) басым;

- екі елдің де Еуропалық одақ және ЕАЭО сияқты интеграциялық ұйымдарда тең құрылтайшы рөлдері мен аймақтық ынтымақтастықты дамыту бойынша ұстанымдары;

- сыртқы саясатта экономикалық дипломатия қағидаттарын дәйекті түрде жүзеге асыру (Л. Фабиустың реформасы мен Қазақстан-2050 стратегиясы).

Қазақстан Республикасы мен Француз Республикасының экономикалық дипломатия үлгілерін салыстыруға оралсақ, екі елдің де экономикалық дипломатияларының бағыттары жалпы сәйкес келіп, мемлекеттердің тұрақты даму стратегияларында экономикалық мәселелердің рөлі зор екендігін білдіреді. Мұны олардың арасындағы басты ұқсастық деп санауға болады.

Франция Сыртқы істер министрлігі экономикалық дипломатия аясында өзіне инвестициялар, сыртқы сауда, туризм сияқты салалардағы өкілеттіктер берілгеннен бері аса жоғары белсенділік танытып келеді. Түбегейлі реформаланған жүйеде сыртқы істер ведомствосы басты құрауыш болып отыр. Ол сыртқы саяси және экономикалық саясатты іске асыру ісінде әрекет пен үйлестіру белсенділігі арқылы осы салада тактикалық және стратегиялық шешімдер қабылдауда басты рөлді атқаруға мүдделі.

ҚР Сыртқы істер министрлігі болса шикізат емес және өңделген өнімдердің экспортын дамыту бағытында қызметті үйлестіру жөніндегі өкілеттіктерінен айырылып, бұл мәселенің сыртқы аспектілерімен айналысумен шектеліп отыр. Инвестициялар тарту саласында да 2019 жылғы сәуірде АХҚО-ны Аймақтық инвестициялық хаб пен бірыңғай инвестициялық орталық ету және оған «ҚазақИнвест» компаниясын басқаруға беру жөнінде қабылданған шешімдер СІМ-нің рөлін біршама төмендетті деуге болады.

Осылайша, екі елдің сыртқы істер министрліктерінің инвестициялар тарту мен экспортты алға жылжыту салаларындағы дербес әрекет ету дәрежесін олардың арасындағы негізгі айырмашылыққа жатқызғанды жөн санаймыз.

Қазақстан мен Францияның экономикалық дипломатия саласындағы тағы бір ұқсастығы ретінде орталықтандырылған шешім қабылдау принципін, яғни мемлекеттің жетекші рөлін атап өткен маңызды. Бүгінгі таңда Франция Еуропа елдерінің арасында ең орталықтандырылған мемлекет болып табылады. Бұл осы елде күшті мемлекеттік билік дәстүрінің тарихи қалыптасқанын білдіреді. Қазақстанда да шешім қабылдау процесі орталықтандырылған, маңызды шешімдерді атқарушы билік қабылдайды.

Сонымен қатар, екі мемлекет те экономикалық дипломатияны жүзеге асыру кезінде дәстүрлі дипломатияның әдіс-тәсілдерімен бірге жаңашыл құралдарды қолдануға тырысып отыр, дегенмен оларды қолданысқа енгізу дәрежесі елдердің дипломатиясы мен жалпы мемлекеттердің мүмкіншіліктеріне байланысты болып отыр.

Сондай-ақ, Қазақстан мен Францияның инвестицияларды тарту және экспортты дамыту бағыттары бойынша жұмысты ұйымдастыру тәсілдері, атқарушы құрылымдар тұрғысынан айырмашылықтары бар екенін ескеру қажет. Француз дипломатиясының басынан өткізген реформасының мәні әрекет етуші акторлардың көптігімен, кейбір функциялардың қайталануымен және ведомствоаралық үйлестірудің жеткіліксіз деңгейімен сипатталған мемлекеттік жүйені жеңілдету мен оңтайландыруға бағытталса, қазақстандық экономикалық дипломатия практикасында керісінше үрдістер орын алуда. Бұған мысал ретінде 2019 жылдың көлемінде инвестицияларды тарту мен экспортты дамыту салаларындағы құзыреттердің сыртқы істер, сауда және интеграция, индустрия және инфрақұрылымдық даму министрліктері арасында орын алған өзгерістерді келтіруге болады.

Екі елдің мемлекет пен бизнес-қауымдастық арасындағы ықпалдастық деңгейін салыстырсақ, Францияда да, Қазақстанда да мемлекеттің рөлі күшті болғандықтан, ұлттық бизнес негізінен мемлекеттің қамқорлығы мен көмегіне сүйенуді қалайды. Бұл жағдай бизнеске мемлекет тарапынан қолдау көрсету тетіктерінің мықты болуын талап етеді.

Сонымен бірге Қазақстан мен Францияның өздерінің сыртқы экономикалық стратегияларын жүзеге асыру барысында экономикалық тұрғыдан ортақ болып келетін мақсаттары да бар. Олар экономикаларының бәсекеге қабілеттілігі мен халықтарының әл-ауқатын арттыруға бағытталады. Басқаша айтсақ, Франция Қазақстанның шикізат қорына (мұнай, уран) қол жеткізу үшін қазақстандық нарықты өз мүдделеріне икемдеуге тырысса, Қазақстан Францияның көмегімен өз кезегінде экономикасын шикізаттық бағыттан арылтып, бәсекеге қабілетті өндіріс құру мақсатын жүзеге асыруды көздейді.

Қазақстан мен Бесінші Республиканың экономикалық дипломатияларының ерекшеліктері мен айырмашылықтарын жалпылама түрде анықтау барысында бір ғасырдан аса тарихы бар француз үлгісінің, жаңадан

қалыптасып келе жатқан Қазақстан нұсқасының бір-біріне қарама-қайшы келмейтінін атап көрсету қажет.

Зерттеудің бірінші тарауында сөз болған әлемдегі қалыптасқан институционалдық үлгілердің жіктелуі тұрғысында қарайтын болсақ, француз моделі экономикалық дипломатияны жүргізуде басты үйлестіруші функцияны сыртқы істер министрлігі атқаратын бірінші нұсқаға келіп тіреледі. Мұндай үлгіні әлемде Жапония, Канада, Австралия, Нидерланд, Бельгия, Мажарстан, Финляндия, Дания, Исландия, Ирландия, Жаңа Зеландия және тағы басқа индустриалды дамыған елдер де ұстанады. Ал Қазақстанның экономикалық дипломатиясын сыртқы істер және экономикалық блок министрліктері біркелкі деңгейде қызмет атқаратын үшінші нұсқаға сәйкес келеді деуге болады.

Дегенмен бұл классификация шартты болып табылады, себебі тәжірибеде аталған институционалдық үлгілер таза күйде сирек кездеседі. Мемлекеттердің көпшілігінде әр елдің өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, аралас немесе әртүрлі дәрежедегі элементтердің қиыстырылған нұсқасы қолданылады.

Осылайша, біз Қазақстан мен Францияның экономикалық дипломатия эволюциялары өздерінің ішкі шаруашылық қызметтері мен саясатында қол жеткізген жетістіктерінің көрінісі болып табылады деген тұжырым жасаймыз. Осылай дей тұра, Қазақстан Республикасының қалыптасып келе жатқан экономикалық дипломатиясы Францияның айтарлықтай ұзақ тарихы бар озық тәжірибесін ішінара қолданғаннан тек жетістікке жетеді деп есептейміз.

Сонымен қатар, француз экономикалық дипломатиясының қайта құру үрдісі әлі аяқталмағанын ескерткеніміз жөн. Бұл жерде сыртқы саяси ведомстваға сыртқы сауда функциясына қатысты өкілеттіктер толықтай өтпегенін және оның екі факторға тәуелді екенін атап өткен абзал. Біріншісі, ғасыр бойы қалыптасқан институционалдық жүйені «күрт жоюды» болдырмау болса екіншісі - мемлекеттік бюджеттің мүмкіндіктерінің байланысты болып отыр.

Нақтылап айтсақ, сыртқы сауда және туризм саласындағы құзыреттер Сыртқы істер министрлігіне берілсе де, осы мәселелермен күнделікті айналысатын құрылымдық бөлімшелер экономика және қаржы министрлігінің қарамағында қалып қойды. Сондай-ақ, соңғысының еншісінде (Қазынашылықта) елшіліктердің экономикалық бөлімдерде жұмыс істейтін мамандандырылған Экономикалық кеңесшілер корпусы да қалып отыр. Сарапшылардың пайымы бойынша, алдағы уақытта СІМ-нің рөлін нығайту мақсатында келесі логикалық қадам Қазынашылықтан экономикалық кеңесшілер институтының сыртқы саяси ведомствоның қарамағына толықтай өтуі тиіс [229].

Осылай дей тұра, француз билігінің саяси күш-қуаты мен ерік-жігері реформаның сәтті аяқталуының кепілі болып көрінеді. Біздің ойымызша, осы өзгерістерге мүдделі барлық акторлардың ұстанымдарын түбегейлі ескеру экономикалық дипломатияны әрі қарай жүзеге асыру барысындағы маңызды факторы болмақ.

Жүргізілген зерттеудің негізінде экономикалық дипломатияны проактивті түрде жүзеге асыру қағидатының француздық үлгісін халықаралық аренадағы экономикалық-саяси ұстанымын нығайтқысы келетін және өзінің ұлттық өнімін әлем нарығына шығарғысы келетін өзге мемлекеттер де ішінара қолдана алады деген тұжырым расталды. Қазақстан Республикасы да осындай мемлекеттер қатарына жатады.

Зерттеудің *Үшінші тарауын* қорытындылай келе, экономикалық дипломатия Қазақстан Республикасы үшін даму қарқынын, әлемдегі жетекші елдермен, көрші мемлекеттермен өзара тиімді және қауіпсіз қарым-қатынасын дамытуға, халықаралық ұйымдармен, интеграциялық бірлестіктермен тұрақты байланыстарды нығайтуға арналған сыртқы саяси құралдар жиынтығында ұтымды элемент ретінде орныққанын аңғарамыз.

Экономикалық дипломатия өзінің кең қолданысы және әсер ету әлеуеті («Ақылды» күш) арқылы елдің геосаяси орналасуы мен геэкономикалық ұмтылыстарын ескере отырып, жаһандық және аймақтық деңгейде ұлттық мүдделерді қорғау мен жүзеге асыруда маңызды рөл атқаруға қабілетті.

Қазақстан-француз қарым-қатынасында стратегиялық әріптестікке тұғырланған экономикалық дипломатияның орны ерекше. Ол екі ел арасында дипломатиялық және экономикалық тетіктерді икемді қолдану арқылы тиімді ынтымақтастық жүргізудің жақсы үлгісі болып отыр. Осы тұрғыда Француз Республикасының заман талаптарына жоғары бейімделу мен ептілік қабілетімен ерекшеленетін экономикалық дипломатия моделінің белгілі бір элементтері мемлекеттің қазіргі кезеңдегі даму басымдықтарын ескере отырып, қазақстандық контексте практикалық имплементациялау тұрғысынан қызығушылық тудырады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде төмендегідей **қорытындылар** жасалды:

1 Бүгінгі таңда ғылыми қоғамдастықтан да, саясаткерлер тарапынан да экономикалық дипломатияға үлкен назар аудару қажеттілігі мойындалып отыр. Экономикалық дипломатия мемлекеттерге өзгермелі халықаралық талаптарға сай жауап беруге мүмкіндік береді. Экономикалық мүдделер сыртқы саясаттағы мақсаттарға қол жеткізудегі іс-әрекеттердің алдыңғы қатарына шығып отыр.

Геоэкономика маңызының өсуі мен әлемдік саясатта дәстүрлі геосаясаттың ерекшеліктерінің сақталуы контекстінде экономикалық дипломатия сыртқы саясаттың әмбебап құралына айналды. Дипломатияның бұл түрі зор күштік қысым жасауға қауқарлы әлемнің ірі, алдыңғы қатарлы мемлекеттері үшін әрі өзінің сыртқы саясатында «жұмсақ» құрамбөліктерді пайдаланатын орташа және шағын мемлекеттер үшін де бірдей қолданымды. Осы контексте экономикалық дипломатия сыртқы саясатты жүргізудің тиімділігін қамтамасыз ететін «Ақылды» күш тұжырымының шоғырландырылған мәні болып табылады.

Зерттеу шеңберінде экономикалық дипломатияның авторлық ұғымы саяси және дипломатиялық құралдарды пайдалану арқылы экономикалық мақсаттарға жету үшін немесе экономикалық құралдарды пайдалана отырып, саяси мақсаттарға жету үшін халықаралық қатынастардың субъектілері жүзеге асыратын іс-шаралар жиынтығы ретінде беріледі.

Экономикалық дипломатияны мемлекеттің сыртқы саясатының құралы ретінде алға шығарудың басты себептерінің бірі жаһандану феномені болды. Бұл құбылыс ұлттық деңгейлерде саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени және басқа салаларға ықпал ететін жаһандық дамудың басты беталысы ретінде айқындалды.

Жаһандану процесі әлемде саясатты экономикаландыру және экономиканы саясаттандыру процестерінің күшейгендігі туралы тезисті растайды. Ол мемлекеттерге ХХІ ғасырдың талаптарына сай келетін құралдарды іздестіру бойынша міндеттер қойып отыр. Экономикалық дипломатия осындай құралдардың бірі ретінде қызмет атқарады.

Қазіргі таңда әр мемлекет өзінің ұлттық мүддесіне сәйкес келетін мақсаттар мен міндеттерді экономикалық дипломатияға жүктейді. Сонымен қатар оның тиімділігіне қатысты бірқатар ортақ талаптар анықталды:

- жаңа перспективалық нарықтарды жеңуге қабілетті экономикалық дипломатияны проактивті түрде жүргізу;
- үкіметтік және жеке акторлардың тығыз өзара іс-қимылынан тұратын үйлесімді институционалды жүйеге ие болу;
- дипломаттардың кәсіби деңгейі жоғары болу және нарықтық көзқарасқа бет бұру.

2 Экономикалық дипломатия біршама жаңа ғылыми құбылыс ретінде терең әрі жан-жақты теориялық және методологиялық зерттеуді талап етеді.

Пәнаралық сипаты мен экономика және саясаттың түйіскен жеріндегі экономикалық дипломатияның мән-мағынасы негізінен дәстүрлі неореализм мен неолиберализм сынды теориялық парадигмалар аясында зерттеледі, алайда жоғары маңызымен сипатталатын практикалық пайдалылықты басшылыққа алып, зерттеудің теориялық негізін халықаралық қатынастар аясында саясат пен экономиканың бірігуін зерделейтін геэкономика тұжырымы арқылы қаралды.

Экономикалық дипломатияны сыртқы саяси қызметтің осы түрімен қозғалатын пәндік шеңбері бойынша авторлық методологиялық карта арқылы зерттелді: ол қолдану ортасы мен негіздері тұрғысынан жалпы ғылыми (жүйелік, институционалдық әдістер) және арнайы тәсілдер (акторлық; деңгейлік (микро-, макро); құралдық (аспаптық); түрлілік (екіжақты, көп жақты, аймақтық және т.б.); салалық (сауда, коммерциялық, энергетикалық, қаржылық, көліктік, азық-түлік және т.б.) сияқты әдістер мен тәсілдерден тұрады.

3 Қазақстан Республикасы үшін экономикалық дипломатияны жүргізудің тиімді және ұтымды жолын табу мақсатында әлемдегі жетекші елдердің осы саладағы тәжірибесін зерттеу өзекті мәселе.

Француз Республикасы экономикалық дипломатия саласының негізін салушы және әлемдегі үздік елдердің қатарында маңызды орынға ие, «жұмсақ» және «қатаң» күштерді біріктіретін «Ақылды» күш тұжырымының әлеуетін толыққанды пайдаланатын бірден бір жетекші ел.

Француз экономикалық дипломатиясы өзіндік ерекшеліктерге де, жалпы әлемдік даму үрдісімен жымдасатын ортақ белгілерге де ие. Ол халықаралық қатынастарда сауданың рөлін айтарлықтай тұрақтандырудан бастап қазіргі ХХІ ғасырдағы экономикалық және саяси өзгерістерге төтеп беретін экономикалық дипломатияны қолдануға дейінгі дамудың бес кезеңінен өтті.

Бүгінгі таңда Франция француз дипломатиясының жаңа парадигмасы арқылы елдің қоры шектеулі болған жағдайда оны қаншалықты табысты қолданудың озық үлгісін көрсетіп отыр. Дипломатияның тап осы сегментіне үлкен көңіл бөлуі Парижге өзінің тарихында осы уақытқа дейін әлемде саяси және экономикалық көшбасшылардың бірі ретіндегі мәртебесін сақтап қалуға мүмкіндік береді.

Бесінші Республика оның ұтымды бір бөлігі экономикалық дипломатия болып табылатын «Ақылды күштің» әлемдік экономиканың тоқырауы мен күрделі әлемдік саяси ахуал жағдайында мемлекеттерді алға жылжыта алатынын көрсетіп отыр.

ХХІ ғасырдың басында ішкі және сыртқы экономикалық проблемалар мен өзіне тән халықаралық аренадағы «ұлылығы» (*grandeur*) мен «жарқылының» (*rayonnement*) біршама төмендеуіне тап болған Франция оларды еңсеру мақсатында экономикалық дипломатияның мүмкіндіктеріне жүгінді.

4 Экономикадағы ұрымтал проблемалар, атап айтқанда сауда теңгерімінің теріс көрсеткіштері мен экспорттық белсенділіктің төмендігі француз

дипломатиясын «революциялық» деп сипатталатын реформалауға түрткі болды.

Сыртқы істер министрі қызметін 2012-2016 жылдары атқарған Л.Фабиус мұрындық болған Бесінші Республиканың тарихында сыртқы саясаттың экономикалық құрамдас бөлігін күшейту тұрғысынан жүргізілген теңдессіз шаралар Сыртқы істер министрлігінің экономикалық дипломатия саласында жетекші және үйлестіруші мәртебесіне қайта ие болуына тікелей әсерін тигізді.

Осылайша, қайта құру шеңберінде бір-бірін өзара толықтыратын төрт басымдыққа қол жеткізу басты мақсат болып қойылды:

- француз экспортын қолдау мен дамыту;
- шетелдік инвестицияларды тарту;
- ұлттық экономикалық мүдделерді еуропалық және халықаралық реттеуші құрылымдар шеңберінде есепке алғызу;
- француз компанияларының, әсіресе стартаптардың, қарқынды дамуын көрсету.

Франция экономикалық дипломатиясының заманауи моделі қолданылған тәсілдерінің жаңашылдығымен және құралдарының толықтығымен, акторларының әртүрлілігімен, сондай-ақ ұлттық экономиканың қажеттіліктерін ескерген басымдықтарының нақтылығымен ерекшеленеді.

Экономикалық дипломатияны күшейту бойынша француз үкіметі әрекетінің нәтижелері айтарлықтай қысқа мерзім ішінде ұлттық экономикадағы проблемалардың тұтастай шешілуіне әкелмесе де, тікелей шетелдік инвестициялар тарту динамикасы, француз компанияларының шетелдік инвесторлармен жасасқан шарттарының саны мен құны, жұмыс орындарының өсуі мен ұлттық бизнес құрылымдарының сыртқы нарықтарға шығу көрсеткіштері арқылы олардың ауқаттылығы мен жүзеге асуының жоғары қабілетін қуаттайды.

5 Қазақстан Республикасында сыртқы саясатты экономикаландыру қажеттілігін алғашқы рет Тұңғыш Президент Н.Назарбаев 1995 жылы белгіледі. Кейінгі жылдары дипломатияның экономикалық тетігін арттыру стратегиялық міндеттердің бірі ретінде тұжырымдалып, Қазақстанның даму қарқынын, әлемдегі жетекші елдермен, көрші мемлекеттермен өзара тиімді және қауіпсіз қарым-қатынасын дамытуға, халықаралық ұйымдармен, интеграциялық бірлестіктермен тұрақты байланыстарды нығайтуға арналған сыртқы саяси құралдар жиынтығында пайдалы элемент ретінде орын алды.

Қазақстандық практикада «экономикалық дипломатия» ұғымы Қазақстан Республикасының 2014-2020 жылдарға арналған Сыртқы саясат тұжырымдасында саяси басымдықтар жүйесінде орнығып, концептуалдық тұрғыдан ел ішінде саяси және ғылыми айналымға енгізілді.

Қазақстан экономикалық дипломатиясының мақсаты мен міндеттерін концептуалдық құжаттар мен стратегиялық бағдарламаларды талдау негізінде бүгінгі күнгі басымдықтары мынадай болып тұжырымдалады: шетелдік инвестициялар мен жаңа технологияларды тарту; ұлттық экспортты сыртқы

нарықтарға шығару; халықаралық ынтымақтастық шеңберінде ұлттық экономикалық мүдделерді қорғау және дамыту.

Экономикалық дипломатия өзінің кең қолданысы және әсер ету қасиеті («Ақылды күш») арқылы Қазақстанның геосаяси орналасуы мен геоэкономикалық ұмтылыстарын ескере отырып, жаһандық және аймақтық деңгейлерде ұлттық мүдделерді қорғау мен жүзеге асыруға ықпал етуге қабілетті екендігімен айқындалды.

Зерттеу жүргізілген уақыт ішінде Сыртқы істер министрлігінің экономикалық дипломатиядағы рөлі теңдессіз артып, ведомство қызметі «шетелдегі бірінші байланыс тұлғадан» инвестициялар тарту саласында «мемлекеттік қызметті үйлестіруші» деңгейіне дейін көтерілді. Дегенмен, ол отандық өңделген тауарларды сыртқы нарықтарға шығару бөлігінде жетекшілігін ұстап қала алмай, тиісті функцияны сыртқы сауда және интеграция министрлігіне берді.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасының экономикалық дипломатиясының институционалдық іргетасы қаланды, басымдықтары айқындалды, құралдар мен тетіктер жиынтығы нақтыланып, қолданысқа енгізілуде. Алайда әлемдегі саясат пен экономикадағы үрдістерді есепке ала отырып, қазақстандық экономикалық дипломатия институционалды тұрғыда нығайту және оның акторлық құрамын кеңейту мен олардың ара қатынасын үйлестіру, құралдар мен тетіктерді оңтайландыру бөлігінде толыққанды ғылыми зерттеулер мен үздік әлемдік тәжірибе негізінде алдағы уақытта жетілдіруді талап етеді.

6 Француз Республикасы Еуропа елдерінің алғашқысы болып Қазақстан Республикасымен стратегиялық деңгейдегі серіктестік орнатты.

Франция еліміздің сегізінші экспорттық бағыты мен бесінші шетелдік инвесторы болып орнықты. Ол Ұлттық инвестициялық және экспорттық стратегиялар шеңберінде басымдық берілген мемлекеттер қатарына кіреді. Қазақстан өз кезегінде Францияның Орталық Азиядағы бірінші және ТМД елдерінің арасында төртінші сауда әріптесі болып табылады.

